

84(5ҚАЗ-ҚАЗ)6
К30

Жеңісхан КЕНЕСАРИН

Қапшағай
әңгімелері



Жеңісхан КЕНЕСАРИН

Қапшағай *әңгімелері*



«Төрт Бөрі» баспасы
Алматы, 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
К 28

Кенесарин Ж.
К 28 Қапшағай әңгімелері / Жеңісхан Кенесарин /
Алматы, «Төрт бөрі», 2014. — 104 бет.

ISBN 978-601-7337-11-7

Жеңісхан Кенесаринді қапшағайлық жастар ұлағатты ұстаз ретінде жақсы білсе, шығармашылық жұмыспен айналасып жүрген қауым Жекенді шағын әңгіменің шебері деп ілтипатпен тілге алады.

Ол — өмір жөніндегі толғаныстар, заман жайында, сондай-ақ адамгершілік хақында әңгімелер жазуға шебер.

Бүгінде әр әңгімелері қызықты оқиғаларға толы «Қапшағай әңгімелері» атты топтамасы оқырмандар назарына жол тартып отыр.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7337-11-7

© Кенесарин Жеңісхан, 2014
© «Төрт бөрі», 2014

Әңгімелер



ЖЕКПЕ-ЖЕК

Жаз аяғы. Таңғы күн сәулесінен түнде шөп бетіне қонған шық, сейіліп сай етегін бейне ақ жібек ормандай қылып көрсететін тұманға айналды. Ауада дымқыл шөп жер иісі сезіледі. Айдар таңертең ерте тұрып балдағын алып, біраз қыдырып жүрген. Тіпті жүгіруге әрекет жасағанмен аяғы ауырған соң қойған. Жерде жатқан тастарды алып жаттығу жасаған. Үйіне келгенде әкесі малды өріске айдап салып, шай ішуге дайындалып жатыр екен.

- Қарағым шешең шай қайнатып күтіп отыр.
- Иә әке қазір.
- Бүгін дәрігерге барасын ба?
- Иә.
- Онда Әлімжанның үйіне кіре сал.
- Міндетті түрде. Айдардың ауылы тас жол бойында. Үлкен қалада әрі-бері зуылдаған автобустар жиі өтеді. Осы ауылдағы он шақты үй жол бойында ұсақ сауда жасап күндерін көреді. Азына-аулық малдары бар. Осы ауылдағы жол бойындағы дүкен мен асхана Айдардікі. Аяғы сынбай тұрғанда жекпе-жекте тапқан ақшасына алған. Осы ауылдағы дәулетті үй Айдардікі. Айдар автобуска отырып қалаға қарай жол тартқанда күн биік көтерілген

еді. Жолдың екі жағы құм шағылдары тікенек шөп өскен. Одан әрі тақыр жерде шашырап жайылып жүрген малдар көрінеді. Бұл көрініс сырттай келген адамның көңілін құлазытып жіберетін болғанмен де Айдар үшін жер жүзінде ең ыстық көрініс. Мұнда өскен жұқалтаң тал құм бетіндегі сызат шөбі сараң өскен жазық Құм бетіне түскен адамның ізі назарынан тыс қалмайды.

Қыстың мол ылғалынан көк қаулай шығып кебір ойпаң жерде жауқызын гүлі шыққанда бейне жер бетінде сан мыңдаған қызыл қанатты көбелектер қалықтап ұшып жүргендей көрінеді. Еріксіз өзінің аяқ астынан кемтар болып осындай шарсыз жағдайға түскеніне мұңайды. Енді ғана денсаулықтан қымбат ештеңе жоқ екеніне көзі жетті. Ертеңінде ауруханаға барғанында естен кіре бере кісінің қолқасына атырарлықтай дәрі иісінен, арлы-берлі асығыс кетіп бар жатқан дәрігерлер мен медбикелерді көріп бойын жайсыз сезім баурап алды. Еріксіз есіне ақырғы жекпе-жекте талқысып құлап қалғанда, есіне айғайшулы көшемен бұлтсыз көк аспанмен, ағаштардың жасыл желек жапырақтарымен, түтінмен, күнге балқыған асвалт иісімен әлде-кімдердің даураға сөйлегені бәріненде мерт болып құлағынына жаны ауырды. Басында бәрі жақсы басталған болатын ол кезде Айдар кингбокстан құрама командасының мүшесі. Жиі шетелге жарысқа шығады. Табысыда жаман емес. Бірақ бәр пәле маңызды турнирде жеңілгенінен басталды. Оның үстіне салмағында керемат талантты жігіт шегеніп шықты. Айдардың келесі салмақтада жолы болмады. Оның үстіне жасы жиырма жетіге келді. Жаттықтырушылар арасында Айдардың спорт болашағына күмән келтіргендер көп болды.

— Кештеу шықтың. Әттең бес-алты жасты алып тас таса, — деді кейбіреулер.

— Біреудің таланты ерте білінеді ал енді біреуінікі кештеу білінеді, — деді біреулер.

— Оның рас бірақ жаттықтырушылар олай ойламайды ғой. Айдарды құрама командадан шығарып тастағанда тіпті жағдайы кетті. Пәтерден пәтер ауыстырды. Ақыры өзінің ауылдасы Жоламанның үйіне келді. Досы қаланың шет жағында жер үйде пәтерде тұратын.

— Мүмкін базарға барып жүк тасығың келмей ма? не спорт мектебіне барып жаттықтырушы бол. Айдар оның бұл ұсынысынан бас тартты. Келесі күні Жоламан жерден жеті қоян тапқандай жетіп келді.

— Саған тамаша ақшалы жұмыс таптым.

— Айта бер.

— Ақшалы байлар жекпе-жек ұйымдастырады екен. Ақшалы. Мен соны ұйымдастыратын жігітке жолықтым. Сен туралы айттым. Тіпті сенің жекпе-жегіңді көріпті. Ұнапсың. Қуана келесіп отыр. Бірінші жекпе-жекте жеңсең бес жүз доллар.

— Келісемін, — деді Айдар. Жаттығуды тастағанмен міндетті таңартең жүгіретін. Сонықтаңда спорттық бабын әлі жоғалта қойған жоқ.

— Жекпе-жек қашан деді Айдар.

— Осы сенбіде ұйымдастыратын жігіт өзі апарады. Жекпе-жек қаланың шет жағында бітпей қалған құрлыста өтетін. Биік бағананың арасынан екі-үш жеңіл машина жеңіл өтеді. Одан әрі түкпірде кең алаңқай бар екен. Жекпе-жек сол жерде өтеді екен. Айдар барғанда тұрған бес-алты жігіттерді көрді. Барлығы шаштарын сыпырып тастаған еңгезердей жігіттер. Салмағың қанша деді танысқан соң орталарында Бекен деген жігіт.

— Жетпіс бес.

— Аздап қосуыңа болады бізде салмаққа қарамайды. Алдында жүз киллограмдық жігіт салмағы жетпіс киллограмдық жігітпен төбелесті.

— Түсіндім.

— Жарақат алсаң біз жауап бермейміз және жекпе-жекке себепсіз келмей қалсаң айып пұл төлейсің.

— Келістім.

— Ал бүгінгі қарсыласың анау тұрған жігіт деп ұзын бойлы кавказ өңді түксүйген қабақты жігіт.

— Қашан бастаймыз, — деді Айдар.

— Асықпа бес минут қалғанда келеді қыздырына беруіңе болады. Айтқандай жарыс басталар алдында жан-жақтан зуылдаған машиналар келді. Іштерінен шыққан қыз-жігіттер тіпті егде тартқан кісілер де бар. Ауада кісінің қолқасын атырарлық бинзин мен шаң иісі сезіледі. Олар тұрған жер бос кеңістік болғандықтан дыбыстар жаңғы-

рып естіледі. Шешін деді Бекен. Кавказ жігіті өзінен анағұрлым биік денелі түрі сық сұсты. Айдарды жермен жексен еткісі келгендей қолын сермеп қояды. Мүмкін қыздырынғысы келген шығар. Төреші ысқырды. Айдар үш минутта қарсыласын ұрып жықты. Моладец деп Бекен бес жүз доллар сыйақысын ұсынды.

— Айттым ғой саған ақшылы жұмыс таптым деп қуанған Жоламан. Бір жылда әке-шешесіне дүкен мен асхана сатып алып берді. Жақсы пәтер жалдап тұрды. Бірақ іштей өзінің бұл тіршілігінің ұзаққа созылмайтынын сезді. Өзін бұрынғыдай спорттық бапта ұстау қиындай түсті. Салмаққа салмақ қосты. Оның есесіне жылдамдығы азайды. Бірақ соққысы жойқын болды. Бастапқы кездерде қарсылас шыдатпады. Кейіннен бір жекпе-жегіндегі жеңісі үшін бес мың долларға дейін көбейді. Айдармен төбелесу үшін басқа қаладан жігіттер келе бастады. Оларды жеңу қиындай түсті. Ірілі ұсақ жарақат алып емделуге тура келді. Саусағын шығарды, басын жарды, мұрнын сындырды, ақыры аяғын сындырып тынды..... Айдарды өзінің таныс дәрігері қарап:

— Жараң өте жақсы бітіп келеді. Бір айдан кейін гипсты алып тастауға болады. Бәрі жақсы болады. Айдар ауруханадан көңілді шықты. Оған аспан ашық ағаш бұтағын термеген жел бетін аймалады. Өзі ғана емес өзге адамда шат-шатыман көңіл-күйде болғандай көрінді. Бірақ ырду шуы көп қаладан көңілі қалғандай, тезірек кетіп қалуға тырысты. Автобус қала сыртына шыққанда көңілі жайланып сала берді. Жететін жеріне асықпады. Енді ғана айналасына өмір құбылаыстарын асықпай байқауға мүмкіндік алғандай сезінеді. Қала үйлері көзден таса болғанда көк жиегінде адам қиялына желіп беретін шарпы бұлттар пайда болды.

II

Автобус қала көшені артқа тастап енді жылдамдығын өсіре бергенде жолдың шетінде қолдарын көтерген екі жігіт көрінді. Көздеріне қара көз әйнек киген. Екеуіде еңгезеулі денелі. Автобус сәл ұзап барып тоқтады.

— Братан рахмет, — деді ұзын бойлысы. Автобуста бос орын болсада екеуі отыруға асықпады. Ұзын бойлысы

автобус ішінде отырғандарды көзімен мұқият шолып өтті. Соңғы қала үйлері алыста қалды енді жол құм шағылдардың арасымен жүрді. Айдарды бала кезінен жолаушылап жүргенде бойын адам айтпас тәтті сезім баурап алатын. Бір-екі күн кетседе өз ауылын ата-анасын құрбы-жолдастарын, тіпті өзін көргенде арсалаңдап бас салатын итіне дейін сағынатын. Малдар қазір жайылымда шығар. Шешесі түскі тамақтың қамымен жүрген шығар. Өзінің қарны ашқанын енді ғана сезді. Сол кезде тосын дыбыс естілді. Ұзын бойлы қара жігіттің қолында тапанша.

— Тынышталыңдар. Біздің айтқанымызды істесеңдер ешқайсыларыңа тимейміз. Ақшаларыңды бағалы заттарыңды досымның бас киіміне тыстайсыңдар. Даусы нық. Ешқандай қобалжу табы сезілмейді. Босағадағы отырған жігіт аз маз кірбекіктебеді жолдасы тұмсығынан бір перді. Мұрнынан қан бұрқ ете түсті.

— Ойыншық тапанша деп ойласаңдар деп жоғары қарай атып қалды. Автобустың төбесінде тесік пайда болды. Балалар жылап, әйелдер шулап автобус іші азан-қазан болып кетті.

— Жабыңдар ауыздарыңды. Ақшаларыңды сақинаны жүзік бәрін тастаңдар. Ей деді жүргізушіге. 70 шақырымда солға бұрыласың.

— Сенен бастаймыз деді таяқ жеген жігітке. Ол қалтасынан әмиәнін алып тастады. Оның жанында отырған қызға бас киімін төседі.

— Ағай деді жалынышты дауыспен.

— Жап аузыңды қаншық сақина жүзгіңді таста. Қыз аздап кірбектеп қалып еді ақша жинаған жігіт сақинасын жұлқылап жұлып алды.

— Ой ауыртыңыз ғой. Ақша жинаған жігіт жағынан бір тартты.

— Өзің адамша айтқанда түсінбейсің ғой. Енді отырған жолаушылар бұл жігіттердің ештеңеден тайынбайтынын сезді. Оны тіпті жылаған балаларға дейін түсінген болу керек. Ең артқы орындықта отырған Айдарда түсінді. Басына сан алуан жоспарлар, бейне бір өшіп-жанған шамның жарығындай тез пайда болып тез өшті. Өзі-өзін бейне маңызды жекпе-жекке шығар алдындай дене-

сін жинақы ұстады. Егер сынған аяғы болмағанда бағана айқасар еді. Амалсыз мысы құрыған менде жігіттік намыс жібермейтінін біледі. Автобусқа отырғандарды көзімен шолып өтті. Көпшілігі қатын-қалаш балалар. Егер төбелесе қалса өзіне көмектесер дау деген еркектерге назар салды. Алдыңғы жақта ортаңғы орындықта денелі тойынған кісі отырды. Мұндай адамдар өзінің жан тыныштығынан басқаны ойламайды. Одан сәл әрірек ақсақал отырды. Ол ақыл айтып бетін соққыға төсегеннен басқа ештеңе бітіре қоймас. Тек босаға жақтағы таяқ жеген жігіттен көмек күтуге болады. Айдар бұған дейін өз басына зорлық-зомбылықпен бетпе-бет кездескен емес. Айдар қару кезеніп тұрған жігітке қарап оның ештеңеден тайынбайтынына көзі анық жетті. Нар тәуекелге бармаса болмайды. Есіне еріксіз өзінің құрама командадағы жолдасы Еркін түсті. Кешкі клубқа барғанда жәбірленген қызға көмектесем дегенде бұзақы атып кеткен. Жаңағы сәтте бойын билеген тәтті ойлар леп-лезде сейілді. Автобус құм-шағылдардың арасымен зымырап келеді. Көк жиегін қалаң бұлт торлай бастаған. Тәрізі құмды боран соғып жатқан сияқты. Айдарға ақша жинаған жігіт жақындап қалды. Қалпағына түскен ақшаны қалтасына сүңгітеді. Жұрт өзінің бейшара мүсәпір қалпын мойындаған сияқты. Қорыққандарынан ешкім дыбыс шығармады. Қарақшының қалпағына жүзік сырғаларын және бағалы заттарын тастап жатыр. Ақша жинаған жігіттерде сасу деген жоқ. Қимылына қарап өмір бойы халықтың қалтасынан ақша тонаған адамға ұқсайды. Айдар жігіттің әр қимылын бағып отыр. Аяғын ептеп басып анда санда жан-жағына ұрлана қарайды. Тіпті осы автобуста не ойлап қандай жоспар құрғанын сезіп тұрған сияқты. Жүрісі ұрлықшы мысық сияқты дым сақ. Айдар жігіт өзіне жақындаған сайын сын сағат тақалғанын сезді. Тіпті демалысы жиілеп үсті басын тер басты. Бағанағыдай емес автобус ішінде тыныштық орнаған. Тек маторының гуілдеген даусы естіледі. Босаға жақтаға жігіт тапаншасын ұстап жолаушыларды бағып отыр. Сол кезде ақша жинаған жігіт айдарға жақындаған болатын. Айдар босаға жақтағы таяқ жеген жігітке қарады. Ол да Айдар жаққа қарап отыр екен. Мұрны ісіп кеткен. Жейдесінде қан дақтары көрінеді.

Айдар белегі беліп көзін қысты. Ақша жинап жүрген жігіт тіпті сосын байқап қалды.

— Ей ақсақ көтіңді қыс.

— Ей не болып қалды, — деді тапанша ұстаған жігіт. Мынау ақсақ біреуге көзін қысып отыр.

— Айырсаңшы.

— Қазір. Сол сәтте Айдар сынған аяғына салмағын түсіріп, сау аяғымен ақша жинаған жігіттің иығының астынан тепті. Сондай жылдамдықпен тиген соққыны көпшілік жұрт байқай алмай қалды. Жігіт дыбыссыз сылқ етіп құлады. Айдар оның есін жиғызбай жерде жатқанда бастан тағы бір тепті. Сол сәтте босаға жақтағы жігіт тапанша кезеніп атып қалды. Бірақ босаға жақтағы таяқ жегнен жігіт қолын қағып қалды. Оқ жоғары кетті. Атылған мылтықтан дауысын естіп отырған жұрт азан-қазан болып шулап кетті. Сол сәтте шофер автобусты тез тежей қойды. Тапанша ұстап тұрған жігіт тепе-теңдігін жоғалтып ек бетінен құлады. Тапаншасы қолынан түсіп қалды. Сол мезгілде босаға жақтағы таяқ жеген жігіт үстіне бас салып мінді. Бірақ жігіт әлді екен. Астынан шытылып шығып жерде жатқан тапаншасына қол созды. Айдар қолын балдағымен қатты соққандығы сондай тәрізді сүйегі сынған болу керек жігіт өкіріп жіберді.

— Атам барлығыңды қырып жоям. Айдар сол сәтте тақап келіп аузынан бір тепіті. Қан бұрқ ете түсті. Автобуста отырған жігіт жұрт екі жігітті сыртқа сүйретіп алып шығып айыздары қанғанша сабады. Айдар араша түспеді. Автобуста отырған қыз келіншіктер келіп құшақтап бетінен сүйіп жатыр.

— Ой қарағым жолың болсын.

— Рахмет.

— Үй сатқан ақшамнан айырылдым ғой деп ойлап едім деді. — егде тартқан әйел жыламсырап.

— Ой ағай біздің айылға келіп кетіңіз деді бағана шапалақ жеп қалған қыз. Қыз айдарға ұнаған еді.

— Адресіңізді беріңіз кіріп шығам, — деді Айдар күлімсіреп. Сол кезде олардың жанына жол полициясының машинасы келіп тоқтады.

— Не болып қалды деді машинадан түскен полиция капитаны едірендеп.

— Бізді тонаған қарақшылар деді тұрған әйелдер жамырай сөйлеп.

— Тұра тұрындар түк түсінген жоқпын. Мына жігіттерді өлімше етіп кім сабаған деді жол капитаны содан әрі әкіреңдей сөйлеп.

— Қарағым ақ пен қараны біліп алмай не деп тұрсың. Олар кісі тонады. Мына жігіт болмағанда кісі өліміде болар еді деді, — сатқан үйінің ақшасынан айырылып қала жаздаған апай.

— Мына еңгезердей жігіттерді ақсақ сабады дегенге кім сенеді деді семіз капитан. Полиция әр қайсынан түсініктеме тұрған жерлерінің адрестерін алып, бұзықтарды алып кеткенде күн көк жиегіне батуға бет алған еді. Аспандағы бұлттар ыдырай бастаған. Айдар ауылға келгенде кеш қараңғылығы маңайды тұмшалап алған еді. Айдар үйінің жанында қараңдап жүрген әкесін көрді.

ТОПАС ОРТА

Күздің суық жаңбыр тамшы терезеден ұрғылап, суық өтімді жел ағаш жапырақтарын сырып аспандағы бұлттар тұрақтай алмай жөңкіле көшіп барады. Қадырқұл неге екенін білмейді осындай күнде туган қаласын есіне түсіреді. Мұндай күнде ұзын көше қаңырап, бос жатады. Күзгі науқаннан кейін жұрттың біраз тыныстаған кезі қала сыртындағы тау қыраттары көзге бұлынғырланып көрінеді. Таңертең төсегінен кеш тұрған адамның көңілін мұң жайлап алады. Бүгінгі өмірді сырттай қарағанда қозғалыс арпалыста болғанмен де егер терең үңіліп қарасаң адамға берері аз күйбең тіршілік. Осындайда әлде қандай көңілсіз ой адамды баурап алады. Кейде көңіл күйінде әлде кімге ешқашан жібімейтіндей болған өкпең жоғалып, тіпті өзіңнің сың көзбен қарайсын. Кей күндері түнімен ұйықтай алмай шығатын кездерің болады. Өзіңді шырмаған ой қырсауынан қалай құтыларыңды білмейсің. Күз аяғы суып жер көк тайғаққа айланады. Мұндай күндері тоңқалаң асып құлап жатқан адамдарды көруге болады.

Оны көрген балалар мәз мейрам болып күледі. Күздің суық күндерінен кейін жерге мамық қар жайып, ызғарлы қыстың күні келеді. Күн ашық болса үйдің мұржаларынан тік көтеріледі. Қадырқұл биыл туған қаласына барып бой жазып келмек болды. Сол кезде ойда жоқта өзінің сыныптас жолдасы Жекетай үйіне келе қалды. Астанаға келген сайын өзіне соқпай кетпейді екеуі түн ортасына дейін ұйықтамай әңгімелеседі.

— Айта бер деді әңгіменді деді, — Қадырқұл.

— Не айтамын біздікі тоқыраған тұрмыс тіршілік. Күндіз мен тұратын көше қаңырап бос жатады. Барлық жылы жұмсақ жерді тамыр таныстары отырған дарынсыздар. Ал қолынан іс келетін жігіттер көше қаңғып жұмыссыз арақ ішіп жүр. Несін айтасын топас ортадағы тіршілік. Жекетай келген сайын Астанадағы тұрмыс-тіршілікті, жаңалықты бар зейінімен тыңдайтын, кітап дүкеніне соғатын, театрға баратын қайтқанда үйіне көңіл-күйі көтеріліп қайтатын.

— Ту серігіп қалдым ғой дейтін кетерінде. Қадырқұл Жекетайды қимас көңілмен шығарып салатын. Еріксіз шалғай жердегі тұрмыс тіршілікті көз алдына елестетуге тырысатын. Бір-біріне ұқсас адамды топастандырып жіберетін уақыт легі адам бір шаруа бітіргісі келеді артынан жұрт айтатындай іс тындырғысы келеді бірақ бақталас пен күндестік қол байлаулы болары сөзсіз. Соңғы жылдары досының жүзін тым ерте әжім шалғанын байқады. Бұрынғы сөзін қайталап айтып тұнжыранқы ойға кететін болған.

— Әбден қажыдым деді досы шаршаңқы дауыспен. Бұрынғыдай емес елгезектігін жоғалтып алған сияқты.

— Демалып жата тұрмадың ба, — деді Қадырқұл.

— Жоқ қайтуым керек малға шөп, балаларға азық-түлік дегендей.

— Онда жолың болсын. Осы жолы осының әбден қажып шаршағанын сезді. Бұл кезде өзіде үлкен қаланың беймаза тіршілігінен қажығу көре бастаған болатын. Соңғы кезде қызметінде сәтсіздікке ұшыраған бойында бұрынғы қайрат жоқ. Тіпті талпыныста жоқ. Өзгелерді итеріп езеуреп барып енді дегеніме жеттім дегенде денсаулығы сыр бере бастады. Өзімен-өзі болғанда сары уайымға бой бере бастаған осындай кезде өзінің туған қаласына барып бой жазып серігіп алғысы келді.

Қыстың басы болатын. Күн аязды. Жұрт соғымдарын соя бастаған. Жекетай Қадырқұлды қуанышты жүзбен арсалаңдай карсалды.

— Келегенің жақсы болды. Бастапқыда бәрі өз ойлағанындай болды. Жора-жолдас таныс-туыстары кезепен кезек қонаққа шақырды. Дастарқан басында әңгіме-дүкен айтылып өткен өмірді естеріне түсірді. Бірде Жекетайсыз бір танысының үйінде қонақта отырған. Бұл жақтың бір сырынды толасыз соғатын боранның дыбысы естіліп тұрған. Қадырқұл қалада жүргенде осындай боранды күні жылы пештің түбінде отырып алып әңгіме-дүкенді құрып отырғанды армандай есіне түсіретін еді. Шақырған үй иесі Тоқтар көп сөйлемейтін біртоға жігіт болатын. Жекетай неге келмеді теді Тоқтарқан ішіп кетті деді, дастарқан басында отырған біреу.

— Онысы несі.

— Бір бастаса жұма бойы тоқтамай жатып алып ішеді.

— Апырай онысын байқамадым, — деді Қадырқұл

— Жұмыс істеп жарытпады. Әр нәрсенің басын шалды. Көп сөзді. Бәрін топас орта деп елден көреді. Әйтпесе бізде аптал талай іскер азаматтар бар емес пе.

— Оның рас. Қадырқұл Жекетайды бірнеше күннен кейін көрді. Өзін көре сала:

— Досым елге келіп мауқымыңды бастың ба? Дос жарандарымен сөйлесіп айызың қандыма? Көрмеймісің топас орта ...

ТЕЛЕФОНДАҒЫ ДАУЫС

Қыс аяғы. Бірақ аяз сағы әлі сына қойған жоқ. Күндіз қар ерігенмен кешке таман жер көктайғақтанып кетеді. Тау шыңындағы қар азайған жоқ. Жақып Ардаққа ұялы телефон соққанда ешкім алмады. Оның бір жерде отырғанын білді. Ардақта екі ұялы телефон бар: бірі үй ішіне жақын туыстарына арналған, екіншісі өзінің істес таныстарына. Жақып екіншісіне телефон соққан. Тек біраздан кейін Ардақ өзіне телефон соқты.

– Ардақ келістім ертең барамыз деді Жақып.

– Жарайды Жаке.

– Өзің қайда отырсың.

– Жаке кездескенде айтамын. Жақып Ардақты көптен біледі. Ол кезде ұялы телефонның жаңа шыққан кезі. Жұрттың арғы заманына аздап бейімделе бастаған. Ардақ өте сенімді болғандықтан біраз шаруа тындырған. Әрине ақшалы болғандықтан ресторан кафеге жиі баратын. Ардақ тартынып ішу дегенді білмейді аямай сілтейді. Істері жақсы жүрген сайын таныстарыда көбейе түсті. Ал пайда түскен сайын жууда жиелей түсті. Басында Жақып оспай болу керек шығар деп мән бермей жүрген. Бірақ кейін істің насырға шабатынына сенімі молая түсті. Ардақ ішіп алып машина айдап талай рет қомақты айыппұл төлеуіне тура келді. Ақшалы бұл ештеңе емес, бірақ жол апатында мерт болып кетсе қайтеді.

– Ардақ байқап жүрсеңші.

– Жеке қорықпа қатырамын.

– Бірде жол шетіне шығып кетіп аударылсаң қайтесің.

– Жаке қорқып қалғанбысың.

– Жоқ құдай айтады ғой сақтасаң сақтаймын деп. Басында жақсы жүрген бизнес келе-келе тоқырай бастады. Ардаққа ұялы телефон соққанда ішіп алғанын білуге болар еді.

– Жек... .. Жеке дейді. Енді Жақып жаңа тәсіл тапты. Ұялы телефон соғады онда Ардақтың тілі күрмеліп сөйлесе сөзін арғарай жалғастырмай телефонды өшіре салады. Ардақ жиі ішкендіктен ара-қатынастары суи түсті. Жақып өзіне басқа көмекшілер тапты. Бірақ көңіл түкпірінде Ардақтың бір пәлеге ұшырайтынына сенімі мол еді. Бірге жүргенде ішпе деп айтып көргем.

– Жеке маған ақыл айтатындай жас бала емеспін ғой.

– Онда өзің білесің. Сонан соң байланыстары мүлде үзілді десе болғандай. Бұл кезде талай адамдар байып, кейбіреулері банкрот болып тіпті қайғысына шыдай алмағандар асылып өлгендерде болды. Қаншама адамдар қарызға белшесінен батты. Талай отбасы қиыншылыққа шыдай алмай жанұясы бытшыт шығып, ішіп кетіп бұрал-

қиттей қаңғып өлді. Жақып өзінің тәжірбиелі іскерлегінің арқасында біршама қомданып алды. Арада біраз уақыттан кейін Ардақ көлік апатына түсіп қалып ауруханада жатыр деп естіді. Жақып әні-міні барам деп уақыт таба алмай қойды. Жаздың аяғында тағы біреуден үйінде жұмыссыз жатыр әйелі баласын ертіп төркінен кетіп қалды деп естіді. Демалыс күні болатын. Жауынан кейін ауада жер иісі аңқып тұрған. Ағаштар мезгілімен бұрын жапырақ тастай бастаған. Алыстан келе жатқан қыстың хабаршысындай түн суытып, шөпке шық моншақтар қона бастаған. Әр адамның басында күйбең тіршіліктен бір сәт болсада көтеріліп айналасындағы болып жатқан өмір құбылыстарына ойлана қарағысы келеді. Көк аспан, анау биікте қалықтап жүрген шарпы бұлттар жерде кілем үстіне өрнектей болып түскен жапырақтарды көріп еріксіз адам аяғы баспайтын оңаша жерге барып тыныстағың келеді. Осы өмірде болмашы нәрсеге жету үшін тыраштанасың келіп бірақ одан мән мағына барма. Ардақтың үйін білетін. Бірақ ішінен бейтаныс адам шықты. Кімге келіп едің қарағым деді.

— Бұл үйде Ардақ деген жігіт тұрып еді.

— Иә тұрған. Бізге сатқан. Өзі біреуді көлігімен қағып кетіп істі бола жаздаған. Әйтеуір басы аман. жұрттың айтуына қарағанда ішіп кетті.

— Қазір қайда тұратынын білесіз бе?

— Иә білемін анау тау етегінде. Сұрастырып жүріп тауып аласың. Жақып Ардақтың үйін тез тапты. Бір таңғалғаны өзінің келетінін білгендей есік алдын да тұр екен. Өзін көріп туған ағасы келгендей қуанды.

— Жәке сізді есіме жиі түсіремін.

— Ал мен сені өзім іздеп келдім. Түрі ішетін адамға ұқсамайды. Киімі таза, қимылы ширақ.

— Айтпай-ақ қой шет жағын естідім Жақып.

— Естігендеріңнің бәрі рас. Сол күні әйелі баласын алып төркіне тайып тұрған.

— Онысы дұрыс емес деді Жақып.

— Мүмкін дүкенге барып бір жартылық алып келейін.

— Жоқ, қажеті жоқ арақты тастағалы жарты жылдан асып кетті.

— Оның дұрыс болған.

— Ауруханадан шыққаннан кейін тастағам.

— Аяғымды біраз сылақып басам. Үй мүліктің бәрін қағып кеткен адамның құлқынына құйдым. Одан қалғанын әйеліме бердім.

— Үйіңнің тұрған жері жақсы екен деді әңгімені басқа арнаға бұрып. Олар сөйлесіп біраз ұзап кетті. Күн биік көтерілген сайын тау шыңы аласара түскен сияқты. Айналада сарғыш түс басым. Олар еріксіз өткен күнді сағынышпен еске түсірді. Ол кез темір бұғаудан босап әркімнің өзін еркін сезінген кезі. Кейбірулер нақұрыс-басықытардан құтылып өзін бостандықтың дәмін сезген шақ. Не істеймін десең өзің білесің. Бірақ біреудің айдауымен өмір сүріп үйреніп қалғандарға қиын болғаны сөзсіз. Олардың кейбіреулері өзін толқын жағаға лақтырып тастаған балықтай сезінді. Мұндай күні өткен өмірдің қиыншылығының қызық сияқты болып көрінеді.

— Жәке қапшағайдан балық алып келе жатып жолда машина бұзылып сасытып алғанымыз.

— Есімде ақырғы ақшамызға алып едік қой. Оның есесіне бір күні табысымызды үш күн тойлағанымыз. Асханадан тамақ ішіп есеп айырысайық десек көк тиын қалмапты. Мен кешідікке төлқұжатымды тастап кеткенмін.

— Жәке есінде ме? Базардағы төбелес.

— Иә есімде. Бұл әңгіме айта берсең таусылмайды ғой. Мен саған ұсыныспен келдім. Маған көмекші бол. Әлі-ақ көтеріліп кетерсің.

— Қуана-қуана келсемін деді Ардақ. Сол күннен бастап міне екі жылдай бірге істеп жүр.

СЫЛТАУ

Күздің басында Әділ жұмыстан шығуға шешім қабылдады. Таңертең аспанды қара шұбар бұлт торлаған. Тәрізі түске таман жауын жауатын шығар. Ауа салқын. Көк жиегін қалың бұлт басқандықтан маңай күңгірт тартқан. Тратуар шетінде үйілген ағаш жапырақтары көрінеді. Әділ үйден шыққанда көңілінде жайсыз сезімге ұқсас бірдеңе бар. Бұрын жұмысқа барған да жүрісі шабан ақырын асықпай жүретін. Бүгінгі аяқ алысы тым екпінді. Өйткені қалтасында жұмыстан шығатын арыз бар. Бұл жерде істегеніне көп болған жоқ. Бар жоғы жарты жылдай. Бірақ нақұрыс бастығының ісіне зығырданы қайнағаны сондай, еріксіз жұмыстан шығу туралы шешім қабылдады. Әрине қазір жұмыссыздық жайлаған заманда бұл шешімді қабылдау оңайға түскен жоқ. Аяғын одан сайын ширағырақ басты. Тіпті желе жортып кетті. Далада біраздан соң жауын жауа бастады. Ауада шіріген жапырақтың иісі сезілді. Қолшатырын алып шықпағандықтан лезде үсті-басы малмандай су болды. Дәл қазір дүниенің кілтін өзі ұстап отырғандай, бетіне сідігі шығып сызданған бастығын көрер. Барлық жылы-жұмсақ жерде отырған өзінің жақын туыстары мен таныстары. Көбінің кәсіби деңгейі сың көтермейді. Солар қолынан іс келетін талай жігіттерді жұмыстан шығарып жіберді. Кейде күнде жұмысқа келгенде жеркенішке ұқсас жайсыз сезім бойын баурап алады. Нервы жүкесінің жұқарғаны сондай тіпті ашуланшақ болып кетті. Болар болмас нәрсеге дыз ете түседі. Үйіне шаршап, құр сүлдері келеді. Сөздің шыны керек өзінің де құйрығынан бір теуіп қуып шығатын күні алыс емес екендігін сезеді.

— Шаршап жүрсің ғой деді әйелі жұмыстан келгенде.... Ертеңінде бәрі қайтадан басталды. Бірнеше рет арыз жазып шығуға оқталғанмен батылы бармады. Бара-бара бұл жерде бұдан былай істей алмайтынына көзі жеткенде әйеліне айтуға бел шешті. Күздің суық жауынды күні тұрған. Әлі жылу берілмегендіктен үй іші салқын. Әдетте осындай маңызды шешім қабылдар алдында, ерік күшін жинап алатын.

— Сағираш саған бір жағымсыз жаңалық айтқалы тұрмын-деді міңгірлеп дәл өзі бір кінәлі адамдай.

— Жұмыста бірдеңе болып қалды ма? — деді әйелі.

— Иә.

— Бастықпен ұрсысып қалдың ба?

— Жоқ, қалай айтсам екен. Тіпті саған айтпай қойсамда болар едім деп сөзін жұтып қойды.

— Айтсаңшы, кісі өлтірген жоқ шығарсың?

— Сондада жайсыз жағдай тіпті айтуға ұят деді Әділ.

— Ұял ма құлағым сенде. Әділ әденеге алығандай кейіп берді де.

— Сен мені жақсылап тыңда жаман ойлап қалма. Менімен бастығымның байдан шыққан балдызы істейді.

— Онда тұрған не бар, менімен істеген әйелдердің жартысының байлары жоқ.

— Дұрыс айтсың, бірақ мәселе басқада болып тұр ғой. Осы жұмысқа кіргелі балдызы мені жағалап маза бермей жүр.

— Неге — деді әйелінің бет жүзі өзгеріп сала берді. Мұндай кейіп жүз мың теңгесін ұрлатып алғанда болған еді.

— Мені ұнатып қалған сияқты деді Әділ міңгірлеген дауыспен.

— Мәссаған көрсетші маған ол қаншықты екі көзін шұқып алайын.

— Сабыр сақта Сағираш оданда сорақысын айтайын.

— Айта бер.

— Екеуміз шетелге командировкаға баруымыз керек. Және бір қонақ үйде, бір бөлмеде жатуымыз керек.

— Бармайсың, — деді әйелі кесіп айтып.

— Онда жұмыстан шығарады.

— Шығарса шығара берсін.

— Айтқаның болсын деді Әділ қуанышты дауыспен. Ертеңінде көтеріңкі көңіл күймен оянды өзіне-өзі дән риза болды. Бастығының балдызы өзімен бірге істейтіні рас. Ал басқасын өзі ойлап шығарған болатын. Арызына қол қойғызып далаға шыққанда жауын басылыпты. Күн сәулесі бұлт арасынан сығалды. Біраз жылығандай болды. Көшеде жүрген кісілер көбейген. Әділ зор шаруа бітіргендей жан-жағына күлімсірей қарады.

ШІРІГЕН БҰТАҚ

Таңға жуық есік алдына шыққан адамды екпін жел ұшырып түсіретіндей күші бар. Бозғылттанып келе жатқан көкжиегінен бұлт жыртындысы көрінеді. Кеше қардың ерінді суы түнде қатып жылтыраған мұзға айналған. Үстінен жүрген адамның аяқ астында салмағына шыдай алмай қытырлап сынады. Көкжиек бозғылттанғанмен де маңай әлі күңгірт. Күн сенбі болғандықтан жұрт шыр ұйқыда жатыр. Үйлердің сұлберлері әзер көрінеді. Биік ағаштар қатты желдің екпінімен тербеледі. Шірік бұтақтары сынып жерге түскен. Тіпті иттерде үйшіктеріне тығылып алып дыбыстарын шығармайды. Самат сенекке шығып есігін ашып ызындаған желдің дыбысын тыңдап біраз тұрды. Жеңілдеу киініп шыққандықтан көктемнің басындағы қара суық желден жаурап тоңып сала берді. Есігін жапқанмен де жел болар-болмас саңылаудан ішке қарай еңтеле ұмтылады. Самат қайта келіп төсегіне келіп жатқанмен де ұйқысы келмеді. Осы күн ұясына шыққанға дейін кірпік қақпай төсегінде жатты да қойды. Тіпті әліде жата берермеді? Есікті біреу қақпағанда. Ашқанда келіп тұрған Қанатты көрді.

— Әлі ұйықтап жатырмысың?

— Жоқ бағана оянғанмын.

— Желдің соғысынай.

— Айтпа. Самат Қанаттың келгеніне қуанып қалды. Жол апатынан кейін әйелі баласы қызы қайтыс болғаннан кейін өзіне жиі келгіштеп жүретін Қанат болатын.

— Үйің аңырап кетіпті ғой деді қолып уқалап.

— Қазір пеш жағам.

— Сөйт мен бой жұтатын әкелдім. Азынай соққан желден пештегі от леп-лезде тұтанды. Қанат бөтелкедегі арақты үлкен қырлы стаканның ортасына дейін құйды.

— Алып қойайық деді Қанат стаканын көтеріп. Саматқа осы күні қанттан басқа өзіне жаны ашитын адам жоқтай болып көрінеді. Күнде өзінің жағдайын білуге келіп кетеді. Ұзақ сөйлеседі. Тіпті ақыл кеңес береді.

— Түнімен жаурап шыққан шығарсың деді жаны аши қарап.

- Жоқ екі көрпе жамылдым.
- Түрің бозарыңқы сенбесең айнаға қара.
- Е сенде айтасың-ау қай жетіскендіктен айнаға қараймын.
- Оның рас. Бірақ ес жиіп өз-өзіңе келгенің дұрыс. Қанат бөтелкеде қалған арақты екі стаканға бөліп құйды.
- Алып қойайық. Біраздан кейін үй ішіне мол күн сәулесі құйылды. Пештен жылу шарпыды. Саматтың бетіне қызғылт қан жүгірді.
- Мүмкін тағы бір жартылық алып келейін деді Қанат.
- Жоқ, жоқ болады. Әңгімелері осы кішкентай қаланың тұрғындары туралы болды.
- Бай тастың арақты қойғанына бір айдай большты. Жаңа саған келе жатқанда көрдім. Қалтамдағы арақты байқап қалды.
- Жалғысырап жүрген шығар.
- Жалғысырағанда қандай. Самат ауыр күрсініп қойды. Бұл жайт өз басындада бар. Әйелімен екі баласымен жол апатында қайтыс болғанмен еш нәрсеге көңілі соқпайды. Тек иленіп жата береді. Терезеден сынғалы тұрған ағаш бұтағы көрінді.
- Әкелсең әкел деді Самат.
- Бағанадан бері солай демеймісің. Екінші жартылықты ішіп болғанда екеуіде масая бастады. Бірақ Қанат әлі тың. Өйткені стакандағы арақты ішкен сайын түбінде қалдырады. Жан ашығаншып жорта сөйлейді. Өтірік кеңкілдей күледі. Сөзінен іс-қимылынан шеберлігі шыңдалған алаяқ екені сезіледі. Не айтсада мән мағына береді. Біраздан кейін саматтың көзі жасаурап жыламсырай бастайтынын біледі. Сондықтан Қанат тезірек кетіп қалуға тырысты.
- Менің тығыз шаруам бар еді. Әлгі өзің білесің ар жағын айтпай-ақ қойайын. Айтпақшы есік алдындағы кірпіштерді алайынба?
- Ала бер.
- Онда кеттім іштен іліп ал.
- Жарайды. Қанат Саматтың үйінен шыққанда күлімсіреп қолын уқалады. Көп кешіккен жоқ Самат есік жақтан гүрілдеп келген машинаның дауысын естіді. Сыртқа шыққан жоқ ұйықтап кетті. Ояңғанда маңайды бөлме ішін жым-жырт тыныштық басқан. Пештегі от жанып болыпты.

Бөлме іші аңырап суып кеткен. Қатты ұйықтап қалғаны сондай күн ұясына бет алған шақта ғана ояныпты. Жел біраз толастапты. Аспанда ай көрінбейді. Тіпті ұшқындап қар жауа бастапты. Орнынан еріне тұрып пеш жақты. Гуілдеген оттың дыбысын тыңдап біраз отырды. Біраздан соң бөлме іші жылына бастады. Есік тықыр еткенде ғана басын көтерді. Қанат екен.

— Келдім келдім. Мен пақыр қайда екен деп күтіп отырған шығар деп ойлап едім.

— Оның рас.

— Ту бағанағы мен тыстаған арақты тауыспағансың ба?

— Иә.

— Мен тағы алып келдім. Өзіңнің дүкеніңнен.

— Бекер істегенсің. Дүкенші қыз менің ішіп жүргенімді сезсе құртады. Онсызда айтқанына көніп басымды изей беремін. Дүкенің табысы бұрынғыдай емес азая бастаған. Ішім сезеді жеп жүргенін деді Самат.

— Сен менің айтқанымды тыңда оны ауыстыр. Балдызымды ғой. Бәрін қатырады.

— Ойланайын. Есімді жиіп алғаннан кейін көрем.

— Екі дүкендегі қызды ауыстыр. Өзіңді басына бастаған.

— Жарайды. Қанат күнде сыртқы өмірден жаңалық алып келеді. Оның айтқан әңгімесін Самат көңілсіз кейіппен тыңдайды. Көңілі жабырқағанда жанында осындай адам керек-ақ. Оны Қанатта сезеді. Сырттай қайтадан азынай соққан желдің дауысы естілді.

— Апырай күн тағы бұзылды ғой деді Қанат. Төбеде тарс еткен дыбыс естілді. Тәрізі шіріген ағаштың бұтақтары төбеге құлаған болу керек. Көмір сал пешке. Әйтпесе бөлмең қаңырап суып кетеді деді Қанат. Қанат кетерде жорта бірдемні есіне түсіргендей санын соғып:

— Әйелімнің ағысы үйге келу керек еді. Мен кетемін. Таңартең жұмысқа барада өзіңе кіріп шығамын. Самат далаға шыққанда дымқыл суық ызғарлы жел бетін қарбып өтті. Қанат қақпадан шыға бере бірдеме деп айғайлады. Бірақ даусын естіртпей жұлып әкетті. Әлде қандай машинаның гүріліне ұқсас дыбыс естілді. Бейне кесек мұз сынғандай қытыр-қытыр еткен дыбыс естілді. Бүкіл дүниенің астан кестені шығып жатыр. Аспанда бұлттар айдың бейнесін жасырады. Бірақ әлсін-әлсін бұл жыртығынан айдың

жарқын бейнесі сынаптай нұрын жерге төгеді. Самат суық желеге бетін төсеп біраз тұрды. Тіпті аяғып кеткендей болды. Қаңырап бос жатқан үйіне кіргісі де келмеді. Есік алдында әрі-бері жүрді. Тоңып жаурап кеткеннен соң еріксіз үйге кірді. Әлде сырттан кіргентіктен бе бағанағыдай емес үй жылыған. Ас үй тіпті ыстық деуге болады. Таң атқанға дейін әлі талай уақыт бар. Шам жақпай орталық үйдегі диванға жата кетті.

II

Ертеңінде кешегіге қарағанда көтеріңкі көңіл күймен оянды. Бөлме іші бозымық жарықталыпты. Жел басылған. Есік алдына шыққанда аспан бұлттан арыла бастапты. Күн біраз жылыныпты ауада жер иісі анық сезілді. Кеше Қанат кірпіштерді алып кетті. Басында кірпіш тұрған жер босап қалғанын көріп таңырқап қалғанмен де кейін есіне түсіріп барып тынышталды. Қазір тіпті үйін көшіріп алып кетседе бәрібір еді. Бой жазу үшін есік алдына бірталай жүрді. Біраздан кейін талайдан бері аш тұрған итіне тамақ берді. Былығып кеткен үй ішін біраз ретке келтіргендей болды. Сол кезде сенектен кіріп келе жатқан Қанатты көрді.

— Дұрыс дұрыс. Сенің ес жиғаныңды ит қуанған шығар. Тамақты аямай беріпсің. Мен бас жазатын арақ алып келдім.

— Жоқ бүтін ішпеймін дүкендегі қыздарға бас көрсетуім керек.

— Ей жүз граммнан артық емес. Менің жалғыз ішпейтінімді білесің ғой.

— Жарайды.

— Кеше көңіл күйің онша болмады ғой.

— Оның рас.

— Желдің әсері болар. Апырай шірік бұтақтардың бәрін сындырыпты. Айтпақшы кеше сұрайын деп ұмытып кетіпін. Тақтайды алып кетсем.

— Ала бер деді Самат. Бұл сөзді есту мұнақ екен Қанат тықыршып отыра алмады. Дәл астынан біреу біз сұғып алғандай бір отырып бір тұрды.

— Ту ұмытып бара жатыр екен ғой. Әйелісінің ағасын шығарып салуым керек еді деді Қанат санын соғып.

— Бара бер түстен кейін үйде болам деді — Самат. Дүкенші келіншек Қанатты күлімсірей қарсы алды.

— Ағай көрінбей кеттіңіз ғой деді мүләйім дауыспен.

— Аздап науқастанып қалдым.

— Ондай есеп дәптерді көрсетейін ақшаны ала кетіңіз.

— Жарайды. Қанат дүкен сөресіне қарады. Көзге түскен сондай өзгеріс жоқ. Сатушы келіншектің өзін әр қимылын көз-қарасын байқап тұрғанын сезді. Әрине аузынан мұңкіген арақ иісін қанша сездіргісі келмесе ішіп келгенін біледі.

— Жарайды. Төтенше жағдай болса телефон соғарсың. Сатушы келіншек қулана күлімсіреп басын изеді. Осылай дүкенге анда-санда көрініп кетеді. Есеп қисап дәптерін қараған болады. Әрине оның салғырт бейжай көңіл күйін сатушылар сезеді. Өзін алдап жеп жүргенін біледі. Бірақ істейтін амалы жоқ. Өзінің баласымен әйелімен қызының қайтыс болғаннан кейін өзінің ішкілікке салынып кеткенін біледі. Мүмкін кейін Қанаттың балдызын сатушы болып қабылдар. Оны да неге екенін білмей кейін шегере береді. Қанаттың өзіне жан ашып ақылгөйсін көмектесіп жүрген себебін де біледі. Бас пайдасын ойлаған жан ғой. Маған жолама деп айта алмайды. Онда тіпті жалғыз қалады.

Күн бағанағыдай емес жоғары көтерілген. Аспанның әр жерінде созылаңқы бұлт шудасы көрінеді. Күн жылынған. Жерде кешегі соққан желден құлаған шіріген ағаш бұтақтары көрінеді. Самат үйіне келіп таза ауамен демалып біраз тұрды. Таңартеңгі ішкен арақтың уыты кеткен соң жанын жеген уайым ой қайтып оралды. Дәл сол кезде қақпа ашылып күлімсірей кіріп келе жатқан Қанатты көрді.

— Келдің бе деді Самат.

— Иә. Қалтасынан томпайған біржартылық арағы көрінеді. Олар ішке кірді.

— Қалай қатындар шаруаны істеп жатыр ма?

— Иә.

— Табыс ақшаны берді ма?

— Иә.

— Қанша екенін санадың ба?

— Жоқ. Олар бір жартылық арақты тауысқанда уақыт түс болып қалған еді. Терезеден күн сәулесі сығалайды. Жылы үйден маужыраған Саматтың ұйқысы келеді.

Қанатта қанша тартылып ішседе қыза бастапты. Әлде нені Саматқа дәлелдеп дауырға сөйлеп отыр. Анда-санда Саматты оятқысы келгенде иығынан қағып қояды. Ондайда Самат кірбіктеген жасаураған көзін ашып қайта жұмады. Бойын тәтті ұйқы құшағына тартқан. Қанаттың өзін қолтықтап төсекке жатқызғанын біледі. Оянғанда үйді басына көтеріп қорылдап ұйықтап жатқан Қанатты көреді. Басы қорғасындай ауыр тартқан. Бөлме іші ала көлеңке. Нәрселер көмескі тартып көрінеді. Есік алдына шыққанда күннің қайтадан бұзылып бара жатқанын көрді. Қанша айтқанмен көктемнің алмалы-төкпелі кезі ғой. Қайтадан солтүстік жақтан ызғарлы жел соқты. Жылы үйден шыққан денесін лезде тоңазытып жіберді. Еріксіз үйге кірді. Саматтың тұрған тықырынан Қанатта оянып кетіпті.

— Бас жазамыз ба?

— Жазсақ жазайық. Осылайша арақ ішуді қайта жалғастырады. Ұйықтап қалып Қанаттың қай уақытта кеткенін білмей қалады. Ертеңінде сатушы қыздан алған ақшасын санағанда жартысы жетпей қалды. Оған онша реңжи қойған жоқ. Терезеден жапалақтап қар жауып тұрғанын көрді. Жердің бетін аппақ мамық қар басқан. Қыстың күні қайта оралғандай. Есік алдына шыққанда ешқандай із жоқ. Тек үйшігінде қатты қыңсылап тұрған иттің даусын естіді. Жанына барғанда өзіне еркелей арсалаңдай секірді. Иттің басынан сипады. Бетіне құстың қауырсынындай мамық қар қонады да су болып ериді. Өз бөлмесіне кіргенде арақтың жайсыз иісін сезді. Алты бөлмелі үйдің тек асхана мен өз жатып жүрген бөлмесіне ғана кіреді. Басқа бөлмеге кірмейді. Кірсе көзі жасаурап көңілкүйі бұзылады. Өткен өмірі есіне сондай айқындықпен түседі. Тіпті ұлы, қызы әйелімен бір жаққа қонақтап кетіп дәл қазір қайтіп оралатындай көрінеді. Бәрі сол қалпында сақталған. Киім ілгіштегі киіміне дейін. Осылай уайым ойдан ұйқысы бұзылып таңатқанша көз ілмейді. Тек ертеңінде таңартең Қанат келгенде ғана азанын арақпен ашады. Кейде осынша ішістен өзінің қалай тірі жүргеніне таң қалады. Бұнысы дұрыс емес екенінде біледі. Кейде арақты бір жұма аузына алмайтын кездері де болады. Бірақ одан әрі шыдай алмайды да бәрін қайтадан бастайды.

— Тастау керек дейді Қанатқа.

— Өзің білесің дейді. Дәл қазір Самат арақты тастап кетсе деп қауіптенген Қанат нем кетті дауыспен.

— Тек осы жолы ақырғы рет ішеміз.

— Солай болсын дейді Қанат.

— Келістік дейді Самат қалжың шыны аралас.

— Сол үшін алып қояйық дейді Қанат. Терезеден болар болмас жарық түсті. Бұлт арасы ажырап күн ашыла бастапты. Есік алдындағы қар ери бастаған.

— Қой кетейін әйелімнің бауыры келу керек дейді. Самат есік алдына шыққанда күннің болар болмас шырпындысын сезді. Бірден енді көктемнің жылы шырайлы күндерінің кетпестей болып келгенін сезді. Қыстың ызғары біртіндеп бәсеңдеп сонан соң мүлде жоғалады. Жердің күнгей бетінде көк қаулай шығады. Дымқыл ауада жердің иісі сезіледі. Күннің жылуынан бойына жігер құйылғандай. Бір зор шаруаны тындырып тастағысы келгендей талпыныс пайда болды. Бой жазу үшін есік алдында әрлібері жүрді. Сол күннен кейін екі-үш күн арақ ішкен жоқ. Үй шаруасын реттеді. Қаланың төменгі жағындағы құрылыс зат сататын дүкеніне барып келді. Ондағы жағдайдың онша мәз емес екеніне көзі жетті. Өзін арақ ішіп жүргенін біліп басынып алған сатушыларды ауыстырмаса болмайтынын сезді.

— Осынша ақшаны қайда жібергенсің қарағым-ау.

— Ағай білмеймін мүмкін есептен жаңылысқаным шығар деп жыламсырап қоя берді. Сатушының сөзінде жасандылық жалған сөйлегені айтпай сезіліп тұрды. Ол баста әке-шешесі жұмыссыз жалғыз бауыры оқуда болған оны жаны ашып алған болатын. Тіпті өз әлінше көмектесіп анда-санда қарызға ақша беріп тұратын. Қаршадай қызды қалай сотқа береді. Таңартеңгідей емес күн одан сайын жыли түсті. Ағаш бұтақтары бүршіктенген, ән салып ұшып жүрген құстардың дауысы естіледі. Осы маужыраған көктем тыныштығын арлы-берлі жүйкіп өткен машина үні бұзады. Қанат түске таман келді. Тәрізі Саматтың бірнеше күн арақ ішпей жүргеніне мазасызданса керек. Қолында қомақты бумасы бар.

— Бүгін менің туған күнім екенін ұмытып кеттің бе деді. Онысы рас болатын. Ас үйге күн сәулесі мол төгілген болатын. Тіпті сыртқы киіммен отырсаң ыстықтайсың.

— Сонымен Қанат туған күніңмен. Келесі жылы аман-есен болсақ елу жылдығыңды тойлаймыз. Айтқаның келсін деді Қанат. Қанат бұл жерге алыс ауданнан келген. Жүріс-тұрысы сумақай адам екені бірден сезіледі. Сөзшен, Керек жерінде шешендігі де бар. Бойында алыс ауданның ортаңқол қозы қарын бастықтарының әдеті бар. Кейде бір нәрсе жақпай қалса аяқ астынан пәлсініп сыздана қалады. Ауырдың үстімен жеңілдің астымен жүріп үйренген жан. Тағы бір жаман жері сұраншақ. Осы алмалы-төкпелі заман болмаса жылы орын ауыстырмас еді. Осы жасқа келгенше қиналып жұмыс істеп көрген жоқ.

— Ойланып қалдың ғой деді Қанат.

Ертеңінде Саматтың басы ауырып тұрды. Жиналмаған дастархан үстінде ішілмеген арақ қалыпты. Тәрізі Қанат басын жазсын деп тастап кеткен болу керек. Қанат жоқ болып кетсе іздеп отыратын болды. Ал тіпті келмей қалса өз телефон соғады.

— Кешір үйіме әйелімнің бауыры келіп. Ей жастар-ай қолдарынан түк келмейді. Жетектеп жүрмесең сөздің қысқасы мен болмасам аштан өледі. Самат Қанаттың сөзін салғырт тыңдайды. Мына екі айдың жүзі болды ой тұңғыйығына бастап шыға алмай жүр. Қанша ұмытқысы келседе сол күнді ұмыта алмайды. Әйелі баласын қызы үшеуін шығарып салып өз шаруасымен болып жүргенде енді түскі асты ішіп отырған да, жол полициясы телефон соқты.

— Сіздің жан-ұяңыз жол апатына түсіп барлығы қайтыс болды дегенде жер төңкеріліп кеткендей көрінді. Күнде көз ілеспес жылдамдықпен көкжиегіне қарай бата берді. Ағаш көлеңкелері ұзара түсті. Леп-лезде ақпан айының суығы келгенде бойы тоңазып сала берді. Тіпті дірілдеп тоңып кетті. Жылаған жасы мұз болып қатты. Аяқ астындағы жер ойылып өзі шыңырауға құлағандай сезінді. Сол шыңыраудан әлі шыға алмай жүр...

Есік алдына шыққанда, үйілген тақтайдың орнында жаңқасы қалыпты. Қанаттың қай уақытта алып кеткенінде білмейді. Анау кезде желді күн түскен ағаштың бұтақтары үйдің маңын алып кеткен. Бір кезде бақытты, тұрмысты мекені болған үй қаңырап қалды. Тіпті кейде оянып кеткенде өзін ен далада қалғандай сезінеді. Бос бөлмеде

арлы-берлі сандалып жүреді де қояды. Сол кезде, терлеп тепшіп Қанат есіктен кіріп келді. Жүрісі асығыс. Екпіні қатты. Жүзінен әлде неменеге сасқалақтанғаны сезіледі. Келе жүрегін ұстап орындықтың үстіне отыра кетті.

— Не болып қалды деді Самат.

— Жағдай жаман.

— Немере апамның ұлы полицияға түсіп қалыпты.

— Нағып.

— Өзің білесің. Қазіргі жастар өлетін жерін білмейді.

— Төбелескен. Бір бала қаза болған. Соған бес мың доллардай ақша керек болып тұр.

— Менде қолда жоқ банктен алып берейін деді Самат. Саматтың депозитінде жиырма мың доллардай ақшасы болатын. Ақша қолынан тигеннен соң Қанат лезде тайып тұрды. Бірақ соңғы кезде Саматтың көңілі сабасына түскен сияқты. Сырт қарғанда бұрынғы Самат. Сөзі жүріс-тұрысында көзге ұрып тұрған ешқандай өзгеріс жоқ. Бірақ іштей өмір ағынына салғырттық бар. Тек қана көктемнің тамаша май тоңғысыз күніне, мына қаулай шыққан көкке, анау ақшағыл бұлттарға, ашыла бастаған көкжиегіне, түнде сансыз шашыраған аспан бетіндегі жұлдыздарға сүйсіне қарайды. Есікті іштен жауып алып тып-тыныш жатқанды жақсы көреді. Бейне мынау толасыз уақытты осылай тоқтатқысы келгендей. Ондайда өткен өмір көз алдына елестейді. Ол баста әйелі екеуі де кедей тұрды. Алған ақшалары тамақтарына әзер жететін. Тоқсаныншы жылдың қиыншылық кезі. Бірақ анау-мынау жетпейді деп ешкімге көз сүзбеді. Әйелі базар сөресінен шықпай табыстапты. Өзі болса жаман джегулиімен жолаушылар тасыды. Ақыры кішкене дүңгіршек ашып көздері ашылды. Тиынды теңгеге айналдырды. Дүңгіршік тұрған жерді сатып алып дүкен салды. Табыстары одан сайын арта түсті. Осы тұрған үйді де өзі салған. Құрылыс дүкенін соңы.. Табыстары одан сайын арта түсті. Баласы оқуға түсіп қызы мектепті үздік оқыды. Қазір есіне түсірсе сол кезде кейде оңаша қалғанда көңіл түкпірінде қорқынышқа ұқсас сезім мазалайтын. Тым бәрі жақсы жүріп кетті. Өмірде болған бар кедергіні жеңген енді алдарында даңғыл ұзын жол қалғандай көрінетін. Кейде себепсіз жабырқағанда андасанда арақ ішетін болды. Дәл қазіргі кездегідей емес. Тіпті

ай бойы аузына алмайтын кететін кездері болады. Бірақ себепсіз қауіп, себепсіз мазасызданған сезім кетпей-ақ қойды. Сөздің шыны керек қауіптенген сезімін әйеліне айтуға ұялатын. Тек кейде әйелі:

— Неге сен жабырқайсың. Ішіңнен бір дерт жеп жатқан адамдайсың дейтін.

— Жоқ дейтін күмілжи жауап беріп. Бұл кезде баласы жоғары оқу орнына түскен. Саматтың шашы ақшал денсаулығы аздап сыр бере бастаған. Бірақ бойында әлде күш қайраты бар. Бірақ қанша айтқанмен қазір сол кезді жүрегі қан жылап еске алады. Өмірінде ең бақытты шақ болатын. Әр күнді қуанышпен күтетін. Ойын есікті қатты селли ашқан дыбыстан дәл тәтті ұйқысынан оянғандай селк ете түсті. Бұрынғыдай емес Қанатты күтіп отыруды қойған оның ішінде жатқан арам ой пиғылында сезеді. Бірақ өзін улы жылан арбап тастағандай түк істей алмайды.

— Жатырмысың деді Қанат өзіне өктем сөйлеп.

— Иә.

— Ертең балдызым келеді. Ана дүкеншіні қу. Самат үндемеді тек қана басын изеп қойды. Самат дүкенге бара жатқанда, көктемнің май тоңғысыз жылы күні тұрды. Аспанда бір шөкім бұлт жоқ. Бетіне шөптің жұпар иісі аңқыған самал желдің лебін сезеді. Көңілі күнделікті күйбең тіршілік емес әлде қандай биік асқақ мақсатқа меңзегендей. Тіпті өзінің бейшара халын ұмытқандай. Шіркін дәл осы қазір өзін шырмаған ойдан құтылып жаны жайсаң тапса ғой. Мынау түтінді, көк дүбірлі сөзбен жүйкені құрта-тын шудан құтылса ғой. Олар дүкенге жеткенде ғана көңілі сабасына түсті. Қанаттың балдызы дүкен алдында өздерін күтіп тұрды. Олар тексергенде көп ақша жетпей қалды.

— Сұмдық деді Қанат басын ұстап.

— Иә деді Самат.

— Масқара бір миллион теңгенің заты үс-түссіз жоқ сотқа бер мынаны.

— Жоқ деді Самат.

— Онда өңдіріп ал. Бес он теңге емес қой. Самат үндемеді. Дүкенші әйел біреудің үйінде тұратын. Күйеуі ішкілікке үйір. Көк бет қатынмен соттасып абырой таппайтынын біледі. Дәл сол сәтте Самат сотқа беруді қажет деп санамады.

— Самат мұның не анау қатынды тайраңдатып қоясың ба?

— Онда сенің шатағың қанша. Енді екі дүкенде Қанаттың туыстары тұрды. Азық түлік дүкенін Қанаттың ағасының келіні қабылдап алды.

— Енді жүрегім жай тапты деді Қанат сол күні кеште. Күн бұлыңғыр. Таңартеңнен сібірлеп жаңбыр жауып тұрған. Ағаштар жапырақ жая бастаған. Есік алдына шыққан адамның көкпен жер иісінен басын айналдырықтай еді. Қанат кірпішті тасып алған. Тақтайды да. Анау күні алған бесмың долларды қайтаратынын да Қанат күмәнді. Тәбеті күн сайын ашыла түсуі мүмкін екенін біледі. Күн сайын өсімсіп басынып бара жатыр. Одан әрі үй мүлкін иемденгісі келуі мүмкін. Екі дүкенге өз адамын қойғалы өзіне-өзі сенімі арта түскен сияқты. Бұрынғыдай емес Қанатқа өктем бұйыра сөйлейтін болған. Екі дүкенге барғандада сатушылар түсімдегі ақшамды беруден бас тартты.

— Аға сізге Қанат ақша бермесін деді.

— Неге?

— Бәрібір ішіп қояды. Ақшаны өзі алып жүр. Қанат сол күні келмеді. Ертеңінде түске таман бірақ келді. Жүрісі асығыс. Тәрізі жағдайын біліп шығуы үшін келген сияқты.

— Жатырмысың деді өктем дауыспен.

— Иә жатырмын онда сенің шатағың қанша деді Самат.

— Жай айтқаным ғой.

— Сен дүкенші әйелдерге кіріс ақшаны маған берме деп айтып сың ғой.

— Иә менде жатсын. Соған бола ашуланып жатыр екенсің ғой. Менің ойлағаным сенің қамың деді Қанат беті бүлк етпей. Самат не айтарын білмей қалды. Осы азды-көпті үнзідікті пайдаланған Қанат лезде сыртқа шығып кетті. Өзімен бірге алып келгенін тастап кетті. Самат еріксіз арақты стақанға құйып ішіп алды. Тіпті Қанаттың артынан қуып жетіп желкелеп соғып алғысы келді. Көңі-күйі әбден бұзылды. Енді Қанаттың арам пиғылын іске асырмайтын жолын ойлады. Арақты стақанға құйып тағы ішіп алды да төсекке жата кетті. Оянғанда бөлме ішін ала көлеңке қараңғылық басыпты. Есік алдына шыққанда сібірлеп жауын жауып тұрғанын көрді. Еріксіз сырласатын ақылдасатын адам таба алмай өзінің жалғыздығын сезді.

Тіпті Қанатты телефон соғып шақырып алғысы келді. Бірақ бұл ойынан бас тартты. Қанат арада бір жұмадан кейін келді. Тәрізі осы уақытта не айтатынын оңаша саралап алса керек. Түрі қайтыс болған адамға көңіл айтуға келген кісідей.

– Жоғалып кеттің ғой деді Самат.

– Оған себеп болды. Самат сен жақсылық жасаған адамның қадірін білмейді екенсің. Алты бөлмелі үйде үй ішің қайтыс болғанда жаныңнан табылған мен емеспедім?

– Оның рас.

– Ал балдызыма ақшаны берме дегенім қателік болар. Бірақ өзің күн құрғатпай арақ ішесің ғой.

– Оның рас деді Самат мойындап.

– Міне түсімнен түскен ақша деп қалтасынан бір бума ақша ұсынып Самат алмаған соң үстелдің үстіне тыстай салды.

– Жарайды көңіліңе алма деді Самат. Қанат үндемеді. Түріне қатты қапаланған адамның кейіпін берді. Көп отырған жоқ кетіп қалды.

Көктемнің жылы күні болатын. Ауа бұлыңғыр. Маңайды сілті тұман басқан. Мол жауын суынан жер езіліп кеткен. Самат ішінен жаздың жайсан күндерінің келгенін тіледі. Қанша айтқанымен көктемнің күнімен қоса қыстай қасат тартқан көңіл-күй жасара түседі. Өткен өмірінің жайсыз жақтарын ұмытады. Алдағы күнге үмітпен қарайды. Келесі күн ашық болды. Аспанда бір шөкім бұлт жоқ күннің жылынғаны сондай тіпті жейдемен жүруге болады. Көк қаулай шыққан. Сол күні үйінің жанындағы бақта біраз жұмыс істеді. Көктемде үй ішімен бақта не отырғызатынын жөнінде ақыл-кеңес құратын. Қызы мен әйелі гүл отырғызғанды жақсы көретін. Өзі болса жеміс-жидекті салуды ұнататын. Біраз дауласып барып келісімге келетін. Самат ауыр күрсінді. Қазір не салам десе өз еркінде. Сондықтан қызы мен әйелі жақсы көретін раушан гүлдерін салмақ болды. Істеген жұмыстан көңіл-қошы көтерілді. Күн биік көтерілген сайын ыси түсті. Жаздың күнінің шарпындысы анық сезілді. Талайдан бері жаны рақаттанып көңіл-қошы мұндай көтерілмеген болатын. Жер шіркін өзінің құшағына алып айқара ашып тартты. Дәл қазір ішкімді көргісі тіпті тілдескісі келмеді. Дәл сол

мезетте қақпаның есігі ашылып кіріп келе жатқан Қанатты көрді. Жерден жеті қоян тапқандай көңілді. Қалтасында томпайған бір жартылығы бар.

— Тіріліпсің ғой деді кекете сөйлеп.

— Менде сені күтпебедім деді Самат. Қанат үндемеді. Тек Саматтың жер қазғанына біраз қарап тұрды.

— Мен ендеше май мейрамын атап өтейін деп едім.

— Ренжіме кейін атап өтерміз. Өзің көріп тұрсың шаруа істеп тұрғанымды. Қанат көп бөгелмей кетіп қалды. Самат сол күні түн ұйқысы бөлінбей қатты ұйықтады.

Тамаша май тоңғысыз көктем күндері тұрды. Бұлт шымылдығы түрілген. Түнде шөп бетіне шық түседі. Әйелі бала-шағасы тірі кезде жаз басында алдыңғы күнді қалай өткізу туралы жоспар құратын. Кей жылы туған жақын таныстарына баратын. Соңғы жылдары әйелі базарда суық жерде тұрғаннан буындары сырқырап ауыратын. Өзінің денсаулығы сыр бере бастаған. Анда-санда қан қысымы көтеріліп кетеді. Баласын тіл үйрету үшін шетелге жіберді. Соңғы жылдары біраз ел-жер көріп сергіп қалды. Алдыда тағыда қуанышқа толы күндер жетерліктей болып көрінетін. Енді бәрі құрдымға кетті...

Саматқа жаны жеген уайым-ой қайтадан оралды. Сол күні кешке келген Қанаттың арағынан ішпеймін деп бастарта алмады.

— Ана жолы сен ренжіп қалдың ба деді Қанатқа Самат.

— Мен сені түсінемін ғой. Қайта мықтысың, қажырлысың, шыдамдысың.

— Тым мақтап жіберген жоқсың ба?

— Құдай ақы. Шын сөзім.

— Онда денсаулық үшін деп ішіп қояйық.

— Ішсек ішейік деді Самат қолын сілтеп. Самат оянғанда бөлмеде жалғыз қалыпты. Қанаттың қай уақытта кетіп қалғанын білмейді. Есік алдына шыққанда маңайды тас түнек қараңғылық басыпты. Аспанда жұлдыздарда көрінбейді. Аш иттің үрген дауысын естіді. Сол кезде ғана итке талай уақыт тамақ бермегені есіне түсті. Бөлмесіне кіргенде үй ішін біреу тіміскілеп бірдеме іздеген сияқты болып көрінді. Жатқан төсек қозғалған, киім ілетін шкафтың есігі ашық. Ертеңінде оянғанда басы қазандай болып тұрды. Аспанды қара ауыр сұрғылт бұлт пернелепті. Тәрізі

жауынды жаз болатын түрі бар. Ештеңеге зауқы соқпады. Тамақ ішседе құсып тастайтын түрі бар. Аяғын тәлтірек-теп әзер басады. Саматтың оянғанын білгендей сол кезде қалтасында бір жартылығы бар Қанат кіріп келді.

— Дәл келдім ғой деймін — деді көңілді дауыспен. Қанат неге екенін білмейді Саматқа тура қарамайды. Тек ыржалақтап күле береді. Олар әңгімелесіп отырып бір жартылықты қалай тауысқанын білмей қалды. Екеуіде леп-лезде қызып қалды. Көбінесе сөйлейтін Қанат. Бірақ оның әңгімесін тыңдап отырған Самат жоқ. Тек арақты бастырмалатып көбірек ішіп қоюға тырысады.

— Тағы бір жартылық алып келсем қайтеді Қанат мүләйім дауыспен. Сол күні Самат мас болып ұйықтап қалды. Ертеңінде таң сәріден оянды. Осылай күн құрғатпай бір жұмадай ішкілікке салынды.

Бір күні таңертең ерте оянды. Үй іші былыққан. Босағада жақта қаз-қатар тізілген бөтелкелер көрінеді. Есік ашық. Тәрізі өзі сыртқа шыққанда жабуды ұмытып кеткен сияқты. Есік алдына шығып таза ауамен демалып біраз тұрды. Бой жазу үшін арлы-берлі жүрді. Иті қыңсылап қоймағаннан кейін жанына барып бетін сипады. Анау күні әйелімен қызы жақсы көретін раушан гүлін салмақ болған қазылған жерге қарады. Дәл біреуден ұялғандай теріс айналып кетті. Соңғы кезде Қанаттың өзіне бір зымиян жоспар құрып жүргенін іштей сезеді. Оның өзіне келгенде сынай барлай қарап, өтірік мүләйімси күледі. Жүзінен әлденеменеге алаңдағандай кейде үреймен күмәнді ой сезіледі. Сөзі жұмысқы. Тек өзіне арақты іш-іш деп тықпалай түседі. Сөздің шыны керек Самат Қанаттың өзіне жан ашып жүрмегенін біледі. Енді маған келме, жолама деп айта алмайды. Оның үстіне балдызы мен келіні дүкенде істейді. Онда не болып жатқанын бір құдай біледі. Саматты осындай өкінішті ой арақтың уығынан айыққан соң мазалайды. Бойын өкініш билейді. Уайым ой жанын жейді. Арақ ішпей бірнеше күн есін жиып алмақ болды. Ең бірінші ашып қалған итіне тамақ берді. Одан соң қызы мен әйелі жақсы көретін раушан гүлді салатын жерде жұмыс істеді. Аспанда бұлт шудасы ашыла бастапты. Түске таман күн ысып кетті. Жайсаң жаздың күні келгені белгілі болды. Неге екенін білмеймін Қанат бірнеше күн жоғалып кетті. Самат оны дәл

бір жақын туысқанындай сарлап күтті. Бойын адам айтып, түсіндіре алмас салғырттық басты. Күні бойы есік алдында арлы-берлі сандалып жүрді де қойды. Есіне осы үйді қалай салғаны түсті. Басында екі қабат коттедж салмақ болды. Сонан кейін бір қабатты алты бөлмелі үйді салды. Бұл ойына әйеліде келісті. Үйді бір жылда салып алды. Көшіп келгенде жақын таныстарын туған-туысқандарын жинап кішігірім той жасаған. Бұл тойда Қанатта болған жүзінен қызғанғандығы айтпай сезінді.

— Өзің үндемей жүріп пысықсың ғой деді сөз табамағандай. Сол күні Қанаттың жүріс тұрысы, отырысы Саматқа ұнамады. Өзге жұрт ойындағы тілегін айтып мәресәре болып жатқанда Қанат оқтау жұтып алғандай тыныш отырды да қойды. Саматтың Қуат деген жақын жолдасы болды. Үй салуға, арзан жұмысшы күшін тауып беруге көмектескен. Ұрман-бермен ақкөңіл жігіт болатын. Қуат Қанатпен дастарқандас жақын отырған.

— Ей сен неге арағыңды түбіне дейін ішпейсің. Арам ойдың кісілері сөйтеді.

— Өзім білем ғой сенің шатағың қанша деді Қанат тарс етіп.

— Қалай шатағым қанша? Арамсың мен сені көзіңнен көріп тұрмын деп екеуі ерегесіп төбелесіп қала жаздаған.

— Самат сен анау Қанаттан аулақ жүрсеңші. Арам адам.

Бұл үйде тұрғанына он жыл болды. Осы үйде тоқ тұрмыстың дәмін татты, осы үйде қырық жасқа келгенін тойлап, осы үйде ұлы мектепті үздік бітіріп жоғары оқу орнына түсті. Осы үйге келгелі жоқшылықтың дәмін ұмыта бастаған болатын. Алдыда басқа жоспарлары болды. Сол кезде қақпаны ашып кіріп келе жатқан Қанат көрінді. Қалтасында томпайған бір жартылық арағы бар.

— Мені күтіп отыр ме едің?

— Иә.

— Ой несін айтасың сол бітпейтін шаруа тыртыңдайсың келіп, тыртыңдайсың келіп бірақ нәтиже жоқ деп Қанат мүләйімси сөйлеп. Неге екенін білмейді Самат арақты қарақтана ішті. Қанат оның сөзін тыңдаған болып бөлме не қулана көз жүгіртіп отыр. Күн күңгірт болатын ірлеп жаңбыр жауып тұрған, ашық терезе желдеткі-

шінен дымқыл жер иісі аңқып тұр. Біраздан кейін Қанат бір жаққа асығып тұрған адамның кейіпін берді.

— Ту ұмытып кетіпші әйелімнің інісі күтіп отырған шығар — деді асығыс орнынан тұра беріп.

— Кішкене отыра тұршы — деді Самат жалынышты дауыспен.

— Жарайды — деді Қанат орнына қайттан отырып. Қанат кеткенде Самат әбден масая бастаған болатын. Терезе шынысын ауыр жауын тамшылары ұрғылайды. Есікті ашып бейне күміс садақтың оғындай жерге тамған жауын тамшысына қарап қалыпты. Су жебесі тиген жер шұрық-шұрық тесіліпті. Ағынды су игелеңдей ағып ойпаң жерде көлшікке құйылып жатыр. Аспанда қызғылт жауын ойнады. Күннің гүрілдеген дыбысы естілді. Самат шешініп тастап жауынның астында тұрды. Жаңбыр суы бетінен жас болып ақты. Бірақ аяқ астынан пайда болған жан рахатынан айтып жеткізу мүмкін емес еді. Көңілде енді арақты бір жолаты тастайтынына сенімі мол болды. Бірақ ертеңінде Қанат келгенде қайта ішті.

— Сен үйде жата-жата жанбасың көгерген шығар. Қырға шығып серігіп қайтайық. Ет жейміз, балық аулаймыз, суға түсеміз - деді Қанат аяқастынан. Саматтың көз алдына өткен өміріндегі үзінділер көлбелектей берді. Ол кезде жаңадан қомдана бастаған. Әйелі өзінің жүзі таныс жақындарына, туыстарына, өзім болдым жеттім деп көрсеткенді жақсы көретін. Тіпті болар-болмас той жиынға мұқият жиналып, боянып, алтын-жүзік сақинасын тағып баратын. Саматтың ұлы мен қызы да осындай сапарды ұнататын. Әсіресе көрші ауданға барғанды жақсы көретін. Алдарында тау қыраттары жазықпен алмасып, жол неше түрлі бұрылыстар жасайтын. Алыста тау етегінде ағараңдап үйлер жайылып жүрген малдар көрінетін. Ойыс жерлерде жағасын шүйгіншек басқан бұлақ ағып жататын. Кейде жағасына тоқтап түсіп мөлдір таза суды рахаттана ішетін бірақ Саматтың бір байқағаны асықпай өтіп жатқан бейғам тіршілікке бұрынғыдай бой беріп жаны жай таппайды. Қаладағы тынымсыз жаны жеген тұрмыс-тіршілгін бәрібір ұмыта алмайды. Үйін, дүкені бәрі орында ма? Бейне ашқасқырдай

қаптап келіп жатқан тексерушілер жеп жатқандай көрінеді. Барған жеріне қайтуға асығатын...

— Ойланып қалдың ғой, — деді Қанат.

— Жай әншейін есіме өткен кез түсе береді.

— Қойсаңшы өзінді қазбалай бермей өлген адамдарды тіріліте алмайсың.

— Оның рас.

— Үйіңде қам жеме ұлың осында келіп жатады. Көп болса екі-үш күн боламыз. Олар таңертең ерте жолға шықты. Бет алысы шығысқа қарай. Сөздің шыны керек бұл жақта Қанат бұрын болмаған еді. Біраз жүргенен кейін жол шетіндегі дәмханаға келіп тоқтады.

— Машинаға бензин құйып алайық. Менің жақсы танысым күтіп алмақ. Айтқанындай оларды денелі келген сары кісі күтіп алды.

— Қош келдіңдер, — деді алтын тісін ақсайта күліп.

— Келдің қой бірақ әлі баратын жеріміз алыс көп отырмайық, — деді Қанат.

— Сый-сияпаттарың дайын. Мен таңертеңнен осындамын.

— Мына кісінің аты Баха, шын аты Бақтыбек, — деді Қанат екеуін таныстырып. Дастархан мол жасалып. Алтын семіз сары анда санда Саматқа сынайы қарап қояды.

— Мен Сәкенді бой жазып қыдырсын деп алып келдім деді Қанат мүләйім дауыспен.

— Дұрыс дұрыс деді мен сендерге жер жанатын көрсетем. Сол жерде қой сойып сендерді қарсы алу үшін дайындалып отырмыз.

— Айттым ғой Самат Баха жомарт жігіт деді Қанат қулана күлімсіреп. Бұл марапат сөздер Саматтың көңілін көтере алмады. Қайта өзінің оғат ісше өкінгендей күй кешті. Тіпті кез-келген машинаны тоқтатып отырып алып үйіне қайтіп кеткісі келді. Мына алдындағы көсіліп жатқан көктемгі көрініс көңіліне қуаныш әкелмеді. Қыстың мол ылғалынан көк қаулай шыққан. Жер бетіне қарап аспандағы бұлттар өз әлінше өрнек салған. Тәрізі Саматтың осындай дүлдамал қалде отырғанын сезген әкі қу Қанат асығыс алдарына арақпен шашлықты алдырды.

— Сәке талайдан бері қаладан шыға алмай ішқұса болып жүрген шығарсың. Міне енді сәті түсті. Осыдан онша алыс

емес жерде інішектің шаруа қожалығы бар. Ертең құдай қаласа атпен серуендейміз.

– Сол үшін алып қояйық.

– Алсақ алайық. Арақ Саматтың басына бірден шықты. Бірақ біраздан кейін бұрынғы әдетіне басып аямай сілтеді. Көңіл түбіндегі өксігі басыла берді. Көз алдына әйелі мен екі баласымен өзін асыға күтіп отырғандай сезінді. Тек бұл ойды семіз сарының қарқылдай күлгені бұзып жіберді. Самат есін білмей мас болып қалды.

III

Біреу құйрығынан теуіп оятты. Басында өңім бе, түсім бе деп таңқалды.

– Ей тұрсаңшы. Жатысын қара сабаздың. Басын көтергенде өзіне етене төңіп тұрған алпамсадай бейтаныс адамды көрді.

– Мен қайда жатырмын деді Самат міңгірлеп.

– Сен жұмақта жатырсың орныңнан тұрып ас суыңды ішіп қой бағасың.

– Қайдағы қой?

– Ей мынау маскүнем қайда келгенін білмейді. Сені кеше құлдыққа сатып жіберген.

– Қайдағы құлдық? Қанат қайда

– Қанаттыңды білмеймін семіз сары сені құлдыққа сатып жіберді. Пәтшағар сен үшін дым қымбат сұрады. Самат орнынан сүйретіле тұрды. Жатқан жері кішкентай үйшік. Ауада кісінің қолқасын атыратын жайсыз иіс бар. Есік алдына шықты. Ен дала. Маңай жаз ортасына жетпей сарғыш тартқан. Ыстық аптап күйдіріп барады. Кешегі ішкен арақтан құсқысы келді.

– Ей маскүнем анау алысырақ.

– Жоқ рахмет тәбетім жоқ деді Самат. Онда қозыңды бақ айранды тамағыңды дайындап қойдық. Самат алдындағы елу шақты қозына айдап қойшы қыстауынан алыстай берді. Қарсы сөз айтқан жоқ. Өйткені өз жағдайын одан сайын ушықтырып алатынын сезді. Күн биік көтерілген сайын ыси түсті. Қозыларды жағасына шілік өскен бұлақтың жанына тоқтатып өзі жалпақ тастың үстіне отырып алып біраз тыныстады. Мұздай бұлақ суына жуынды. Аспанда бозалаң

тартқан бұлт шудасын көрді. Маужыраған тыныштық жан рахатын әкелді. Ауада жабайы шөптің иісі сезілді. Түске таман қарны ашқан соң тамақ ораған буманы ашып көрді. Құмырада айран ба әлде іріп кеткен сүт пе? ішіп көріп еді қайтадан құсып тастады. Келкен пәтер нанды суға жібітіп жеді. Әлде қарны ашқандықтан ба дәмді болып көрінді. Қалтасында төл құжаты жоқ, бір тиын ақшасы жоқ. Нағыз қаңғыбастың өзіне айланды.

— Сіздің жан-ұяңыз жол апатына түсіп барлығы қайтыс болды дегенде жер төңкеріліп кеткендей көрінді. Күнде көз ілеспес жылдамдықпен көкжиегіне қарай бата берді. Ағаш көлеңкелері ұзара түсті. Леп-лезде ақпан айының суығы келгенде бойы тоңазып сала берді. Тіпті дірілдеп тоңып кетті. Жылаған жасы мұз болып қатты. Аяқ астындағы жер ойылып өзі шыңырауға құлағандай сезінді. Сол шыңыраудан әлі шыға алмай жүр.

САҒЫНЫШ

Жаз аяғы. Таңартең бұлыңғыр күн түске таман ашыла бастады. Жауын тамшы жерге себелеп өтті. Аптаған ыстықтан кейін салқын ауа Жандосты сергіте түсті. Ағаш жапырақтары сарғыш тарта бастаған. Бұл кез балалардың жаңа оқу жылына дайындықтың қызған кезі. Жандос осы кезде көңіл-күйі әлденеге алаңдап мазасызданады. Түк шаруасы жоқ болса да кітап сататын дүкенге кіріп кітап сатып алып жатқан балаларға қызыға қарайды. Кейбір балалар ата-анасымен келген. Дүкендегі сауданың қызған кезі. Жандос алмасада оқулықтарды ашып парақтап көреді. Әсіресе неше алуан бояумен боялған табиғат суреттері салынған кітап беттері ұнайды. Қазір бұрынғыдай емес кітаптардың сапасы жақсы. Одан соң мектептің жанынан өткенде жұмысқа асыға кетіп бара жатқан мұғалімдерді көреді де, бір кезде өзінің де солардың қатарында болғаны есіне түседі. Оғанда талай уақыт өтіп кетіпті. Ол кезде Жандос орта мектепте химиядан сабақ беретін. Сөздің шыны керек осы қаладағы

бетке ұстар ұстаздардың бірі болды. Оқушылары қалалық, облыстық олимпиадада жүлделі орындар алмай қайтпайтын. Бірақ алған жалақысы түкке жетпей тұрмыстары тарыла түсті. Сол кезде үлкен фирмада істейтін досы жұмыс ұсынды. Жалақысы ұстаздық жұмыстан 10 есе көп. Мұндай ұсыныстан бас тарту мүмкін емес болатын. Мектеппен қимай қоштасты. Тұрмыстары түзелгеннен соң қайта оралам деп ойлады. Жоқ қателесіпті. Тұрмысы түзелді. Үй алды. Бірнеше жылдан кейін тар болып көрінді. Он екі қабат катедрге ауыстырды. Астына қымбат машина алды. Ойлап отырса төр-түлігі сай болу үшін көп нәрсе керек екен. Сондықтан мектепке оралу мәселесін кейінге шегере берді. Бірақ жаз аяғында көңіл-күйі бұзылып сала береді. Мектепке қайтадан оралғысы келеді. Бұл жылдағы әдеті. Тіпті өзінің істеп жүрген жұмысына салғыртып қарайды. Бірде тағы көңіл-күйі бұзылып көшеге қыдыруға шыққан. Кітап дүкеніне кірді. Одан соң мектептің жанынан өте бере өзімен бірге істеген ұстазбен кездесіп қалды. Ол кез де Асқар жоғарғы оқу орнын бітіріп келген тәжірбиесі аз саруыз балапан болатын.

— Жандос мына жігітті қоластыңа ал тәжірбиенді үйрет деді директор. Асқар біраз жылдан кейін тіпті оқу ісінің меңгерушісіне дейін көтерілді. Кейін мектеп директоры болып кетті деп естіген.

— Ағай маған келе жатқан жоқпысыз. Жүріңіз мектепке кіріңіз кең отырып сөйлесейік.

— Болады.

— Екі жыл болды директор болып істеп жүргеніме. Басында қиын болып еді. Қазір үйреніп қалдым. Өзіңіздің мектепке қайтып оралу ойыңызда жоқ па?

— Ондай ой бар.

— Онда біздің мектепке келіңіз, еркек мұғалімдерге зәруміз. Коллектив қуана қарсалатынына сөзсіз.

— Жарайды үймен ақылдасайын өз басым қарсы емеспін. Онда жақсы хабарын тезірек беріңіз. Жандос мектептен көтеріңкі көңіл-күймен шықты. Бағанағы көңіл кірбені сейіліп сала берді. Аспан бұлттан арыла түсіпті. Көшеде кетіп бар жатқан қарасы көбейе түскен. Аяғы ширақ жедел басып үйіне қарай асыға жүрді. Бойында жас кезіндегі қайрат қайтып оралғандай. Талай жыл осы күнді

армандады емес пе? Үйіне келгенде сондай көтеріңкі көңіл-күйде болды.

- Жерден жеті қоян тапқандай көңілдісің ғой деді әйелі.
- Оның рас жаңа мектеп директоры болған танысымды көрдім. Жұмысқа шақырып отыр. Әйелінің мектепке қайтып жұмысқа орналасуына қарсы екенін білетін.
- Бәсе. Келісім бердің бе?
- Жоқ үй ішімен кеңесіп алайын дедім.
- Дұрыс айтқансың өзің қалай ойлайсың.
- Барсам деймін
- Жарайды бардың делік. Балаң институтта оқып жүр. Бой жетіп қалған қызың бар. Соның бәріне мұғалімнің аз жалақысына күн көре аламыз ба?
- Әрине жоқ.
- Онда өзің шеш мен айтатын сөзімді айттым. Сол күні түсінде Жандос балаларға сабақ беріп отыр екен...

ӨКПЕШІЛДЕР

Көңілсіз көктем күні. Жер бояуы әлі жұтаң. Қала сыртындағы төбелер көзге бұлыңғыр тартып көрінеді. Аспандағы қара сұр бұлттар тұрақтай алмай тұр. Садықан үйден шыққанда салқын суық ауа бетін өбіп өтті. Садықан жасы қырықтан асқан толық адам. Осы кезге дейін өзін жолы болғыш кісі санаған. Онысы дұрыста. Әкесі бір кезде осы қалада атағы шыққан етікші болған. Өзіне әкісі сияқты бойына дарын бітпеген менде еңбек жолын басқаша бастаған. Жұрт сияқты қолған алған ісін орта жолда тастамайды. Қажырлығы мен еңбекқорлықтың арқасында, дәл бір жаратылып барып бәйгеге қосылған жүйріктей жұрттың алдына ойқастап шыға берді. Бүгін Садықан көшеге машинамен емес жаяу қыдырып шықты. Аяғы талғанша көшені бойлап жүре берді. Қайда бара жатыр оны өзіде білмейді. Ойда жоқта алдынан жақсы танысы Жетпісбай шыға келді. Ол да қыдыруға шыққан сияқты. Жүрісі сылбыр. Бағанағыдай емес желдің ызғары басылған. Бұлт арасы ашыла түскен. Көкжиегіндегі сілті

тұмандар сейіле бастаған. Біраздан соң өзін жып-жылы күн сәулесі шарпып өтті.

— Уақытың болса отырып сөйлесейік деді Жетпісбайға.

— Болады деді Жетпісбай әлі таңырқағандығын жасыра алмай. Отырыс жайлы болды. Өткен кеткен оқиғаларды есіне түсірді. Одан соң әңгіме мамыржай балалық шақтары туралы естелікке ауысты. Жетпісбайдың жүзінде таңырқағандық енді тіпті мысқыл күлкі пайда болды.

— Осы сен банкротқа ұшыраған жоқсың ба деді. Енді Садықан таңырқады.

— Иә бұның қала сыртында жаяу қыдырып жүргенін дұлдамал көңіл-күйін бәрін басқаша жорып отыр. Бірақ өкпелемеді.

— Жоқ деді жауабын қысқа қайырып. Сол күннен бастап Жетпісбаймен ара-қатынасы жақсара түсті. Көшеде машинамен кетіп бара жатса, тоқтап баратын жеріне апарып тастайды.

— Сөздің үшін керек сенің ұлың үйленгенде тойына шақырмағаныңа өкпеледім деді ағынан жарылып.

— Өкпелеп жүргеніңді білемін деді Садықан. Өзімен бала кезінен таныс адамның жоқтан өзгеге өкпелеп тіпті өтірік шыны бар сыртынан жамандағаны әрине керек жоқ. Садықан үйіне көтеріңкі көңіл-күймен қайтты. Жел лебі басылған. Күн жылынғалы көк қаулай шыққан. Анау кездегідей емес көшеде жүрген кісілер көбейе түскен. Сол күннен бастап өзіне өкпелегендердің көңілін аулауға тырысты. Жұрттың жоқтан өзгеге өкпелейтініне таңғалды. Әрине бұл адамның сана түйсігіне байланысты. Бірақ оның арғы жағы бірте-бірте жек көру тіпті өшпендікке ауысуы мүмкін. Сонан соң біраз уақыттан соң сырахананың жанынан өтіп бара жатып Берік деген досын көрді. Әдейі тоқтап амандасқан. Таңғалғандықтан Беріктің көзі жыпылықтап кетті.

— Садықанбысын деді.

— Иә танымай тұрмысың.

— Жоқ, оның не деді күліңкіреп.

— Көрінбей жүрсің ғой қайда бара жатырсың апарып тастайын деді.

— Қала шетіне.

— Отыр деді Садықан.

Күн ашылыпты. Көк қаулай шыққан. Ауада дымқыл жер иісі аңқиды. Алыстағы тау сілемдері айқын көрінеді. Нағыз көктемнің май тоңғысыз күндері болатын. Мұндайда. Күндегі бастырматып келген шаруанды сырып тастап салғыттыққа бой бересін. Олар қала сыртындағы кафеде отырды. Сәл алыста сарқырап өзен ағып жатты. Жағасында қос-қостан қыдырып жүрген жастар көрінеді. Бекен осыдан он шақты жыл бұрын үй салған. Әрине қаржысы жетпей көмек сұраған. Сөздің шыны керек Садықанның өзіде қал-құлт етіп аяғына енді тұрып келе жатқан. Бекенге көмектесетіндей жағдайы жоқ болатын. Бірақ айтқанына Бекен сенбеді. Содан бері өзін көрсетеріс айналып бұрылып кетеді. Енді бүгін ғана бетпе-бет жүздесіп отыр.

— Ол кезде алмалы төкпелі заман болды ғой сені түсінемін деді Бекен. Ары қарай әңгімелері жарасып жүре берді. Олар кеш қараңғылаңғанша отырды.

КҮМӘНДАНУ

Таңартеннен жел соқпай тыпырсық жаздың күні тұрды. Жаздың бітуге тақаған кезі. Түнде салқын болғанмен де таңартен күн шығысымен жер беті ыси бастайды. Түске таман адам шыдатпас қапырықтың Жұмаш үйге келісімен сыртқы жейдесін шешіп тастап төсекке жатты да қатты ойланып қалды. Жұмаш осы қаланың шет жағындағы асфальтсыз көшенің бойындағы жұпыны үйде тұратын. Салқын бөлмеге кіргенде ғана көңіл-қошы көтеріліп кеше кешке болған оқиғаны ой елегінен өткізетін. Кеше кешке көшеге шыққанда тамағы жыбырлап сыра ішкісі келген. Үйде шыққанда күн ұясына батып бара жатқан. Күндізгі кісінің апшысын кетіретін ыстық леп сәл-пәл болсада басыла бастаған. Әсіресе мұндай кеште сыра ішкенен жан рақаты жоқ қой. Сондай оймен көшеге шыққан. Жаздың күні бет алған шақ. Көкжиегінде қарақошқыл бұлттың шеті көрінеді. Тәрізі түнде жауын жауатын сияқты. Ойда жоқта танысы Тарпаңбайды көргенде тіпіт қуанып қалды.

— Қайдан келе жатсың өзің көптен бері көрінбей жүрсің ғой деді Жұмаш қуанышты дауыспен.

— Өзің білесің күн көрістің қамымен жүрміз ғой. Тарпаңбай ақшалы жігіт. Кейде көңілі түскенде оңды-солды шашатын жомарттығы бар. Ондай кезде таныстарын риза етіп тойдырады.

— Түсіндім деді Тарпаңбай.

— Нені деді Жұмаш

— Сыра ішкің келіп тұр ма?

— Тура таптың. Олар орталық көшеде сыраhanaға келіп отырды. Гуілдеген сөзбен кісінің қолқасын аттыратын темекі иісі сезіледі.

— Қалың қалай болып жатыр деді Тарпаңбай.

— Онша емес. Күйеу балам жұмыссыз жүр.

— Әлгі етікші мылқау күйеу балаң ба?

— Иә.

— Естігенмін орталық нан дүкеннің жанында етікші дүкенін білемісің?

— Иә білемін.

— Соның иесі су тегінге сатамын деп отыр. Егер күйеу балаңды сонда отырғызып қойсақ. Ақшаны шаш жетектен табатынына күмәнданбаймын.

— Болады ойланып көрейін деді Жұмаш.

— Ойланатын не бар. Клиент жинағанша налогын төлесе болды одан арғысын көре жатармыз. Тұрған жерде кісілер көп жүретінін білесің.

— Айтым ғой ойланып көрейін деді Жұмаш бұлдана жауап беріп.

— Өзің біл бірақ не болса да ұтылмайсың. Жұмаш Тарпаңбайдың бетіне мұқият бағдарлай қарады. Түрінде пасықтықпен қулық қатар пайда болғандай. Бойына күмәнданғанға ұқсас жайсыз сезім баурап алды. Тарпаңбайдың торына түсіп қалмас үшін сыраны аптыға асыға ішті.

— Жауабын қазір нақты бере алмайсың ба, — деді Тарпаңбай.

— Ақылдасайын, ойланайын деді Жұмаш орнына тұра беріп. Ішілмей қалған сыраға қимастықпен қарап.

— Егер келіспесең ашық айт. Ақылбайдың ұлы істеймін деп жұтынып отыр. Жұмаш қайтып келе жатқанда өзінің

тостағандағы сыраны сарып ішпегеніне өкінді. Маңайды қараңғылық тұмшалай бастаған...

Қазір төсекте жатып кешегі жағдайды есіне түсірді. Жоқ бұл ұсыныстың артында гәп жатыр. Құлықпен пасықтық жатыр. Тіпті Ақылбайдың ұлына бермей менің күйеубалама бергісі келгеніне бір гәк бар. Өйткені мылқауды алдау оңай. Осындай оймен басы қатты. Төсекте арлы-берлі аунағанмен жан тыныштығы келмеді. Тіпті болмаған соң орнынан тұрып мұздай суық суды ішіп алып есік алдына шықты. Көкжиекті бұлт басқан. Желді өткінші жауын себелеп өткен. Кешегі аптаған ыстықтан кейін ауа біраз салқын тартқан. Жұмаш бір шешімге келегенде аяғын ширақ басатын. Қазір есік алдын арлы-берлі талтандап жүріп өтті. Тауық қораға барып оның іші былығып жатқанын көрді. Қоршаудағы шіріген діңкені қолымен ұстап шайқап көрді. Ойлай берсе осы аулада талай жұмыс бар. Бірақ бар шаруасын кейінге шегеріп бастаған істі аяқтамайтын жаман әдеті бар болатын. Қазір де ойлады да қойды. Иә ол баста көп жоспарлары болған. Монша, гараж салмақ болған. Барлығы қарыз жоқ болғандықтан іске аспай қалды. Әсіресе араққа тойып алғанда. Өз өмірі шат-шадыман қуанышқа толы сияқты болып көрінетін. Кездескен барлық қиыншылықтарды оп-оңай жеңетін сияқты болып көрінетін. Кейде бастаған ісін тиянақты бітіруге мойны жар бермей кейін шегерене беретін. Бірақ қазір аяқ алысы нық. Бет-бейнесі атар жауына қарсы тұрған жауынгердің кейіпі. Мұндай кезде қайтпас қажырлық, жігер бар сияқты болып көрінетін.

— Жоқ деді қолын сермеп. Сол күні ыстық басылғанда көшеге шықты. Көкжиегінде қызғыл торы кілем ілінгендей. Жер бетіне төгілген қызғылт нұр маңайды түрлендіріп жіберген. Жұмаш аяғын нық басып көшемен жүріп келеді. Біраздан кейін терлей бастады. Сыра ішкісі келіп тамағы жыбырлағанмен де қалтасында көк тиын жоқ. Тарпаңбай уәделескен жерде отыр екен.

— Келгенің жақсы болды. Қалай күйеу балаң келісті ма?

— Айтып көріп едім көнбей қойды деді Жұмаш амалсыздан мысық ұрған адамның кейпін беріп.

— Онда өзің білесің. Менікі жағдайыңды айтқаннан кейін көмектесейін деп едім. Кейін өкініп жүрмесең болды.

— Жоқ жоқ жұмыс ұсынғаныңа рахмет.

– Жарайды. Өзің білесің. Мен шаруаның адамымын ғой сыра ішуге уақытым жоқ деп Тарпаңбай орнынан тұра беріп. Бір екі үш қадам жүргеннен соң тоқтай қалып қайтадан.

– Ақылбайдың ұлына нақты жауабын берем деп айтып едім мені күтіп отырған шығар. Асығып барам.

– Жолыңнан қалма деді Жұмаш амалсыздан. Жұмаштың көңілінде өкінішке ұқсас жайсыз сезім баурап алды. Иә дұдамал ой кейде өзінің қиуы келтіре алмай қоятыны бар. Тарпаңбай кетіп қалып еді, өзінің шешімінің дұрыстығына күмәндана түсті.

Жаздың кеші. Күн көкжиегіне бой тасалауға жақын. Ағаш көлеңкелері жерде қарманып түн көлеңкесімен құшақ айқастырғысы келмей-ақ тұр. Аспанда біраз жұлдыз шашырандысы пайда болған. Күн аздап салқындай түскен сияқты. Жұмаш өзінің үйіне қалай жетіп қалғандығын білмей қалды. Сөздің шыны керек күйеу баласына жұмыс тауып берем деген үміті сөне берді. Үйіне қайтып оралғанмен жаны байыз тауып тыныштала алмады. Өз ауына түскен балықты қайта суға жіберіп алған балықшыдай сезінді. Лепірген сезімі басыла берді. Көңіл-қошы бұзылды. Ертеңінде ояна сала кешегі күн есіне түсіп ұйқысы шайдай ашылып сала берді. Дәл үйі өртеніп жатқан адамдай орнынан асығыс тұрды. Күн желді екен. Көкжиегін бозымық шаң басқан. Жер көшедегі қоқысты ғана емес, адамдарды да ұшырып жібергендей. Көше қаңырап бос жатыр. Неге екенін білмейді салып отырып Тарпаңбайдың етік жөндейтін дүңгіршегіне барды. Онда Ақылбайдың ұлы отырды келіп-кетіп жатқан ешкім жоқ. Ол түсінікті. Жаңадан ашылған дүңгіршек. Неге екенін білмейді көңілі жайланды. Тіпті бір сағат тұрса да дүңгіршектің есігіне ешкім бас сұқпады. Мыңқау күйеу баласына дүңгіршекті алып бермегені дұрыс сияқты болды. Тіпті қуаныштан әйеліне тамақ ал деп берген ақшасына сыра ақшасына сыра ішіп қойғанын байқамай қалды. Арада бір ай өткеннен кейін, дүңгіршекті танымай қалды. Боялған маңдай жасына қатырып тұрып жарнама ілген, есік терезесі айқара ашылған іште музыка үні естіледі. Ақылбайдың ұлы жанындағы жолдасымен сөйлесіп жұмыс істеп отыр...

Ақылбайдың ұлы бір жылдан кейін су жаңа машина сатып алды.

ҚАЙДА БАРАДЫ

Серік есікті ашқанда суық жел бетіне өбіп өтті. Тіпті сыртқа шығуға батылы бармаған адамдай тұрып қалды. Шынында қайда барады. Мүмкін Жантастың үйіне барсам ба деген ой келді. Есікті сәл ашып сыртқа шықпақ болғанда батылы бармай тұрып қалды. Жантас тоқ жүзді кеуделі адам. Бір көрген адамға іс-қимыл сөзінен жасандылық естіліп тұрады. Тіпті келсін келмесін кейде өтірік күңкілдеп күлетіні бар. Үйі қора-қопсында киім-киісінде бір қылтанақ жоқ. Сөзі ылғи шеңділер туралы. Тіпті кейде солармен амандасқанын мақтанышпен айтып отырады. Бір кезде өзі де солар сияқты болуға талпынған. Әрине үйіне барғаннан соң амандасып өтірік кеңкілдеп күліп мүләйімсіп жағдайын сұрауы мүмкін. Сол кезде төр үйден керенау басып тойынған қатыны шығар олда аузын жыбырлатып амандасқан болады.

Егер көп отырса мүмкін шай қояр оның өзі бұлданып бергені сезініп-ақ тұрады. Оларға дәл қазір өзінің бейшара халын айтып көмек сұраудың өзі ақымақшылық. Сырттағы жел өршелене гуілдей соқты. Есікті ашып сыртқа шығуға талпыныс жасап қайта шегінді. Мүмкін Жұматайдың үйіне барсам бе екен деді іштей. Қашан көрсеңде әбігерленіп асығып жүргені. Дәл өзіне белгісіз біреумен бәсекелесіп жарысқа түскендей. Сондықтан бір сая тауып отыра алмайды.

Біреумен сөйлескенде мазасызданып тықыршып сөзін жүре тыңдайды. Сондықтан айтқан шаруанды леп-лезде ұмытады. Оған пайдасы болмаса ешқандай сөзді құлағына ілмейді деседе болғандай. Сыртта азынай соққан желдің дауысы естілді. Серік тағыда сыртқа шығуға талпыныс жасамақ болды. Сәл-пәл есікті ашыңқырады. Жойқынды жел аспандағы бұлт шудасын төңкеріп тастады. Серіктің сыртқа шығуға батылы бармады. Әліде желдің жойқын лебі басылмағанша дәлізде күте тұрмақ болды. Еріксіз есіне Оспан түсті.

Жас кезінде әділ, шыншыл әділетсіздікті көрсе жан дүниесімен қарсы тұратын. Егер әлде кім құсап бас

пайдасын ойлап арамза болса тіпті байыпта кетермеді. Бала кезіндегі аңқылдаған ұрман-бермен қазірде сол қалпы. Өнерлі қолы ашық болатын. Өзін құшақ жая қарсалатынына сөзсіз. Бірақ соңғы кезде мінезі өзгере бастады. Жиі ішетін болды. Сөздің көбі өзінің өмірінің босқа өткені туралы сары уайымға бой берген. Енді өмірдің күңгірт жақтарын ғана көреді. Оның сөзін тыңдасаң өмірден түңіліп шыға келесің. Серікке желдің өтімді лебі біраз басылғандай сияқты көрінді. Бағанағы кездегідей емес көңіл қошы біраз көтерілген. Бойында сергектікпен жігер пайда болғандай.

Сыртқа шығу үшін әлі де біраз күте тұрмақ болды. Есіне Өмірбек түсті. Көңілінде қуанышқа ұқсас жайлы сезім қылаң берді. Оны көрмегелі талай уақыт бопты. Сегіз баласы бар. Әрине әйелі екеуі қанша тыраштанып істеседе жетіспейді. Бірақ сондада олардың тағдырға лағмет айтып отырғанын көрген емес. Қашан көрсеңде жүздерінде жайдарлық есіп тұрады. Балалары бір-бірінен өткен өнерлі. Кісіні жадырқау деген жоқ. Кішкентайы жүгіріп келіп алдына отырады. Одан кейінгісі мойнына асылады. Ортаншы қызы домбырада ойлайды. Үлкен ұлы спорт жарысынан алған жүлдесін көрсетеді. Әйелі бар шаруасын тастай салып шай қайнатады. Қабак шыту деген жоқ бәрін алдына тосып бәйек болады.

— Болады ағаларың шай ішсін дейді біраздан соң. Отырыс әрқашанда көңілді болады. Әңгіменің тиегі ақтылады. Серік ол үйден көңіл-қошы көтеріліп қайта-тын. Серік есікті ашқанда желдің жойқын лебі басылыпты. Аспан бұлттан ашыла бастапты. Өмірбектің үйіне қарай асыға басты.

ГҮЛ ҚАЛА

Күзенбай қыстың басында арақ ішуін тыстады. Жапалақтап қар жауып тұрған. Жігіттер Шәкеннің үйінде әңгіме-дүкен құрып отырған. Күзенбай арақ толы ыдысты алмай басын шайқады. Отырған жұрт таңырқағандықтан аузын ашып қалды.

— Не болып қалды, — деді Шәкен.

— Арақты тастадым.

— Қалай денсаулығың ба?

— Жоқ.

— Ішкісі келмесе зорламандар, — деді Дүйсен.

Есі сау болғанда Дүйсеннің ақыл айтатын мінезі бар болатын.

— Өзің білесің бізге көп қалады — деді Шәкен артын күлкіге айналдырып. Күзенбай есік алдына шығып кеудесін кере демалды. Үйіне келіп төсекке жатып біраз тыныстап алды. Терезеден қарағанда қар әлі жапалақтап жауып тұр екен. Есік алдына шығып бой жазу үшін арлы-берлі аяңдап жүрді. Қанша іздегенменде өзіне ыңғайлы жұмыс таба алмады. Арада жарты ай өтті. Тағы да жапалақтап қар жауып тұрған. Таныстары тағыда Шәкеннің үйінде әңгіме-дүкен құрып жиналып отырған болар. Тар бөлмеде темекінің қою иісі сезіледі. Әңгімелері қайдан ақша табу жөнінде. Барлығы қалталарын ақтарып тиын-тебендерін Шәкеннің алдына жинайды. Жетпегендері тіпті нанға алып шыққан ақшаларын береді. Іштеріндегі ең жас Қожабекті араққа жүгіртеді. Әңгіме-дүкен одан сайын қыза түседі. Масая бастағандары айтқан әңгімелерін қайта-қайта айтады. Шәкен өзінің монша жағу үшін Серікбайдың қоршауын сындырғанын айтады. Үйіне келіп ұйықтап жатса, полиция оятады. Сөздің шыны керек болған жайды арақ ішкендіктен ұмыта бастағанмын. Шошып қалдым.

— Сен кеше Серікбайдың үйінің дачасын тонапсың ғой.

— Қайдағы тонаған ағашын өзі берген.

— Сөзді қой бізбен бірге жүр, — деді полиция.

— Еріксіз бардым.

— Айтқансың бұл әңгімені оншақты рет. Одан соң сендерді Серікбай үш күн араққа тойдырғандарыңды айтады.

— Ей тоқташы бұл әңгімелеріңді оншақты рет айтқансың. Одан да мен Қапанды қалай сабағанымды айтайын, — деді Қожан.

— Айтпай-ақ қой бұл әңгімелеріңді естігенбіз, — деді біреу.

— Жігіттер көп дауласа бермей денсаулық үшін бір тартып жіберейік, — деді Шәкен.

— Міне дұрыс ұсыныс. Әңгіме қызы түседі және таусылмайды. Алған арақтары леп-лезде таусылып қалады. Ең бірінші қалтасынан Серік қол салады. Әдеттегідей елу теңгесін шығарады. Мұны көріп жігіттерде қалталарын ақтара бастайды. Әзер-мәзер ақшалары бір жартылыққа жетеді. Арақ келген соң біраз ішкенен кейін ашқарынға ішкендіктен кейбіреулері масая бастайды.

— Ей сен анау күні үйіңе барғанда неге тығылып қалдың деді Қожан Серікке.

— Қашан?

— Өтірік мүләйімсімай-ақ қой.

— Мен түк түсінбей тұрмын.

— Түсінбесең мен түсіндіремін. Осы пасықтығыңды қашан қоясың?, — деді Қожан.

— Жігіттер қойыңдар. Оданда сыртқа шығып таза ауамен демалайық, — деді Шәкен басып айтып. Отырған онымен келіседі. Өйткені қалталарында ақша қалған жоқ болатын. Күзенбай ауыр күрсініп қойды. Осы біраз уақыт ішінде жалғыздығы жалықтыра бастаған болатын. Жұмыс іздеп бармаған жері жоқ. Жұмыс жоқ демейді. Бүгін-ертең кел дейді. Нақты жауаптары жоқ. Тіпті уақытша жұмыс тапты. Күніне екі мың теңге. Таңның атысынан, күннің бастысына дейін жұмыс істеді. Қожайын иман жүзді адам екен сөзінде тұрды. Бірақ бір айдан кейін жұмыс бітті. Күзенбай тағыда жұмыссыз қалды. Бәрінен жігіттерді сағынды. Неге сағынғанын өзі де білмейді. Көбінің бос жүрістен, толасыз арақ ішкенен, азып-тозып бара жатқанын біледі. Шәкеннің екі сөзінің бірі өтірік, суайт, бірақ керек жерінде ақкөңіл-

дікі тіпті жомарттығы бар. Қожабек төбелескіш болғанмен де нағыз ержігіттің өзі. Шаруақор қолынан келмейтіні жоқ. Осылай ақырын, баяу уақыт жылжып Күзенбай көктемнің келгенін білмей қалды. Саябағы бар жұрттың жер шұқылап жатқан кезі. Ауада күл қоқысты өртегеннен қою түтін иісі сезіледі. Қыстағы суықтан кейін жұрттың бой жазып серпілген кезі. Күзенбайға тағы бір жұмыстың жөні келді. Осы жолы жақсы жұмыс тапқан сияқты. Көшеде гүл отырғызатын әйелдерге қара топырақ әкеліп, одан соң таңертең оны суарады. Жұмыс онша қиын емес. Күні бойы таза ауада. Бұл кезде көшеде адамдар лебі көп. Анда-санда таныстарын кездестіріп қалады. Бірінші жалақысынан кейін көңіл күйіде өсе түсті. Арақ ішпегендіктен оның жұмыстары беделді өсті. Осылай жаздың күндері байқалмай жылжып жүре берді. Таңертең күн шығыласы жер бетіне түскенде түнде бастарын төмен иіп ұйықтаған гүлдер бетіне күн сәулесін тосады. Көше бойындағы қызыл-жасыл неше алуан түстен қанша қарасаңда көзің тоймайды, қайта-қайта қарай бергің келеді. Күзенбайдың жұмысқа берілгендікі сондай оның жанында бірге істеп жүргендер байқамай қоймады. Бір күні бастық өзін кеңсесіне шақырып алды.

— Отыр жігітім жағдайың қалай жұмысқа ризамысың?

— Ризамын.

— Сені жұрт мақтап жүр.

— Рахмет.

— Жаздың ыстық күндері келе жатыр, аптаған ыстықтан гүлдерді суармаса солып қалуы мүмкін. Жаныңа көмекші ал. Өзің сияқты арақ ішпейтін сенімді болсын. Гүл нәзік өсімдік. Солып қалса өзің басыңмен жауап бересің.

— Ондай кісіні табамын, — деді Күзенбай сеніммен. Өзінің бір кезде арақ ішкен достарын есіне түсіреді. Демалыс күні арақ алып Шәкеннің үйіне барды. Шәкеннің үйінде әдеттегідей жігіттер отыр екен. Түк өзгермеген. Есік айқара ашық болсада бөлме ішіндегі ауа бығыз көк түтін. Орталарында басталған бір жартылық. Шәкен өзінің Серікбайдың саябағындай қалай ағашын сындырып әйелінің полиция алып келгені туралы айтып отырған.

— Айтқансың Шәкен. Оданда мен қалай Қапанды сабағанымды айтайын деді.

— Жігіттер дауласып неміз бар денсаулық үшін алып қояйық. Күзенбайдың келгеніне бәрі қуынып қалды. Бір жартылық арақ алып келгенін көргенде одан сайын қуанды. Алдарында тұрған арақты асығыс аузына төңкере салды. Күзенбайдың алдына арақ құйғанды ол үзілді-кесілді бас тартты. Отырғандар таңырқағандықтан ауыздарын ашып қалды.

— Біз сені қатарымызға қайтіп оралды ма деп қалдық, — деді Шәкен.

— Жоқ мен сендерді қайта өзімнің қатарыма шақырғым келіп отыр. Кім барғысы келеді жақсы жұмыс. Айлығын уақытында береді. Барамыз деп барлығы шу ете түсті.

— Маған бірақ адам ғана керек. Бірінші шарты арақ ішеу керек. Жұмысқа шықпай қалғанын былай қойғанда аузынан арақтың иісі шықса жұмыстан шығарып жібереді.

— Өзің немене бастық болып кетекенсің бе? — деді Шәкен кекетіп.

— Аздап бұл бастықтың тапсырмасы.

— Мен барам, — деді Қожақ. Басқалар үндемей қалды.

— Онда келістік дүйсенбі күні кездесеміз, — деді Күзенбай орнынан тұрып.

Отырығандар таңырқағандықтан ауыздарын ашып қалды. Тіпті мынау тұрған Күзенбай емес басқа біреу сияқты болып көрінді.

Жаз ортасы. Аспанның әр жерінде шарпы бұлттар жүзіп жүр. Күн қапырық. Теңіз жақтан самал жел соғып тұр. Ауа құрғақ. Гүл сияқты нәзік өсімдіктерге көп ылғал керек. Оның үстіне оңтүстік жақтан аптаған аңыз-ақ жел соға бастады. Қырсық қылғанда су құбырындағы қысым азайып, су үлесіреп қана ағатын болды. Бір күні бастық өзін шақырып алды.

— Қалаға облыстың әкімі келеді. Гүлдерді мұқият суар, ұятқа қалып жүрмейік. Енді суды су машинасымен шашуға тура келеді. Тағы өзің сияқты ішпейтін жақсы танысың болса жұмысқа шақыр. Машина айдайтын куәлігі болсын.

— Бар ондай танысым, — деді Күзенбай.

Серік бірден қуана-қуана келісті.

— Әйелім әбден миымды жеп болды. Сені құдай айдап келді. Сәті түскен шаруа болды - деді қуанышты дауыспен.

— Шәкеннің жағдайы қалай болып жатыр, — деді Күзенбай.

— Жүр ғой араққа тоймайтын кебеже қарын. Ол жаққа қазір бармаймын. Орталық көше ұзында кең болатын. Күннің аптаған ыстықта демалады. Күн қызуы қайтқан кезде гүлдерді суаруға кіріседі. Таңертең күн ұясынан шықпай жатып ерте тұрады. Құбырдағы судың қысымы түнде жоғары болғандықтан кейде түн ортасында суарады. Жанындағы жігіттерге риза болды. Жұмыстың көптігіне қарамай қабақ шытып ренжіген емес. Күзенбай гүлдерді тірі жандай түсінетін дәрежеге жетті. Бір таңғалғаны гүлді көрсе көңіл-күйі көтеріліп салабереді. Әсіресе аквапарк жақтағы көшенің ортасындағы егілген гүл өрнектері кісінің көзінің жауын алады. Қызыл, жасыл, көк түстер бейне кілем үстіне салынған өрнек сияқты. Әсіресе таңертең суарғаннан кейін күн көзі қызғаннан соң құлпырып сала береді. Қожан өзіне таптырмайтын көмекші болды. Жұмыс істегеннен бері өзінің Қапанды қалай сабағанын айтуды қойған. Бірде гүлдерді суарып болып бәрі орындық үстінде отырып темекі тартып отырған. Күн ыстық болғандықтан көше қаңырап бос жатыр десе болады. Бірақ машиналар өте көп. Егер жоғарыдан қараса көктем кезінде өзен бетінде ағып бара жатқан түрлі-түсті мұз кесектеріне ұқсайды. Кенет қызыл-жасыл шамын жағып полиция машинасы өтті. Оның артынан қара түсті үлкен бастықтар отыратын шетелдік машина көрінді.

— Үлкен бастық келгенге ұқсайды, — деді Күзенбай.

Ертеңінде таңертең бастық жедел түрде өзіне шақырды.

— Қалың қалай болып жатыр.

— Жақсы.

— Кеше келген әкім көшедегі гүлдерді көріп мақтады. Саған осы айда екі айлық сияқы тағайындадым. Қазір кассадан барып алуыңа болады.

БҰЗАУ, ӨГІЗШЕ, БҰҚА

Жолдыбай үйін, бар малын сатып көшіп келгенде ақшасы ескі екі қабат ағаш үйдің екі бөлмелі пәтерін сатып алуға ғана жетті. Бөлмеге кіргенде қабырғасында қандала өріп жүрді. Оның үстіне ас үй мен дәретханадан жайсыз иіс сезінеді. Терезе есігі аңғал-саңғал бұрынғы иелері ішкіштеу адамдар екен. Жолдыбай үйін жөндеп алмай үй ішін көшіріп алғысы келмеді. Ауылдағы үй ішіне әлі тұра тұрындар деп хабар берді. Өзі қалған ақшасына бояу, қабырғаға төсейтін түсті қағаз, тағы басқа құрылыс заттарын алып жөндеуге кірісіп кетті. Бөлмеде кісінің қолқасын арттыратын бояу иісі тұрды. Әлсін-әлсін далаға шығып таза ауамен демалады. Жолдыбайдың қолынан келмейтін нәрсесі жоқ. Үй ішіндегі ұсақ жұмыстарды өз-ақ жөндей беретін. Бір кезде өзі істеп жүрген мектепте еңбек мұғалімі жетпей, біраз жыл осы пәннен сабақ берген. Сонда ағаш кесу, орындықтарды жөндеу, бояу, тіпті пеш салуды үйренді. Жазда мұғалімдерге мектепті жөндегіп марқұм болып кеткен Сағымтай туған-туысқандарына жазып ақшаны өз қалтасына басатын. Бірінші күні есікті қағып ашқанда ұзын бойлы орта жастан асқан орыс тұрды.

- Коля осы үйде ме екен?
- Жоқ көшіп кеткен.
- Апырай маған мың теңге қарыз еді. Орыс кірбіктеп өзінің бірдеңе сұрағысы келіп тұрғаны түрінен сезіліп тұр.
- Братан елу теңге бермеймісің.
- Болады. Серікбай келесі күні енді жөндей беруге кіріскенде есікті біреу әлсіз қақты. Басында естімеді. Сонан соң естіп балғасын жерге қойып есікті ашты. Орыстың кемпірі екен. Осы сияқты кемпірлерді үлкен магазиннің алдында гүл сатып тұрғанын көрген.
- Қарғым осы үйде Коля деген пенде тұру шеді.
- Тұрған. Кеше бір жігіт іздеп келді. Коля Россияға көшіп кеткен.
- Шынба қарағым?
- Иә апасы өтірік айтып нем бар!

— Жарайды қарағым. Мазанды алғаным үшін кешір. Алғаны ас болсын. Оған істеген жақсылығым құдайдан қайтар. Түнде бояу иісі аңқыған үйде жата алмай кейде көше қыдырып кететін. Бұл қалада жұрттың айтуына қойғанда ішкіштер мен наркамандар көп екен. Әлде жұмыссыздықтың кесерінен бе екен?

Жаз ортасы болатын. Аптаған күннің ыстығы сәл-пәл басылған. Терезеден күн сәулесі қыздырған үй ішінде күндіз отыру мүмкін емес еді. Кешке таман күн ұясына батқан кезде көше қыдырып жан сақтайды. Жолдыбай аз күн ішінде өзінің осы тұрмыс тіршілігіне үйрене бастады. Күндіз үй жөндейді, кешке қыдырады, таң алдында ғана ұйықтауға жатады. Бәріненде өзі жұмыс істеп біраз сандалды. Оның да сәті түсті. Танысы Тұрысбектің арқасында жұмыс тапты.

— Ей сен ауылыңда біраз малың бар дебедің ғой.

— Иә, қой бұзау.

— Онда бұзауыңды мектеп директорына бер.

— Келісемін — деді Жолдыбай амалсыздан

Күзге таман үй ішін көшіріп алды да мектепте жұмысқа кірісіп кетті. Істеген күннен бастап, мектеп директоры Жолдыбайды мақтап ала жөнелді. Айтысына қарағанда өте тәжірбиелі ұстаз. Мектепке жаңа тыныс леп әкелген.

— Білікті ұстаз екеніңді бірінші күннен бастап-ақ сезе бастағам. Оның сабақ беру методикасын осында отырған кейбір мұғалімдерге үлгі етіп ұсынуға болады. Жолдыбай мұндай аяқ асты марапатталғаннан тіпті өзін ыңғайсыз сезіне бастады. Рас өзінің қара жаяу емес екенін біледі. Бірақ елден ерекшеленіп асып бара жатқан түгі жоқ. Тіпті соңғы жылдары тіршілік қамымен тіпті ізденуді де қойған болатын. Бірақ сөздің шыны керек марапаттаған өзіне ұнай бастады. Тіпті көңілінде себепсіз желік пайда болғандай. Кейбір мұғалімдердің ашық сабағына қатысқанда, сабақты талдаудан гөрі кісімісініп үйретуге бейім тұрды. Бір жағынан өзінің білімі қордаланып суалмайтындай болып көрінді. Бірақ өзінің бір айтқан сөзін жиі қайталап мағынасы аз сылдыр сөзден тұратынын сезбей қалды. Сөзінің көбі жаттанды. Мән мағынасы аз. Мектеп директорына арналған қысқы соғымды әкеп бермек болмақ еді. Бірақ

аяқ астынан қарындасы қайтыс болып соны қырқынан сойды. Құнажын өсіп тайынша болған да келесі жылы әкеп бермек болды. Бұл ойында іске асыра алмады аяқ астынан кіші ұлы үйленіп соның тойына сойуына тура келді. Бұл мектепте істегені үшінші жылға аяқ басты. Бұл ұжымға бойы үйрене бастады. Өзімен қатарлас егде тартқан мұғалімдермен әңгіме айтып, қалжыңдасатын. Бірін-бірі қонаққа шақыратын. Әсіресе жазғы демалыстан келгенде бірін-бірі сағынып қалатын. Бірақ күн сайын директор өзіне суық қарағанын сезбей қоймады. Әрине уәде еткен малын бермесе болмайды. Ер жігіт сөзінде тұру керек қой. Тіпті жазда мал сатып алып семіртіп, қысқа таман соғымға алып келіп берсе тамаша болар еді. Бойынан ауыр жүк түсер еді. Өзі зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін анау-мынау деп соқтықпас еді. Бірақ малдардың бағасы күрт қымбаттап, бұл ойында іске асыра алмады. Енді шынында да сасқалақтай бастады. Тіпті директордың көзіне түспуге тырысты. Бұрын жиналыстарда алдыңғы қатарда отыратын. Өзінің бойында белсенділігі бар болатын. Енді көзге түспеу үшін артқы орындықта отыратын болды. Үшінші жылы мектеп директоры ақырындап өзіне соқтыға бастады. Бірақ бірден емес, алыстан және өзі емес итаршы завучтарын салды. Ең бірінші бар пәле күнгізбектен басталды. Бәрін жылдағыдай жазғанмен үш байдан айырылысқан көк бет завуч қызыл сиямен аламаштап сызып тастады. Рас кейбір жерлерін жай ескертседе болар еді. Бірақ бәрін түкке жаратпай тастағанына жанына батып кетті. Сөз айтқан жоқ. Бұл көк бет қатынның қадалған жерінен қан алатынын білетін. Келесі жазып апарған күнтүзбегінде жаратпай, аламаштап сызып тастады. Сол күні түнімен екі жағына дөңбекшіп ұйықтай алмай шықты. Әдетсіздіктен бас бармағын тістеді. Үшінші жазып апарған күнтүзбесінде жаратпай тыстады. Бұл жазғаныңыз не бос орын қалдырмапсыз тіпті мен қол қоятын жерде жоқ қой. Еріксіз төртінші рет жазып әкелді. Енді өз басына қара бұлт төнгенін сезді. Түн ұйқысынан айырылды. Бейне өзінің жан-жағынан жаулары әр қадамын аңдып тұрғандай сезінді. Енді жұмысқа елден ерте баратын болды. Педагогикалық кеңесте көк бет завуч оның

күнтізбені төрт рет жазғанын көзін шұқып тұрып айтты. Жолдыбай өзін-өзі қорғап сөз айтпады. Директор өзімен амандасқанда өзінің қолын селсоқтау береді. Ыңыранып сөзі аузынан әзер шығады. Оның есесіне жасы келіп қалсада мектептің қоғамдық жұмысына аямай салды. Әдетте ондай жұмысқа жас мұғалімдер жүгіретін. Өзіде жас кезінде елпектеген елгезек болды. Бірақ жасы егде тартқанда бес қабат үйге көтеріліп баланың тізімін алу үшін көше кезген оңай емес. Енді педагокиалық кеңесте директор ашықтан-ашық сынай бастады.

— Мен алғаш келген кезде мойындаймын Жолдыбайды мақтағанмын. Ол мақтағанымда негізсіз емес тәжірбиелі ұстаз. Бірақ уақыты өте келе бұл ұстаз өзінің қоғамдық жұмысқа қатысқысы келмейтінін көрсетті. Жұмыстан соң үйіне тайып перетін жайсыз қылықтары бар. Тапсырған жұмысты жүрдім бардым істейді. Рас жасы келіп қалған үлкен адам жұмыс істегісі келмесе үйде отырсын жастарға жол берсін. Жолдыбай бұл жиындада өзін қорғап сөз айтқан жоқ. Есенгірегендей жайсыз күй кешті.

Уақыт көктем басы болатын. Қар еріп жауын жауып жердің миы шығып езіліп жатқан. Күн ұясына батып бара жатқан кез. Қыстың ызғары келместей болып кеткен. Күн әлде болсада салқындау балалардың ойнаған көңілді даусы естіледі. Жолдыбай ешкімге жоламай жалғыз өзі үйге жаяу қайтты. Тіпті кешкі шайын шөлдеп ішеде алмады. Тамағынан ас өтпеді. Түнімен жүрегі шаншып ұйықтай алмай шықты. Ертеңінде бейне бір тойда болғандай түнімен арақ ішкен адамдай өзін жайсыз сезінді. Сабағы түстен кейін болатын. Бірақ таңертең директор өзіне телефон соғып шақырып алды. Директордың алақаны көктей болатын үш-ақ саусағын ұсынды.

— Сізді білміңізді жетілдіретін курсқа жібереміз. Содан кейін көреміз жұмысты қалай істейтініңізді көреміз деді мысқылмен. Жолдыбай шынында да мұғалімдердің білімін жетектеу курсына барғысы келіп жүретін. Іштей қуана келісті. Бұрын сан рет білімін жетілдіру үшін оқуға барған. Бірақ білім алу үшін емес, сейілдеп демалу үшін баратын. Өздері оқыған лекцияны әйел мұғалімдер ғана жазатын.

Сөздің шыны керек лекция тақырыбын жыл сайын оқи-оқи әбден жауыр болған. Бірақ тырысып өз бетінше ізденген мұғалімдерге білімене-білім қосып біраз нәрсені алып қайтары сөзсіз еді. Осы жолы елмен қосылып арақ шарап ішпеді барлық лекциясына барды. Өзі түсінбеген тақырышқа сұрақ беріп біраз нәрсені түсініп алды. Сөздің шыны керек өзінің шалғай ауылда қалып өзінің біраз қарайып қалғанын сезді. Мұғалімдер курсінен алған білімінен өзіне-өзі сенімдірек болды. Бір педагогикалық кеңесте өзінің оқып біліп келгенін ортаға салмақ болды. Бірақ ісінің меңгерушісі көк бет завуч басып тастады.

— Бұл жазғаныңды, ойыңды мектеп аралық методикалық кеңесте айтасың. Енді сыныптағы тәртіпсіздік, кезекші болғанда балалардың асханада шулағаны, тіпті кейбір оқушылардың сабаққа кешігіп қалғанына Жолдыбай кінәлі болып шыға келді.

— Біздің мектепте кейбір ұстаздардың өз ісіне салғырт қарағандығынан тәртіп қожайы бастағн. Мысалы алыстан іздемей-ақ қояйық. Кеше 8 сынып оқушыларының арасында төбелес шықты ренжіседе айтайын Жолдыбайдың кезегінде болды. Сондықтан осы ұстазға ақырғы рет сөгіс жариялаймын деді директор педогогикалық кеңесте. Жолдыбай мектептен асыға шықты. Күз айы болатын. Ызғырықты жел соғып тұрған. Арты жауынға айналатын шығар. Расында да солай болды үйіне жетпей жауын құйып кетті. Үсті-басы малмаңдай су болды.

— Қатын кредит алып өгізше сатып алып ана директордың қарызынан құтылу керек.

— Өзің біл деді әйелі самарқау дауыспен.

— Банктен кредит қарыз ақша алып одан соң қырға барып мал сатып алып, оны алып келгенде қыстың алғашқы ызғары біліне бастаған болатын. Директорға соғым апарып берген күннің ертеңінде пед кеңесте шайпау завуч тағы өзіне соқтыға бастағанда диретор бірден басып тастады.

— Жә болды біздің мектепте басқа проблемалар жетерліктей деді. Жолдыбай енді еркін демалды. Біраз уақыттан кейін директор оны жер көкке сиғызбай мақтай бастады.

— Жас мұғалімдер Жолдыбай сияқты тәжірбиелі ұстаздан үлгі алындар. Мысалы ұшаң теңіз біліміне қарамай жақында мұғалімдер даярлайтын курсқа барып білімін жетілдіріп келді. Жай келген жоқ сол жерде өзін көрсетіп мақтау грамотасын алып келді. Көк бет завуч аузын жапты. Бірақ Жолдыбай директор қанша мақтап марапаттасада бұрынғыдай желшінбеді.

СОҒЫМ

Биылғы соғымға Төкен тайыншаны дайындап қойғанмен де, қар жаумай қойғандықтан союын кейінге шегеріп, тіпті осы жексенбіде балаларға көже — қатық үшін жалғыз қойын сойып алуды ұйғарған еді... Міне, бір жұмадай толассыз соққан суық жел лебі ызғарлы. Мұндай кезде қарсыз қысқа үйренбеген көзге бір түрлі жүдеу тартып көрінеді. Аспан ашық болғанмен де, күн аязды болып тұрды. Өткен жаз Төкен үшін жайсыз ауыр болды. Жыда табысы мол қалаға кететін еді. Биыл жиі науқастанып, осы кішкентай қаладан ұзап ешқайда бара алмады. Күзде үйіндегі жалғыз сиырға қыстай талшық ететін шөптің өзін әзер тауып түсірді. Оның өзі қырлы жерде өскен нәрі аздау сойдақ шөп.

Бүгін үйден шыққанда таңсәріден басталған суық өтімді азғарлы жел екпіні жұқа киімінен өте шықты. Ішіндегі жұлымданған шолақ қара тонын киіп шықпағанына өкінді. бірақ кері қайтуға ерінді. Тек түске таман шақырайған күн сәулесі желдің ызғарлы лебін болар болмас қайтарғандай болды.

Кешке шай ішкен соң жіпсіп маңдайынан шып-шып тер шығып көңілденіп сала берді. Әйтеуір биыл қысқа түсірілген көмірлері жақсы болып тұр. Лезде бойланып жанып, үй-іші жылып сала береді. Пеш түбіндегі жылудан маужырағаны сондай, тіпті сиырға шөп салуға еріне шықты. Қысқа қыс күні талмаурап батып барады. Қала шетіндегі

қырқа төбе етектерінде көлеңке үйірілген. Түнге қарай жел толастап, аяз қатая түскен сияқты. Енді ғана үйге кіріп, бел жазып отыра бергенде есік ашылып, інісі кіріп келгенін көріп қалбалақтай қуана орнынан тұрды.

— Аманбысың, екі кештің арасында неғып жүрсің, — деді. Інісі асықпай сырт киімін шешіп, төр алдына жайғасып отырмай, ештеңе айтпады. Інісі Нұрлан өзіндей емес, торбақ қызыл шырайлы. Қисықтау көзі қулана сығырайды.

— Шаруамен келдім, — деді жауапты қысқа қайырып.

Төкен інісін қадірлейтін, өздерінің ішіндегі адам болып ел жұртқа мақтан етуге жарайтыны Нұрлан деп есептейтін. Өзін қойшы, әйтеуір ел қатарлы түгін түтетіп отырғаны болмаса, әзірге қырыптастағаны шамалы. Нұрланның қонақта болуға, өзге үйдің төріне жантаюға үйренгендігі білініп-ақ тұр.

Төкен әйеліне айтып ет асқызды да, біраздан көрмеген інісімен екеуі шай ішуге отырды. Төкенге Нұрланның өмірі қызық думан тойдай болып көрінді.

Анда-санда қалаға үйіне барғанда, тіпті өзін ыңғайсыз сезінетін еді. Қайда қарасаң жылтыраған зат, кілем, мінгені машина, ал елдегі жұрт оны Сатайдың адам болып кеткен ұлы дейді.

Нұрланның абыройлы болғанын, Төкен де мақтан тұтады. Өз басына келгенде, пайдасын әлі көрген жоқ. Рас, тіпті соңғы кезде бел жазып сөйлесуге уақыты да жоқ, осылай суыт келіп кетеді. Бірақ бұны көңіліне алып, ренжіп жатқан Төкен жоқ, қайта келген сайын асты-үстіне түсіп, елпілдей түседі.

Шай үстінде Нұрлан өз жағдайын айта отырды. Келген шаруасын әлі ашып айтқан жоқ. Ең алдымен жағдайын жайып сұрай отырды. Төкен Нұрланның сөзіне, отырыс-тұрысына, барлық іс-қимылына сүйсінетін. Өзі болса дәл мынадай майдалап сөйлеуге шыдамы жетпей, келген шаруасын тура айтар еді. Тіпті, інісінің бетіне қарап, ішкі ой-сезімін білу де қиын еді.

Шай үстінде қызба мінезді Төкен сөйлей бастады.

— Өз халім жаман емес. Қыс қиын болайын дел тұр. Қар елі жауған жоқ.

— Оның рас, — деп Нұрлан келісе кетті.

Әйелі қазанға ет салып, оты қаузаған соң, үй-іші ысып кетті.

— Әлгі алаяқ прораб Шатақты боқтағаным үшін жұмыстан кетіп қалуға тура келді.

— Бекер боқтағансың, тек өзіңе ғана зиян келтірдің, — деді Нұрлан.

— Сөздің шыны керек, шыдай алмадым. Сен сияқты емес, сырымды ішке сақтай алмаймын. Несіне шындықты жасырып, ойымды бұғам. Сендегі қулық жағы менде жоқ. Болмай-ақ қойсын. Әдеттегідей мұндайда кездескен кезде көп сөйлейтін Төкен, ал Нұрландікі тек бас изеп тыңдай беру. Ақыры ет желініп болып, жатарда тысқа шыққанда жарық ай сәулесі бұлт шудасының арасында көрінбей кетті. Күндегі аспан бетін самсаған жұлдыздар да көмескіленіп кеткен.

Төкеннің көңіл күйі көтеріңкі еді. Таңертең ерте оянып, Күн жауар алдындағыдай аспанды ақшылтым бұлт басыпты. Тыстағы шаруасын бітіріп ішке кіргенде, інісі де тұрып киініп, енді жүріп кетуге сайланып, дайын отыр екен.

— Әлі айтпадың ғой, өзің не шаруамен келіп едің, — деді Төкен.

— Өзің білесің, жаңа жылда Кусаин Аткешовичті қонаққа шақырушы едім. Соған қой керек болып тұр.

Төкен біраз ойланып қалғанымен, жауабын бөгелмей кесіп айтты.

— О не дегенің, сонау жерден келгенде сені бос жіберейін бе.

Бүгін сойғалы отырған қойын Нұрлан машинасына салып берді де, інісі ұзақ көзден тасаланғанша артынан қарап қалды. Оның қызық думан-сайранға толы өмірін көз алдына елестеткісі келді. Тек қиын екен. Дәл бір тез семілер тәтті қиялға ұқсас сезім бойын баурап алды. Інісінің сонау үлкен қаладағы дөкейлермен табақтас болғанын қуана мақтанышпен ойлады. Түлен аспан бетін жапқан ақ сұр бұлттан жапалақтап қар жауа бастады. Азынай соққан жел қар қиыршақтарын жерге түсірмей, қақпалай ойнақтатып ала жөнелді. Мына өтімді суық жел балаларының көжеқатықсыз отырғанын есіне түсірді. Амал жоқ, соғымға дайындаған тайыншасын бүгін сойып алмаса болмас.

АТАМНЫҢ ӘНІ

Атам, ертең көршілес совхоздағы туыстарымызға барып келеміз дегенде, мен түнімен ұйықтай алмай шығатынмын. Ол кісі жолға шығарда ұзақ дайындалатын. Жуас атты суарып, жем беріп, ақыры ескі арбаны жегіп, жиналғанша, күн әжептәуір биік көтеріліп қалатын-ды. Мен қашан жүрер екенбіз деп жүрегім лүпілдеп күтетінмін. Бірақ арба үстіне отыра беріп, есіне әлденені түсіргендей үнсіз отыратын да:

— Тек, Үмітжан жақсылыққа, — дейтін.

Баратын жеріміз онша ұзақ емес, бар-жоғы жиырма шақырымдай ғана.

Таң ертенгі ашық аспан реңін қара сұр бұлт торлай бастапты. Күн ыстық, бірте-бірте ауыл үйлері ұзай береді, ақыры көзден тасаланады. Атам осы кезде машиналар жүретін даңғыл жолмен әсте жүрмейтін. Бұрынғы көне, қамыс өскен, құрақ шөптердің арасында іздері әрең көрінетін ескі жолмен жүретін. Мүмкін өзі жас кезінде сан рет жүріп өткен соң көзіне ыстық болып көріне ме екен.

Әдетте мұндай жолдар қиын болғанмен адамға берер қызығы көп еді. Маңайда адам да, мал да жоқ, иен Тек бейтаныс жерден әр жерде бытырлай үлкен құстар көрінді.

Ұйысып өскен қамыс тоғай, сарқырай аққан бұлақтың бойымен жүреді. Күн қыза бастады. Бағана қылтанақ беріп шығып келе жатқан қара сұр бұлттың аумағы өсе бастады. Атам мұндай жол жүргенде ыңылдап өлен айтады, тек аңдасаңда «шу, жануар» деп төрт атқа қамшы үйірген болады, бірақ мұндай ұзақ жолда қара желіспен желмесе баратын жеріне қан сорпа болып баратынын білетін экті торы ат қамшыны үйірмесе де өз бетімен желе шауып көрген емес, Атам «шу, жануар» дегенде ғана басын кекшең еткізіп тезірек желіске салатындай алдамшы әсер беретін де, қайтадан өзінің кісінің ішін пысыратындай таймайтып.

... Арбаның бір келкі салдарымен, атамның қоңыр дауысымен айтқан өлеңі менің сол кездегі сезіміммен үйлесімдік тапқандай. Атам айтқан әннің сарынан енді келмесе өтіп кеткен жастықтың сарыны сезілетін.

Ол әндердің қайырмасында мұң мен қатар, наз тілек сезілетіндей. Мұндай бір сыралғы әнді тыңдаған мен жалыққан емеспін. Тау арасымен жүріп келеміз. Бағана біз үйден шыққанда сұрғылт бұлт енді кара қошқылданып қорқынышты кейіпке енді. Аумақты бұлт күнге жақындаған сайын, маңай күңгірт тарта түсті де, және сәтте мәзмейрам болып ән салып жүрген құстардың да даусы тына қалды да, бұрынғы тыныштық басты. Атам да өлеңін доғара қойып «шу, жануар» деп атқа қамшы үйірді. Ба ғанадан бері жайбарақат келе жатқан торы ат, енді шаба жөнеледі. Тіпті арба артынан бытырлап шаң уйірледі. Кенет найзағай жалыны жалт етті де, күн күркіреп, жауын құйып кетті. Торы ат енді бәрі бір мына құйған нәсерден қашып құтыла алмайтынын өгіз аяңға көшті. Атам шапанын киіп, мені бауырына алған. Күн күркірей бастағанымен-ақ, дұға оқуға кіріскен. Жауын суы лезде жолдың шетіне арық болып ақты. Күн күркіреп найзағай жарқылдауын әлі қойған жоқ. Аспандағы бағанағы кара сұр бұлттың ақшыл тартып бозарып шеті түріліп, көкшіл аспанның шеті қылаң беріп, жаңбыр сұйыла бастады да, біраздан кейін жауын басылды. Атам қайтадан әнін жалғастырды.

Жауыннан кейін ауада адам жеткізе алмайтын хош иіс тараған. Қөк құрақ шөптер одан сайын бой көтеріп өсе түскендей. Әр жерде айнадай бетіне аспанды шағылыстырған, тұнған сулар көрінеді. Біраздан сон біз алыстан көгілдір тау бөктерінде біз келе жатқан ауылдың үйлері ағараңдады.

ҚАҢБАҚ

Ауыл шетіндегі жұпыны үйдің мұржасынан түтін шықпағалы бүгін үшінші күн...

Қара суық желден жердегі лай өңіне ене алмай тұр. Тоғандағы су бетіне шыңылтыр мұз шығынап қатып, жер тоңданып, тау арасындағы қар аралдары қыстың қытымыр суық кезін еске салғандай бір түрлі

ызғар тартады. Сонда да күн төбеге көтеріле бергенде барып шуақты жерде біршама бой жылытуға болатындай қызудың лебін сезуге болады. Қыстай күн сайын дерлік қатынасып, тілдесіп отырған екі кемпірдің көктемгі лайсаң басталғаннан бергі қарым-қатынасы үзіліп кеткен еді. Елден бұрын өзінің құрбысының үйінде тіршілік нышанының сезілмегендігін байқаған да Бәтима болды.

Азынаған қара желдің қыстан қысылып шыққан көтерем малды жығардай екпініне қарамай шыққан еді. Алыстан-ақ сылағы түскен құрбысының жұпыны жұтаң үйінің күтімі кеткенін байқауға болады. Қора маңы лайсаң мен мал тезегіне былыққан. Жақындай бере қорадағы қамауда тұрған сиырды мойын соза мөңіреген даусын естіді. Бейне түн қараңғылығы үйірілгендей терезе әйнегі бір түрлі қарайып көрінді. Әйтеуір есік ашық екен сырттан бар екпінімен ентелей кірген ол бірден төргі үйге өтіп кетті. Төсектегі ұйықтап жатқан құрбысын көріп:

– Нағима-ау, мына суық үйде қалай жатырсың, — деп төсекке жақын келді. Құрбысының кірпік қақпай ашық жатқан көзін көріп шошынған ол құдайына жалбарына сыйына берді. Біраз уақыт өткен соң ауыл шетіндегі жұпы үйдің маңында адамдар қарасы көбейіп кетті.

Нағима кемпірдің жақын маңдағы жек-жаттары келгенімен, жеделхат жіберілсе де қалада тұратын баласы кешіге берді...

Дүйсеннің пәтер ауыстырғанын айтып үйіне хат жазбағанына да айдан асып кетті. «Мамыр мейрамына таман барып қайтармын» деген ойда жүрген соң өзінің орын ауыстырғаны жайлы хабарлап айтуды қажет деп ташпаған еді.

Ауылдағы үйіне келген алғашқы күндері көңіл айта келген көрші-қолаң, құрбылары көңілін аулап біраз жұбатқандай болды. Сонан соң қаңыраған төрт бөлмелі үйде жалғыз қалды. Рас, анда-санда Бәтима кемпір келіп жағдайын біліп кетеді.

Талайдан бері бетінен бұлт арылмаған тұжыраңқы аспан ашылып күн жылынып, жер бетіне қаулай көк шыға бастады. Ауыл шетінде көсіліп жатқан кең жазық пен тау

жоталары алыстан анық көріне бастады. Кейде жалғыздық жанын қинайтын толласыз ойдан құтылу үшін ауылдан талай жерге ұзап кеткенін де білмей қалды. Ал түннің біраз уақытын ұйқысыз өткізеді. Әйтеуір, анасы қайтыс болғаннан бері қаңырап бос қалған аядай үйге жалғыз өзі сыймайтындай күй кешетін болды. Осылай күн артынан көктемнің күндері де өте берді. Бірақ ол уақыт өткен сайын өзінің туып-өскен үйімен мәңгі қоштасатын кездің де тақағанын сезді. Кейде тіпті ешқайда кетпей осы жерде тұрақтап тұрып қалғысы келеді-ақ.

Хал-жағдайын білмек боп келіп жүрген таныстарының сөз бағамдары да ұнамайды. Олардың сөз астарына қарағанда, мұның тәжірибесіздігін пайдаланып арзанға мал, үйін сатып алғысы келетінге ұқсайды. Мұндайда Дүйсен олардың сөздерін немкетті ниетпен сыр білдірмей тыңдаған болды. Бәрінен бұрын енді алыста сағынып жүрген кездерінде қамыққан көңіліне медеу болатын, аңсап шаршап келгенде «өлең төсегім» деп мауқын басып кететін өз үйінің енді болмайтыны жанына қатты батады.

Күн ысып тұр. Нағыз көктемнің жайма шуақ кездері ерте басталатын түрі бар. Аспан айдыны тұмшалы бұлттардан тазарған. Кештері тымырық емес, айлы жұлдызды қоңырқай жайлы. Дүйсен көктемнің осындай бір жанға жайлы қоңырқай кезеңін сезінгенімен өзінің бейжай самарқау қалпына айыға алмады.

Кейде тү жарымында оянып алып, көпке дейін ұйықтай алмайды. Көңіліне қайдағы бір өкінішті ойлар, өксікке толы сезімдер оралады. Өзіне ыстық баяғы уайымсыз-қайғысыз балаң бала кезі елестейді.

Ақыры демалысы бітіп, кететін кезі тақағанда үйін, шешесінен қалған азын-аулақ малын сатып жолға жинала бастады. Кетер күні де күн ашық, жайма шуақты болды. Қолы бос достары шығарып салды. Өзін енді үйіне оралмайтынын сезінгенде, көңіл түбінде жатқан өксік сезімі лықсып шыққандай жәудіреген жанары мұнарланып кетті...

Автобус орнынан баяу жылжыды. Бірақ, былай шыққан соң бар пәрменімен ағыза жөнелді. Кенет Дүйсеннің көзіне көз жетпес дала төсінде домалап бара жатқан жалғыз қаңбақ шалынды. Көзден таса болғанша ұзақ қарады...

БАСТАУ

Осы маңға тән емес жаздың күніне бергісіз күздің тамырсық жылы күндері тұрды. Тек таң алдында ғана ауада бойды сергітерліктей салқын саз бен ауаны болар-болмас желпіген майда жел лебі сезіледі.

Шопан қауымы үшін жазғы қызығы көп жайлаудан ауыл түбіндегі күзеуге көшіп келіп енді қыстауды ретке келтіретін шаруашылықтың қарбалас уақыты еді.

Дәл қазір күннің мына ашық нұры мен сәулесі адамды маужыратып салғыртыққа салғысы келгенмен де ертең-ақ қарашаның долы суық желі соғып, қыс келетіні де бар. Сондықтан малшы қауымы осы мажаура күйге түсіретін өткен жаздың алдамшы шуағына бой бермей шаруа қамымен жүр.

Бірақ сонда да анда-санда күн сәулесінің ашық мұнарлы нұрына малынған дала мен тау, өткен қызықты жазды еске түсірмей қоймайды. Мұндай сәтте шопан жұмысын доғара қойып анау көксеңгір мұнардың арғы жағындағы асқар биік тау өркешіне ойлана қарап тұрады. Жасы сексенді алқымдап қалса да Есен қарт өз әлінше осы әбігерлі шаруадан қалмайтын. Бірақ бастауды аршып алмай әсте өзге шаруаға бас бұрмайтын. Қыстау басындағы бетон лапаспен қоршалған қой суаруға арналған науасы бар құдықтың суын ұрттап ауызға алмайтын.

— Әке, осы құдықтың суы лас деп ойлайсыз ба? Жеті қабат жердің астынан тартылған беті жабық таза су. Кепсе де әуре болып сол ескі бастаудың ми батпағын аршисыз, істейтін шаруа жоқтай, — деді ұлы Асқар.

— Бастау суы сірә, өзгеше ғой. Беті ашық жердің кіндігінен көзден аққан судан артық су болмайды, — деді Есен қарт. Таңертеңгі шәйін жайланып ішіп үйден шыққанда түнде шөп бетін бозартқан шық, бусанып жатты. Сай арасында сілітіленген тұманның болар-болмас пердесі көзге шалынады. Алыстан биік жақпарлар ұшы сенбілдей сүйір Тарбағатай тауының сілемі көкпеңбек аспан түсіне қадалған найзаның ұшы сияқты.

Есен қарт асықпай аяңдап бойынан қуаты кетіп се-
міп, солған шепті күтірлете басып бастау басына жетті.
Жаздай бастау басына кім келіп, кім кетпеген дейсің.
Адам мен малдың іздері көрінеді. Бастау басында сынған
шана, майланған шелек жатыр. Мал мен адамдар бастау
суын аямайақ лайлапты. Бастаудан ағатын ағынды су
тоқтап қалып, маңы ми батпаққа айналыпты. Есен қарт
ренжігенмен маңдай терісі қатпарланып кетті. Күн ыси
түсті. Бағанағы сай арасындағы сілт туман сейілген. Аспан
күмбезі кіршіксіз ашық таза.

Ескен самал желден жаз кезінен болар болымсыз сақ-
талған жусан иісі сезіледі. Сол қызығы мол әсерлі шақты
еске салғандай. Есен қарт сәл кідіріп дем алып, асып-саспай
жұмыс істеген-ді. Ең бірінші бастаудағы тұнған лай суды
ағызып жіберу үшін арықты аршыды. Жаздай тұнған
бастау суына жан бітіп қозғалып, арық арнасына лықсып
аға берді. Су бе- тінде болар-болмас қуаныш толқыны
үйіріліп өтті. Өлеусіреген ми батпақтан тұншығып өлуге
айналған бастау суы тірілді. Бірақ, бұрынғы бастау суының
сазды қуанышты әсерлі үні енді құлаққа жарықшақта-
нып, көнілді босатарлықтай мұңды сазы сезіледі. Әлде
жер кіндігін қақ жарып шығатын осы зәм-зәм суының
да түгесілетін кезі болғаны ма. Әйтпесе, бұрын бастау
басына малдар мен адамдар топырлай келіп су ішіп жатса
да, ми батпаққа айналдырғанымен де ағыны қатты арық
суы биылғыдай тоқырап көрген емес еді. Бастаудан бұрын
ағатын бұлақ суы бетінде күн сәулесіне ойнайтын ерке-
лей арынды толқын лебі шапшып көпіріп ағатын. Қазір
ол қайыр қайратынан айырылып қалыпты. Жолындағы
кедергіні қақ бұрып жаратын қуаты кеткен ғой.

Бұлақ..үнінен шыққан әлсіз мұңды саз Есен қарттың
көңілін баурап алды. Мына алдында сарғыш дала, солған
шөптен енді батар күннің көлеңкелерінен беттеріне әжім
сызықтары үйірілген құз жартастар мен өзінің бойынан
қуат кетсе де талпынып өмір сүруге ұмтылған бұлақ үні
еріксіз өткен күндерін есіне түсірді.

Есен қарт бейне өзінің сырлас досымен қартайған-
да кездесіп, өмірлерінің жастық күндерін енді еске алып
сұхбаттасып отырғандай сезінді.

Мына бастау ол кезде дәл қазіргідей шөбі тақырлана тапталған тақыр емес, атты кісіні етекпен тартарлықтай, түрлі-түсті гүл өрнектері- мен өрнектелген шүйгінді шөп болатын. Ол кезде бастау суы ешқашан лайланбайтын. Ол ең дала төсінде жас құлындай талмай-талықсымай күміс жіптен есілгендей мың бұралып, толқын көбігі толықси шашырап ағатын.

Қазір ол тозып тақыр жерге айналған, өзі сияқты қартайған. Осын- дай көңілсіз оймен Есен қарттың бұлақ басында отырғанына бірталай уақыт өтті. Алыстан өзені талып шаршап келе жатқан жолаушыға мына тау арасындағы күн көзі қуартып күйдірген сарғыш жазық бетіндегі күміс теңгедей көрінетін бастау суында өзі шеше алмас сырмағына жатқандай тесіле қарады. Тау етегінің сан атырапқа шапқылап көпіршіп тастан-тасқа секірген жас бұлақ көзіне бір түрлі ыстық. Ала жаздай күн көзі қақтап тотыққан дала төсінде аптап соққан ыстық желмен белі жіңішкерген дала өзені де, арнасы кең ұлы дария суы да басын осындай бастаудан алады емес пе?! Жаздағыдай емес, жолы қысқарған күздің күні енді талмаусырай барып бата берді. Тау ұшы күннің қызыл арай нұрына бөленді. Алыстан өрістен қайтып келе жатқан қойлар көрінеді. Енді біраздан соң маңайға кеш қараңғылығы үйіріле бастады. Есен қарт киіз үй ішінде бастау суынан қайнатылған шәйді рахаттана ішіп отырды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Күн жылынып, қар еріп, көктем мезгілі биыл жылдағыдан тым ерте келгендей сыңай танытты. Әсіресе, сәнқой бозбалалар мен қыздар сырт киімдерін асығыс тастады. Қыстағыдай емес, орталық көшеде жүрген кісілер қарасы көбейе түскен. Аулаларда асыр сап ойнап жүрген балалардың көңілді айғай-шуы анадайдан естіледі. Дегенмен, осынау жылымық күннің

мезгілі қысқа болды. Аспанды ашқылтым бұлт тұмшалап, ұшқындап қар жауа бастады. Арқадан соққан ызғырық желдің ақыры көк тайғақ мұзға айналды. Қанша дегенімен мезгілі жеткен соң ба, түске таман күн жылымықтанып, көктемнің шуақты күндері жақындай түсті.

Жақып өмір бойы, біреудің бетіне келмей, қарсы даулы сөз айтпай-ақ, тынымсыз тырбың тірлігімен алған бесінші қабаттағы бір бөлмелі пәтерінде күн жылынған соң ұзақ отыра алмайтын болды. Пәлендей шұғыл шаруасы болмаса да, сыртқа шығып біраз қыдырыстағанды қалайды. Ондайда қаланың шеткері жағына шығып, жер иісі аңқыған таза ауаны кеудесін кере рақаттана жұтқанды ұнатады. Алпысты алқымдап қалған қушиған осы кісіні қаладағы таныстары соңғы кездері көшеде жиі кездестіретін боп жүр.

Жалпы, Жақыптың бар ғұмыры жалғыздықта өтті деуге болар. Табан тірер туысы, арқа сүйер ағасы болмағандықтан ба, жасынан жалтақтау, жуас боп өсті. Оңаша бір көңілі жабырқау шақтарда жырларын жаттан оқитын ақынның «Жалғыздық» атты өлеңін іштей өзінше қайталайтыны бар: «Жыласам қой дер бұл құдай, аға да маған бермеген...».

Дегенмен жас кезінде көңілі құлай сүйген қалыңдығы, тіпті өмірін түбегейлі өзгерте алатын мүмкіндігі де болған еді, мұның бәрін ол әлгі шешуші сәтте батыл қадам жасай алмайтын баяғы кертартпа жасықтығынан көреді.

Күнде таңертеңгісін тау жақтан арайлана атып келе жатқан алтын күннің шұғлалы сәулесін көріп асықпай тұратын. Асықпай тұрғанымен, алдымен ұзақ күнді қалай, қайда барып өткізерін ой елегінен өткізетін. Қалай ойласа да, ол бұл күннің де өзіне жанын жейтіндей қайғы немесе қуанышы асып-тасып жататын жақсылық әкелмесін іштей бек сезетін.

Көшеге шыққанда жыл мезгілінің жанға жайлы жылы лебін сезгендей болды. Көгілдір аспанның көз жетпес тұңғиығына телміре ұзақ қарады. Көшедегі елдің өзіне түсініксіз айғай сөздерінен, көлік шуылынан өзінің де мына жұрт қатарлы өмір ағымына ілесіп, жер басып жүргеніне іштей тәубе деп қуанды. Соңғы кездері қалтасында көк тиыны болмаса да, уақыт өткізу үшін жол бойындағы дүкендерге кіріп, көше тақтайшаларына

ілінген хабарландыруларды асықпай оқитын болып жүр. Мұны ол сонау пәтерсіз жүрген жылдардағы әдетінен қалған үйреншікті бір ермегіндей көрсе, екінші жағынан жанын жеген жалғыздығына демеу табардай шұқшиып ұзақ оқиды. Әсіресе, қолмен жазылған хабарландырулар көңіліне қандай да бір жылу әкелетіндей әсерге бөлейді.

Бірде хабарландырулар ішінде көкшіл түсті қағазға қызыл сиямен батастырып жазылған хабарландыруға көзі түсті. Қобалжып жазылған қолтаңбадан жасы келіп қалған егде адамның толқу үстінде асығыс жазғаны да байқалып тұр. Хабарландыруда үй іші мүліктерінің сатылатындығы тізбеленіп жазылыпты. «Бар қаражаты пәтер төлемін төлеуге жетпей, қартайған шағында қаңғып кетпес үшін өмір бойы тырбындап жиған мүліктерін сатуға мәжбүр болған байғұс болды-ау», деп ойласа да, мына жағдай жанына қатты батты. Өз жағдайы аса мәз болмаса да, тығырыққа тірелген мына шарасыз жанға қол ұшын бергісі-ақ келеді, аттең қолдың келтелігі... «Қайтейін қайран құрбым-ай, күн кештім маңдай терменен... » баяғы сүйікті ақынының жыр шумақтары тіліне орала берді.

Келесі күні ауа райы кенеттен бұзылды. Аспанды қара сұр бұлт торлап алды. Аяқ астынан күн суытып, артынша еріген қар суы қатып, жер көк тайғақты лайсаңға айналып шыға келді. Тіпті, қыстың қытымыр аязды күні қайта келгендей жұртты әбден әбігерге салды. Жанға жайсыз суық көшеде хабарландыру оқымақ түге, өз шаруасымен асығып жүретін былайғы жүргіншілер қарасы да сирек. Мұндай көңілсіз күні Жақып та көшеде көп жүрмеді. Азырақ жүріп, қайтуға бет алғанда хабарландырулар ілінген жерде көзіне баяғы көкшіл қағазға қызыл сиямен жазылған хабарландыру түсті. Қар аралас жауған жаңбыр суынан жалбырап, жыртылып түскелі тұр. Көзілдірігін салып, жақындай үңіліп қарап еді, хабарландырудың бір өшіріліп, қайта жазылғанын байқады. Неге екені белгісіз, осы сәтте өзінің жалғыздықпен өткізген тұрлаусыз өмірі көз алдына елестей кетті...

Жақып беймаза ой құшағында келе жатып, көшенің арғы жағындағы бұрылыстан егде тартқан адамның жолдың төте жерінен асығыс өтпек болған шапшаң қимылын көріп

қалды. Көріп қалғаны сол, осы тұста шет елдің су жаңа мәшинесі зулай өтті. Алға ұмтылған Жақып тас жол үстінде бейтаныс жанның қансырап жатқанын көріп түршігіп кетті. Ал анадай жерде көк қағазға қызыл сиямен жазылған хабарландырулар шашылып жатты...

СЕРІКБАЙДЫҢ ӘЛЕПІ

Таңертеңгі шыңылтыр аяздан кейін түске таман қар жіпсіп ери бастады. Қала сыртындағы тауқыраттың күнгей жағындағы қар әлдеқашан еріп болған. Тек сайда ғана әлі еріп үлгермеген қатқан қардың қалдығы көрінеді. Жекетай күн демалыс болғандықтан, кештеу тұрды. Шайға қанып алған соң, есік алдына күн шуаққа шыққан. Қыстың аязды боранды күндерінен кейін көктемгі жылымық шуақта тұрған жанға рахат! Жіпсіген қардан жер иісі сезіледі. Тіпті таудың күнгей жағында белестен қылтанақ беріп қаулай шығып келе жатқан көк көрінеді.

Жекетай көктемнің осылай басталуын жасынан жақсы көретін. Сағындырып күткен ескі танысымен жүздескендей сағынышты сезімде болады. Аула ішінде арлы-берлі жүріп бой жазды. Арқасына дәл біреу жылуы жүрекке жететін аялы алақанын басқандай күн қызуы өзіне жағып барады. Бойында өмірге деген құштарлық оянып, шалқыған шабыт сезімі пайда болғандай күйде болды.

Жекетай болмысынан аңқылдаған көңілшек. Бар сырын дос деген адамына ақтарып, бір бөлке нанды біреумен бөліп жегенді ұнатады. Ұнатады демекші, көңілі құлаған адамға жалғыз жейдесін шешіп беруге дайын. Осындай ақ көңіл мінезінен кейде өзі опық та жейді, өкінеді.

Есіне өткен түнде мазасыз ұйықтағаны есіне түсті. Кеше өзінің ескі танысы Серікбайға қарыз ақша беруге уәде бергені де бар.

— Ертең таңертең үйде боласың ба? — деген еді сонда өзіне қулана қутындай қараған Серікбай.

— Қайда кетуші едім, үйде боламын.

– Сенен қарыз сұрап жүр ме? – деп сөзге араласты олардың сөз бағамдарын сырттарынан байқаған Боранбай.

– Ия, оны сен қайдан байқап қойдың?

– Ертең өкініп жүрме, ол елдің бәріне қарыз.

– Уәде беріп қойдым, – деді Жекетай.

Қалай дегенде де Жекетайға дәл қазір мынадай тамаша күнде болымсыз жайтты тіпті есіне алғысы да жоқ. Осы кезде қақпа жақтан Серікбайдың төбесі көрінді.

– Секе, қош келіңіз, Алланың күнін көрмеймісің, қандай тамаша!

– Жайланып отырып ап сыра ішетін күн екен, – деді Серікбай.

– Уақытыңда өзің әкеп бересің, – деді Серікбай уәде еткен ақшасын қолына ұстатып.

– Саспа, ол жағын қатырамын, – деді Серікбай да сендіре сөйлеп.

– Онда жүр, базар жаққа барып бір-екі тостаған сыра ішейік, – деді Жекетай.

Күн жексенбі болғандықтан болар, көшедегі адамның қарасы көп. Араларында бірен-саран таныстар да көрінеді. Серікбай базар жаққа жақындай бергенде бейне біреу өзін танып қоймасын дегендей басын төмен тұқыртып алды. Тіпті кейде көзіне күн нұры түспесін дегендей бет әлпетін қолымен қалқалап алды.

– Бұл үлкен көшемен жүрмейікші, – деді бір кезде жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап келе жатқан Серікбай.

– Неге, базар жанындағы кафеге жетіп қалдық қой.

Серікбай үндемеді. Еңкейіп аяқ киімінің бауын байлады. Жекетай Серікбайдың әлде біреулердің көзіне түскісі келмей қашқақтап тұрғанын іштей сезді. Өйткені сәл жүрген соң ол біресе Жекетайдың сол жағына, біресе оң жақ тасасына шығып, өзінің әлденеге алаңдаулы боп келе жатқанын сездіре бастады. Жекетай байқамағандай сыр бермей тырысып-ақ келеді.

Төбеге көтерілген күн жер бетін қыздыра түскендей. Таңертеңгі сілті тұман сейіле бастады. Жер үйлердің ауласындағы тауықтар арасынан қоқиланған қораздың шақырған даусы талып естіледі. Қыстың қытымыр аязынан тіршілік атаулының бір бой жазып жадырап қалатын

жайма шуақты күні болғалы тұр. Табиғаттың осы бір жайлы күніне риза болып келе жатқан Жекетайдың ойын біреудің айғайы бұзды. Бет әлпеті қара бұжыр еңгезердей біреу арттарынан айғай сап қуып жетті.

— Қайда тығылып жүрсің? — деді жаңағы бұжыр Серікбайдың көзін шұқып алардай нұқып.

— Кім тығылып жүр? — деді көзі жыпылықтаған Серікбай.

— Өтірікті соқпа. Үйіңе іздеп барсам, балаң «жоқ» дейді. Жас балаңа неге өтірік айтқызасың?

— Шын айтам, үйде болған жоқ едім.

— Адамды ақымақ қылғаның жетер, ақшаны қайтар!

— Қайтарам, бірақ қазір емес. Бір өте жақын танысымыз қайтыс боп, соған көңіл айтуға асығып барамыз.

Қайтыс болды деген соң ба, бұжыр бет манағыдай емес, бәсіне қайтқандай сыңай білдірді. — Иманды болсын...

Сәл жүрген соң Жекетай «неге өтірік айтасың» деді.

— Қалай айтпаймын, құтырған иттей аларған көзін көрдің ғой, жұрттың көзінше соғып жіберуге бар.

— Сонда да болмайды ғой...

Серікбай үндемеді. Басын тағы да төмен тұқыртып, бас киімін көзіне түсіре басып киіп алды, көзін күннен қалқалағандай болып бет әлпетін қолымен көлегейлей берді. Арасында аяғын сылтып та басады. Серігінің мына келеңсіз қылығына Жекетай әрең шыдап келеді.

Базар жанындағы сыраханаға жақындай бергенде алдарынан жолай жолыққан ақсақалды көргенде Серікбай аман-саулығын сұрап бәйек болды да қалды.

— Ақсақал, бірер күннен кейін бұйымтайыңызды апарып беремін.

— Қарағым, сені көргенде соны айтайын деп бұрылып едім. Келін босанған, үйде, ыстық сорпа ішсе деп едім. Зейнетақың құрғыр жетпейді...

Ақсақалды алдаған Серікбай былай шыққан соң, «ту» деп маңдайындағы суық терін жеңімен сүртті.

— Өзің бірталай жұртқа қарыз көрінесің ғой, — деді Жекетай сөзін салмақтай.

— Жекетай, сен ренжіме, бала-шағаны асырау қиын боп барады, жұмыс жоқ...

Жекетайдың есіне Боранбайдың «байқа» деп басу айтқан сөздері түсті. Жанында күйгелектеп тұрған Серікбайдың бас-аяғына сенімсіздікпен шола сынай қарап алды. Өзінің жұртты алдап жүрген Серікбаймен бірге келе жатқанына өкінгендей сезінді. Таңертеңгі кез болғандықтан сырахананда кісі аз екен. Серікбай сырахананың ең түкпіріндегі кісі көзінен тасалау шеткі орындыққа барып жайғасты.

— Осы жер оңаша, — деді Серікбай. Жекетай даяшыға екі сапты аяқ сыраға өтініш жасап жатқан кезде әлде біреудің есік жақтан «Серікбай» деген қырылдаған даусы естілді.

Киім киісі жұтаң, бет-аузы жара, арық тұра біреу бұларға қарай әрең басып, тура беттеп келеді. Жақындағанда үстінен жайсыз иіс шыққан масаң «танымадың ба, ей» деді Серікбайға төніп.

— Нұрлансың ба? — деді Серікбай күнде көріп жүрсе де, көптен көрмегендей сыңай танытып.

— Есік алдында тұрған мені танысаңда танымағансып өте кеттің. Талай басыңды жазып едім, енді сен көмектес. Кісінің қарызын бермей қашқақтап жүр деп естідім, енді тағы кімді қармаққа түсіргелі жүрсің?

— Болды, болды. Басыңды жаз, — деп Серікбай алдындағы Жекетай қойған бір сапты аяқ сыраны танысына ұсынды.

— Е, осылай демеймісің, деп берген сыраны ол басына бір-ақ көтерді.

— Менің сырамды да іше сал, — деді Жекетай орнынан тұрып жатып.

— Жеке, басқа жерге...

— Жоқ, Серікбай, осы жетер.

Олар сыртқа шыққанда күн түс ауып бара жатты. Арқадан ескен желдің суық ызғары сезіледі. Таңертеңгілік ашық аспанды енді көшпелі бұлттар торлай бастағандай. Базар жақтан қайтқан жұрттың қарасы көбейген.

— Мен үйге кеттім, — деді Жекетай.

Осы кезде базардың ет сататын жайма дүкендері жағынан «Серікбай» деп айғайлап келе жатқан ақ халатты әйелдің ащы даусы естілді.

— Серікбай, екі дүниеде жаның шыққыр, Серікбай! Осыдан төрт ай бұрын ант етіп алған еттің ақшасын қашан қайтарасың?

— Сағиран, қазір, қазір...

Қолын қалтасына сала бастаған Серікбайдың қолын дереу қаққан Жекетай үйінде берген ақшасын бар күшін салып жұлып алды. Біраз жүрген соң артына қарап еді, жол шетінде адам танымастай боп өтірік бүкшиіп отырған Серікбайдың сұлбасын көрді.

АҚША ЖИНАУ

Айша осы айлығында оқудағы үлкен қызына қыстық пальто сатып алып бермек болды. Бұрынғы жалақысынан біраз іріккен ақшасы бар. Оның үстіне демалыс сайын қызы үйге келіп кетеді. Оған жол жүруге қаражат керек. Бірақ егер бәрі сәтті болса, осы жолы қарыздансада сырт киім сатып алып бермек болды. Жалақысын алып қалтасына салып сыртынан сипап қойды. Бүгін қатарынан бес сабағы бар. Әлде қартая бастағаныма қатарынан бірнеше сабақ бергенде, шаршап шалдығып, құл сүлдері шығады. Бірінші сабақ біткенде мұғалімдердің жергілікті кәсіп одақ мүшесінің бастығы кіргенде жүрегі зырқ ете түсті.

— Екі мың теңгеден жинап жүрмін. Комиссия келу керек.

— Жақында жинап едіңіз ғой.

— Ол комиссияны шығарып салып салдық, басқа комиссия келеді бастықтың өзі айтты. Көңіл күйі бұзылып сала берді. Бағанағыдай емес күн қараңғылана түсті. Таңертеңнен аспанды қалың бұлт торлаған. Сынап бөлмесі бозалаң жарық тіпті шам жағуға болады. Екінші сабақ біткенде осы мектептің кітапханашысы іздеп келді Айшаның жүрегі қатты соғып ауызға тығылды.

— Бастық айтты мұғалімдер газетке жазылсын деп жатыр. Айша педагогикалық кеңесте барлық мұғалімдер газетке жазыламыз деп шешім қабылдағанның білетін.

— Қанша.

— Төрт мың теңге. Ерік төрт мың теңгені суырып беріп отыр. Сынап бөлмесінің терезесіне жауын тамшысының тарсылдағаны естілді. Күздің суық жаңбырлы кезінің басталғаны ғой. От жағылмағандықтан сынап бөлмесі салқындау. Көңіл-күйі әңкі-тәңкі. Аузына келіп тұрған сөзді әрең айтады. Ойы басқа жақта болғандықтан, сабақты жоғары деңгейде өткізе алмағанын өзі де сезеді. Үшінші сабақ біткен де ән мұғалімі келді. Жүрісі асығыс.

— Мұғалімдер күніне мың теңгеден жинап жүрмін. Еріксіз мың теңгесін қалтасынан суырып берді. Осы жолы қызына қысқы пальто алып бере алмайтынын сезді. Тіпті пәтер акысына тағы басқа керек жарағының өзіне әрең жетеді. Қалың ойда отырғандықтан сабаққа кіруге берген қоңырауды естімей қалыпты. Әбден шаршағанын енді сезді. Терезенің аяусыз ұрғылаған жауын тамшысының дауысын естіледі. Шаршағаны сондай сабақтың тез бітуін тіледі. Сабақ бітуге қоңырау соққанда орнынан ауыр тұрды. Тек сонда ғана тағы бір сабақ бар екені есіне түсті. Сол кезде 10 ә сыныбының сынып жетекшісі кіріп келді. Айшаның жүрегі аузына тығылып демала алмай қалды.

— Сенің сабағың бітіп кетіп қалдыма десем кездестіргеніме жақсы болды ғой.

— Жайша ма?

— Қайдағы әлгі бастауыш сыныптың мұғалімі Бәтиманың күйеуі қайтыс болыпты.

— Иманды болсын, қай жері ауырып.

— Жүрек талмауынан қайтыс болды. Соған мың теңгеден жинаймыз. Айша тағы мың теңгені қалтасынап суырып берді. Көңіл күйі әбден бұзылды. Ақырғы сабағын әзер өткізді. Бір айтқан сөзін қайта-қайта қайталады. Неге екенін білмейді, көзіне жас үйірілді. Оқушыларға байқатпай, қол орамалымен сүртті. Сол кезде қоңырау соғылды. Далаға шыққанда жауын жауғанын басыпты оның есесіне өтімді суық жел соғып тұрды. Жерге ағаш жапырақтары мол түсіпті. Орталық көшеде үйлеріне топ-топ тарап бара жатқан оқушылар көрінеді. Шаршағаны сондай аяғын әзер басады. Ақша салған жан қалтасын сынап қойды тіпті қалтасында ақша қалмағандай. Көңіл-

күйі әбден бұзылды. Биыл қызына жылы сыртқы киім сатып алмайтын болды. Ауыр күрсінді. Айша Айша деп айғайлаған біреудің дауысын естіді. Жалт қарағанда өзіне қарай басып келе жатқан қызметкер құрбысын Гүлнұрды көрді. Айша Гүлнұрдан бірай бұрын қарыз ақша алған. Сабак арасында апарып бермек болған. Бірақ есінен тарс шығып кетіпті. Ұйялып қалды.

— Кешір есімнен тарс шығып кетіпті.

— Ештеңе етпейді. Қалтасынан құрбысына бес мың теңгені суырып берді. Жел құтырына соқты. Енді ғана өзінің жаурап тонғанын анық сезді. Шаршағанына қарамай үйіне қарай асыға басты.

ПАРА

Мұрат бастығы Нұрлан жұмыстан кететіндігін естігенде тіпті есенгірегендей күй кешті. Осы жұмысқа пара беріп орналасқанына біраз уақыт болған. Жаңа келген бастық әрине маңайына өз адамдарын жинайды. Бұл ойдан Мұраттың тіпті суық тиіп ауырған адамдай бойын тер басты. Жан қалтасынан ормалын алып маңдайын сүртті. Ертеңінде жаңа сайланған бастық бәрін жинап алып, кейбірулері жұмыстан шығарылатыны айтқанда Мұрат есенгірегендей күй кешті. Өзінің қызметтен кететініне сенімді. Өйткені бәрінің соңынан жұмысқа орналасқан. Осы күдігін әйеліне айтқанда

— Берген ақшаңды сұрап ал.

— Қайтіп сұраймын ол мені орналастырды ма? Орналастырды, айтқан сөзінде тұрды.

— Жаңа келген бастыққа айтсын,

— Ол мүмкін емес. Параға берген ақшасын қарызға алған болатын. Енді түн ұйқысынан айырылды. Осы біраз күннің ішінде көзі шүңірейіп жүдеп кетті. Күздің суық жаңбырлы кезі басталған. Жерде судан қарайып

шіріген ағаш жапырақтары көрінеді. Күнде жұмысқа келгенде қатты қобалжиды. Тақта алдында хабарландыруды оқып тұрған қызметтестері мен кездеседі. Жаңа келген бастық күнде бұйрық шығарады. Біреуді орынынан алып, екіншісін жоғарлатады. Екпінді қатты. Енді Мұрат жұмыстан қысқаратындарының тізімін күтіп әбден есі шықты. Солардың арасында өзі болатындығына күмәнданбады. Бір жағынан сол күн тезірек болса деп тіледі. Өйткені түнде ұйқыдан күндіз күлкіден қалды. Бұлай бола берсе жүйке ауруына шалдығуы мүмкін. Жалғыз өзі емес қызметтестеріде сондай күйде жүр. Үйге аяғын сүйретіп әзер келеді. Ештеңеге зауқы жоқ. Сіркесі су көтермейтіндей күй кешті. Бұл жұмыстан шықса жағдайы күрт төмендейтіні айдан анық. Бір де ол оң жорғасы түсіп көшеде келе жатты. Анау кездегідей емес аспан бұлттан арыла бастаған. Ауа да дымқыл жер иісі сезіледі. Солтүстік жақтан ызғарлы желдің лебі сезіледі. Бұл кезде Мұрат өз тағдырына әбден мойынсұнған болатын. Сондықтан жан дүниесі тынышталған. Аңсары қала сыртындағы тау төбеге ауды да тұрды. Адамға берері аз қала шуынан алысқа ұзап кеткісі келді. Кенет өзінің атын атағанда жалт қарап жақсы танысын Асқарды көрді.

— Жан-жағына қарамай бұтжиіп кетіп бара жатсың ғой деді Асқар қалжындап.

— Иә бір жағдай болып.

— Отыр көлікке талайдан бері көргеніміз жоқ сөйлесейік. Айтпақшы сен істейтін жерге менің жақсы танысым бастық болып барды.

— Шын ба?

— Өтірік айтып нем бар.

— Сөзімді өткізе аласың ба?

— Иә Мұрат болған жайды айтып берді.

— Менің айтқан сөзімді жерге тастамайды.

— Жарайды айтайын. Сөздің шыны керек бірдеме бермесен болмайды. Осы сөзді естігенде Мұраттың айтайын деген сөзі аузында кештеліп қалды.

АҢЫЗАҚ ЖЕЛ

Аңызақ жел таң сәріден гуілдей толасыз соғады. Көк жиегінде бозғылтың шаң көтерілген. Жел лебі бетке тигенде шиыршық тас анық сезіледі. Манай көзге тұманды күндегідей бұлыңғырланып көрінеді. Таңартең төсектен ерте тұрған Тайлақбай манайға бір-түрлі көңілсіз кейіппен қарап тұрды. Күн ашық күні көрінетін шоғыты биік тау шыңдары көрінбейді. Кешегі комиссия мүшелерімен ішкен арақтан басы қорғасындай ауырып жүрегі айнып құсқысы кеп сіркесі су көтермей тұр. Бойын адам айтпас салғыртық басқан. Аяғын сүйрете басып арлы-берлі біраз жүрді. Тек біраздан соң тоңазытқыштан суық сүт алып есін жиды. Сол күні жұмысты әзер істеді. Құл сүлдері жүрді. Таңартең бастығы өзінің кабинетіне шақырып алды.

— Қалай кеше келген қонақтарыңды шығарып салдың ба?

— Иә құр жаным ғана қалды.

— Өздері араққа тоймайды екен.

— Әйтеуір шыдадың ғой

— Енді қайтемін амал жоқ.

— Өзіңді бір-екі күнге босатайын демалып есіңді жи. Тайлақбай жұмыстаншыққанда аңызақ жел әлі басылмапты. Таңартеңгідей емес өзін әлде қайда сирек сезінді. Бірақ сондада көңіл түкпірінде айтып түсінуге болмайтын жайсыз сезім бар. Жұрт алдында өзін кінәлі сезінеді. Әсіресе үйіне келгенде әйелінен қуыстанатын. Ішкенін қанша сездіргісі келмеседе біліп қоятын, бірақ үндемейтін. Келе төсекке сұлайды. Таңартең ерте ойанып, кешегі ішкен арақтың уытын кетіру үшін есік алдында талтаңдап арлы-берлі жүреді. Таза ауа, салқын жел әсіресе дымқыл жер иісінен өзін жақсы сезінетін. Басы көпке шейін істемейді. Бейне нағыз өмір өзін сырт айналып өтіп бара жатқандай. Арақты қатты ішкеннен кейін өзін қалпына келтіре алмайтын. Сөздің ұшы керек арақты ішуге құлқы да жоқ. Тіпті отыз жасына дейін аузына алмайтын. Бірақ тексерушілер келгенде еріксіз ішеді. Өйткені өзінен басқа бас көтерер

ешкім жоқ. Қызметтестерінің көбі қыз келіншектер, еркек атаулысы өзіне тиісті үлестерді әлде қашан ішіп болған, ас бұғалтердің асқазаны ауырады. Үлкен бастықтың арақтан қан қысымы көтеріліп кетеді. Тіпті екі-үш рет ауруханаға түсіп қалды. Арада бір жұма өтті. Тайлақбай есін әбден жиды. Қырға барып өз шаруасын бітіріп келді. Анау күнгі арақтан босанған ерік күші қайтіп оралды. Жұмысты жапырып істеді. Мұндайда өзі сұранғанда бастығы сөз айтпай босататын. Тіпті ешқандай құжат талап етпейтін.

– Барып шаруанды бітіріп кел жақын арада облыстан тексерушілер келе жатыр. Тайлақбай үндемеді. Бетінен қуаныш табы сезілмеді. Басқа жұмыс іздеген кездері де болды. Барлық жерде қысқарту. Кейін қолын сілтеп іздеуді қойды. Түбі осылай жалғаса берсе ішкіш болып кететініне сенімі мол. Тамаша май тоңғысыз жаздың күндері тұрды. Әсіресе түнде ай сәулесі су бетімен шағылысады. Тайлақбай өзін ауырып жазылып тұрған адамдай сезінді...

Тағы да кісінің апшысын қуыратын аңызғақ жел соқты. Көк жиегін сарғыш мұнар көлегейледі. Ауа да күтен шөптің иісі сезіледі. Тайлақбай кешегі келген комиссия мүшелерімен ішкен арақтың уытын кетіру үшін есік алдында талтандап жүрді.

АТАУ КЕРЕ

Қыстың саршұнақ аязды күні. Тоқтарқан азанда ерте тұрып, есік алдына шықтыда жан-жағына сүйсіне қарады. Тіпті ызғарлы аязға бетін сүйсіне төседі. Тек жасаурай бастаған көзіне ағаш бұтағына жабысқан мамық қармен ақшылтым бұлтпен қымталған көкшіл аспан көрінді. Бойы бірден серігіп сала берді. Есік алдында арлы-берлі бой жазып жүрді. Уақыт өткен сайын таңартеңгі сергек көңіл күйі енді күнделікті күйгең тіршіліктегі байкүзе қалпына ауысты. Иығынан ауыр жүк басқандай сезінді. Енді неге екенін білмейді аяғы ауыр

басты. Жүрген сайын қар жанышты сықырлайды. Болар болмас желдің лебімен қар жерге түседі. Бейне аспандағы мамық бұлт жерге шудаланып түсіп жатқандай. Бүгін Сәкен қонаққа шақырғаны есіне түсті. Үйіне кіріп әйелімен қонақты қалай қарсалу жағдайын пысықтап алмақ болды. Етті қазанға сал былқылдап қайнай берсін.

— Жарайды — деді әйелі.

— Садырға Сәулені алып кетсін деп айттың ба?

— Айтқам келе алмаймын — деді. Сәуле осы үйдің еркесі. Тұңғыш немересі болғандықтан елден ерекше еркелетеді. Мазасыз тентектігіде бар. Тоқтарқан үйге келген қонақтың мазасын алама деп сескенген болатын. Тоқтарқанның бүгінгі шақырған қонағына ереше мән беріп салмақ салған әйелі жақсы сезіп отыр. Алған мәрдәмсіз жалақысы түкке жетпейді. Оның үстіне үлкен ұлы омалып үйде жұмыссыз отыр. Оған көмектесу керек. Өз жасын зейнеткерлікке жетуіне үш жылдай уақыт бар. Осы қалған уақытта беймаза бастығының қорлығына шыдап берсе зейнеткерлікке шықса одан арғысын құдай көрсете жатар еді. Соңғы кезінде неге екенін білмейді көңіл түкпірінде қорқынышқа ұқсаған мазасызданған сезім бар. Тоқтарқан тым сезімтал, тым күйгелек, тым секемшіл адам болатын. Сондықтан болар жүрегі ауырып сыр бере бастады. Мұндай адамдар ішіп жеуге үйренген бастықтардың жемі. Әділетсіздікке қарсы мұндай адамдар күресе алмайды. Егер біреу бір жағынан соқса екінші жағын тосауға бар. Әйтеуір қалт-құлт етіп отырғандарына шүкіршілік етеді. Соңғы кезде бастық жоқ кезде кінә тауып өзінен құтылғысы келіп жүргенін біледі. Жоқ өз жұмысын ел қатарлы біледі. Тіпті жақсы маман деуге болады. Бірақ бастығының өзінің орнына басқа біреуді дайындап жүргенін біледі. Тоқтарқан ауыр күрсінді. Таңартеннен мазасызданған көңіл күйін өзінде түсіне алмай қойды. Бірде жаман хабар естігендей жүрегі лобылыса бірде әлденеге көңілі қалғандай айналасындағы өмір құбылыстарына жирене қарайды. Бірде бір нүктеге қарап тамылжымай отырып қалса бірде орнынан тұрып арлы-берлі жүреді. Ақыры шыдай алмай есік алдына шығып, ақ мамық қар басқан ағаш бұтағымен ақшылтым

бұлт басқан аспанға қарады. Бағанағыдай кездегідей емес жел соға бастаған. Ағаш бұтағынаи ақ мамық қар ұнтағы жерге төгіледі. Тіпті күннің арты бұрқасын боран соғып кететін шығар.

— Нағып тықыршып кеттің отырсаңшы деді әйелі үйіне қайта кірген Тоқтарқанға.

— Етіңді салып қой былқылдатып қайната бер.

— Қазір салам. Ақыры сүрленген дәмді еттің иісі сезілгенде көңілі жайланды. Бағанағыдай емес аз-маз сабасына түсті. Өзінің тіпті болмашты нәрседен ренжіп аумалы-төкпелі мінезін білетін. Бірақта қонақ келетін уақытта Сәуле үй ішінде асыр салып ойнай бастады. Сәуле тыныш отырсаңшы деді Тоқтарқан.

— Атамның бастығы келе ма? — деді Сәуле болмай

— Иә деді Тоқтарқан самарқан дауыспен. Ақыры Тоқтарқанның бастығы үйге келгенде барлығы жамырай орындарынан тұрды. Басында барлығы ойлағандай сәтті басталды. Бастығы Тортай кеше тойда болыпты. Ашығып қалыпты. Оның үстіне бас жазу керек.

— Тоқаңды өзім зейнеткерлікке шығарып саламын деді Тортай.

— Рақмет, рақмет деп Тоқтарқан мәз болып. Осы кезде дастарқан басында отырған Сәуле апасынан екі рет ескерту алса да тәтті кәмпитке қолын соза берген. Әлде апасының дым жиі жасаған ескерткені ұнамады ма? Бір кезде Тортайға қарап:

— Атау керенді жел болдың ба деді. Бұл кезде Тортай етті қабырта асап жатқан. Осы сөзді естіп тіпт қақалып қала жаздады. Беті қып-қызыл болып кетті. Астынан су шыққандай орынан атып тұрды. Тоқтарқан есенгірегендіктен не дерін білмей қалды. Тортай сыртқы киімін киейіндеп жатқанда тіпті орынан тұра алмай қалды. Оған бейне дүние астан-кестені шығып жатқандай көрінді. Тек әйелі ғана Тортай шығып бара жатқанда жеңінен тартып

— Бала ғой солай деп айтып ешкім үйретпейді ғой

— Ашуыңызды басыңыз деді. Бірақ Тортай есікті сарт еткізіп жауып шығып кетті. Тоқтарқанға бұл болған

жайт өңінде емес түсінде болғандай көрінді. Біраздан соң есін жиып, тонын желбегей жамылып сыртқа шықты. Бағанағыдай емес ызғарлы боран соға бастаған. Жел ағаш бұтақтарындағы ұлпа қарларды ұшырған. Күн ала тапыраны шығып бұзылған. Таңертең адамды мамыр жай ойға жетелейтін күннің орнына тас талқан алай-бүлей боран соққан. Тоқтарқан мас кісідей тәлтәректей барып ықтасын жерге барып тұрды. Басын жоғары көтергенде толасыз ұшып бара жатқан қар ұнтақтарын көрді. Құлағына беймаза зорлана соққан желдің дыбысы естілді. Көп тұрған жоқ тәлтәректей барып қораға кірді. Сәлима кемпір немересіне қарғап-іслеп ұрсумен болды.

— Кісі көзінше аузыңа неге ие болмайсың.

— Апа мен әдиі айтқам жоққой.

— Әй қарағымай.

— Енді атаңа не айтамын өзінің жүрегі ауру сырқат адам.

— Апа өзің маған ұрсқанда атаукеренді тез ішпейсің бе деушедің ғой немересі. Бұл кезде Тоқтарқан пәнкі кісідей сырттағы зорлана соққан желдің ызның қорада тыңдап тұрған болатын. Ауада толасыз қар тасқынынан көзі бұлдырап кетті. Санасында жаңағы болған жай өңінде емес түсінде болғандай. Дәл қазір ақтүтек боранның ар жағынан Тортай шыға беретіндей сезінді. Бірақ бұл ешқашан орындалмайтын далбаса үміт екенін біледі. Тоқтарқан қора ішінде әрлі-берлі жүрді. Мына мағынасы жоқ күйген тіршіліктен мағынасы әбден қалды. Біраздан соң бойы тоңазып жаурап тоңғанын сезседе үйге баруға асықпады. Тоқтарқан өмірді сүйетін. Тіпті өзінің ел қатарлы жер басып жүргеніне қанағат ететін. Өзіне ісі түскен адамға жақсылық істеуге асығатын. Ешкімге зияны жоқ өзімен-өзі жүрген адам болатын. Кемпір шалы көпке дейін үйге кірмей қойғанан кейін алай-дүлей боранға қарамай сыртқа шыққан еді. Қар үстінде шалдың қораға кірген ізін көрді. Асыға кіргенде қора ішінде асылып қалған Тоқтарқанды көрді.

ТІРЛІК

Ия, былтырғыдан бері түк өзгерген жоқ. Сол ұзыннан ұзақ созылған көше, одан әрі қала сыртында көрінген қырат, жота мен жазық бел көзге бұлыңғырланып алыстан көрінеді. Көктемде көк-орайға оранған көк төбе етегі, енді сары ала түске енген.

Таңертеңнен соққан аңызақ желден көк жиегін сарғыш мұнар басқан. Көшеде кісілер аз көрінеді. Мұндай күнде қалаға алыс жерден келген адам көпке шейін ескі таныстарын кездестіре алмайды. Егер ойда-жоқта көре қалса, біраз аман-саулық сұрасып, жақын туысын көптен көрмегендей шүйіркелесіп, бір жазылып қалады. Ондайда әңгіме арасында мектепте оқыған кездері, бозбалалық жастық шақтың қызықты сәттері де айтылмай қалмайды. Одан соң, күнделікті күйбең тірлік, балаларының оқу үлгерімі, кім қайда, не істеп жүргені де сөз болады. Ескі екі таныстың бүгінгі әңгімелері де осы тақырыптар төңірегінен аспады.

- Сәкенді көріп тұрасың ба?
- Ия, бірақ ішіп кетіпті.
- Апыр-ай?!
- Шын ба?
- Өтірік айтып, күнаға батып қайтем.

Танысының бұл «жаңалықты» патша көңілімен, асқан қанағаттықпен айтып тұрғаны жүзінен білініп тұр. Оның бұл сөзі өз тіршілігіне өзінің дән риза екендігін де аңғартып тұрғандай.

- Шамасы, өз жағдайың жаман болмас?
- Шүкіршілік, ел қатарлы жүріп жатырмыз, — деді танысы жорта мүләйімсіп.
- Екі қабат үй салып алды, қызметі жақсы дейді.
- Үй салғаным рас. Ал, қызмет жөнін айтсам, әзірге оған да ризамын. Десе де, оның жөнсіз жөткірінуі осы жағдайымен онша қанағаттанбай тұрғанын сездіргендей еді. Бірақ, адам баласы болдым-толдым деген бе? Қанағат сезімнің көбінесе қарынды ойлағандарда бола бермейтіні бесенеден белгілі. Ондайлар о баста бойға дарыған асыл қасиет- қылығынан уақыт өткен сайын айырылып, басқа

арнаға бұра тартып бара жатқандарына мән бермейтіні өкінішті-ақ.

Бағанағыдай емес, қара желдің екпіні біраз саябыр-сығандай. Ал, ықтасын жерде тіпті тыныштық орнаған секілді, жел ызғары байқалмайды. Ауада семген жусан иісі сезіледі. Көшеде бірен-саран болмаса, жұптасқан кісілер қарасы көрінбейді. Мұндай күні адамды еріксіз көңілсіз ауыр ой басады. Алғашқы апақ-шапақ амандық әңгімесіндей емес, екеуінің сөз алысулары біршама суалғандай, біраз үнсіз-түнсіз тұрып қалды.

– Айтпақшы, Сапарды көріп тұрасың ба?

Бұл сауал танысына негедүр ұнамады.

– Анда-санда сыртынан көріп тұрамын. Жүрген шығар кеудесіне нан пісіп.

Бейне қыстың саршұнақ аязы қарпып өткендей қолын қалтасына бір салып, қайта алады. Тығыз шаруасына асығып тұрған кісідей сағатына қарағыштай берді. Ал, жарайды болса, жөнep беруге бар. Түс ауа күннің өзгере салатынын еске салғандай, жел ызғарын күшейте түсті. Ашық аспанды торлаған бұлттар батысқа қарай жөнкі жөнелді.

– Сапар туралы естідім, баяғыдай емес, байып кетіпті.

– Ол бұрын да бақуатты, дәулетті еді ғой. Ондай жақындарым болса, мен де мұрттан күліп, біраз шаруамды дөңгелетер едім. Танысына бұл сөз ұнамаса керек, мүсәпірсіп, аяғымен жер шұқи қалды.

– Оны қайдан естідің?

– «Ел құлағы елу» деген, елден естиміз-дағы. Оның үстіне Сапекеңнің қолы ашық, жүрегі жомарт дейді ғой.

– Осы жұрт айтқыш-ақ, бар байлық қолына тегін түскенін білер ме екен? Сол батпан байлықты өз еңбегі, маңдай терімен тапса, көрер едім. - Жоқ, олай деме. «Берсе, ал, соқса, қаш» деген бар емес пе? Ескі таныстар арадағы әңгімелер арнасының алшақтап бара жатқанын енді сезгендей, екеуі де бір сәт тынши қалды.

Арқадан соққан жел ызғары әңгімені доғаруға жетелегендей арқадан қарпып өтті. Көк жиегін тұмшалаған сарғыш мұнар биік көтеріле түсті. Тыныштықты ескі танысы бұзды. Әңгімесінің енді жараспайтыны кіртитен кішілеу қабағынан білініп тұр, шаруасын айтып, асыға қоштасты.

БІРДЕ БІР

Айбар түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмай шықты. Қайта-қайта кеше селофан дорбаға салып қойған ақшасын алып салып тыққыш-тап есі шықты. Ұйықтаймын десе күманды ой мазалап жан тыныштығын кетіреді. Екінші жағынан пайданы шаш етектен тауып жатыр екен дейді. Ондайда қобылжып төсектен тұрып есік алдына шығып кетеді. Күз басы. Түн ұзара бастаған. Таң атуға бірталай уақыт бар. Енді ұйықтай алмайтығына көзі әбден жетті. Бетін салқындау дымкес жел лебі өбіп өтті. Ай жер бетіне әлсіз бозалау жарық шашқан Аспан бетінде шарпы бұлттар жаз аяғында құрғақшылықтар тілімденіп жарылған лайды еске салады. Көрші үйдің сұлбесі көрінеді. Мұрнына жер иісі сезіліп көңіл түкбіріндегі сағыныш сезімі леп берді. Айбар жерге жақын адам. Оған күзгі сүрлене бастаған шөптің дымқыл исімен, сонау жас жігіт кезінде шөпшілер бригадасында шөмеле салғанын есіне түсіреді. Соны ойлауы мұң-ақ көңіл түкпіріндегі мазасыз ой семіліп сала берді. Бағанағы бозалаң жарық айқыңдала түсті. Көрші үйлердің сұлбесі анық көрінді. Айбар үйге кіріп, толтырған селофандағы ақшасын алып төс қалтасына салды. Бесжүзмың теңге жинаған бар байлығы. Осы үйдің бала-шағасының болашағы. Өз ойынша егер сауда саттығы жақсы жүрсе ертең ақ ел қатарына қосылып кетеді. Бірақ күмәнді ой санасын тұмшалап соңғы кезде тым секемшіл болып кеткені сондай кеше кешке танысына біраз ақша беріп тапаншасын уақытша алды. Жан қалтасындағы тапаншасын сипап қойды. Бұл кезде таң әбден атқан болатын. Бұлттар бозалаң тартып дым ашық күн сәулесінен еріп кететіндей болып көрінді. Көрші үйдің бейнесі тым айқын көрінді. Сөзін шыны керек көршісінің үйіне қараса көңілінде қызғаныш сезім қылаң береді. Бір кезде өзі сияқты сіңілі шыққан кедей болатын. Бірақ жолы болып аяқ астынан байып кетті. Қазір бір кездегі тоқал тамының орнына зәулім екі қабатты үй салынған. Көңіл қошы онша болмағанда көршісінің үйіне қарамауға тырысады. Қазірде басын тез бұрып әкетті. Айбар өзінің жақсы танысы

Қанапиямен бірге осы жерден жүз шақырымдай жердегі қойшы ауылына барып қой сатып алу керек. Түскен пайдасын тең бөліп алуға әуделескен. Қанапия көп сөзді жымсыма қулығы бар адам. Айбар басында айтқанына сенбей күмәнданған. Бір жерден картоп көкөніс сатып біраз пайда тапқаннан жібіген. Бір млн теңге мен барсақ деді Қанапия қолын сермеп. Сонда кісі басы бесжүз мың теңге.

– Иә.

Айбар ойланып қалған болатын. Бәрі ақшасын жинап оның үстіне гаражын сатса жиналып қалады. Бесжүзмың теңге пайда көз алдынан көлбелектеп ұйқысынан айырылды. Кейде күдікті ойдың әсерінен осы күнгі тіршілігін шүкіршілік еткісі келеді. Әйелімен кеңеспеді өйткені қарсы шығатынын біледі. Ақыры тәуекелге бел буып Қанапиямен келіскен. Олар қаладан шыққанда күн көкжиегінен арқан бойы көтерілген болатын. Алдарында оқтай тұзу тас жол жатты. Көкжиегінде көкшіл тау бұйраттары көрінеді. Қаладан ұзаған сайын Айбардың тынысы ашылып көңіл күйі көтеріле түсті. Қарсы соққан жерден дымқыл жер иісі сезілді. Өзің жерге жақын екендігін айқын сезінді. Дәл қазір машинадан түскісі келіп жаяу жүріп кеткісі келді. Сөзін үші керек қазіргі тіршілігіне көңілі толмайтын.

Алғашқыда жұмыс іздеді, бірақ онысынан түк шықпады. Жолы болып жұмыс тапты. Бірақ ақшасын төлемей есін шығарды. Ақырында көтерме саудамен айналысты. Өз күнін өзі көретіндей халге жетті. Оның өзі денсаулықтың арқасында екенін біледі. Дәл қазір өзіне салса, анау алыстау бөктеріне барып, үй сап өскен қалың шөптің үстіне жатып аспанда қалықтап жүзген ақша бұлттарға қарап өмір туралы ойға берілгісі келді.

– Көңіл күйі онша емес қой деді серігі.

– Жай ойланып.

– Ойланатын не бар барамыз қолына ақшасын ұстатамыз аларымызды алып, қайтамыз.

– Айтқаның келсін.

– Ол жағын саспа айтпақшы Тоқтардан қарыз ақшанды алдың ба?

– Жоқ жұлындап жартысын берді ау соңында.

– Онысына рахмет деп машинаның айнасына қарап қойдыда жылдамдығын күрт азайтты.

– Асығып қайтеміз — деді Қанапия. Айбар жаңағы жанына жайлы ой желісінен айырылып қалды. Қайтадан басына өзін әбден жалықтырған ойлар келді. Анадан алшын біреуге сатам. Қанапия темекі тартқандықтан кабинада түтін исі сезілді. Айбар желдету үшін кабина есігінің шынысын төмен түсірді. Қанапия тағыда машинаның артқы жолын көрсететін айнаға қарап қойды. Оларды қара түсті шетелдік жеңіл машина басып озғаннан кейін, Қанапия машинаның жылдамдығын өсіре түсті. Көңілдене түсті.

– Қолым қышып тұр — деді.

– Пайда табасың.

– Дұрыс айтасың

– Асықтың ғой-деді Айбар.

– Қаз бұрыламыз келіште қалдық-деді Қанапия. Біраз кейін машина тас жолдан бұрылып қара жолға түсті. Жолдың екі жағында етене өскеншілікпен сирек ағаштар көрінеді. Біраздан кейін жол ойлы шұңқырлы болды. Олар бейне толқынды күні көл үстінде қайықта жүзгендей екі жақтарын шайқады Айбар басын соғып ала жаздады.

– Ой ақырын деді.

– Асықпаса болмайды деді Қанапия. Аспанды қайтадан бұлт торлай бастады. Айбарға бағанағы мазасыздаған көңіл күйі қайта оралды. Ақша салған төс қалтасын сипап қойды. Бағанағы орындалмайтын арманға ұқсас сезімге бой бергені іштей өзіне-өзі ұялып қалды. Қазір шибөрлердің заманы. Бір сәт босансаң болды лезде талап жеп қояды. Қолымен жан қалтасында тапанша салған қалтасын сипап қойды. Машина еністен төмен түсіп сула бастаған арықтан өте барып тоқтады.

– Бой жазып алайық деді Қанапия. Айбар жерге түскенін біледі. Сона соң қатты соққыдан есі ауып құлап қалды. Қаша уақыт өткенін білмейді. Есін жиганда арқасынан өткен жердің сызы сезілді. Көзін ашқанда бұлт торлай бастаған көкшіл аспанмен дымқыл жер иісімен сылдырлай аққан бұлақ суының дыбысы естіді. Бір таң қалғаны көңіл түкпірінде қуанышқа ұқсас балаң сезім легін сезді. Өзін

жаңа туғандай сезінді. Бір сәт осы өмірдің адамға берер жоқ күйбегінен құтылып өмірдің мән-мағынасына бір сәт болсада көз жеткізгендей болды.

— Анау өліп қалған жоқ па деген Қанапияның даусы естілді.

— Өлсе анау жырадан топан суға лақтыра салу керек деген бейтаныс дауыс.

— Айттым ғой саған ақырын соқ деп талай уақыт есін жиалмағанына қауіптеніп тұрмын деді Қанапия.

— Мен қазір білейін деді бейтаныс дауыс. Айбар бұл кезде есін жиып алған еді. Төс қалтасының түймесі ағытылған ақшасы жоқ. Бірақ жан қалтасындағы тапаншасы орында екен. Тапаншасын алып шүріппесін атуға дайындалды. Келе жатқан адамның қолында сүймен темірі бар. Жанына келгенде Айбар дәл маңдайына атты. Ол сүрінген адамдай бір қадам басып ек бетінен құлады. Атылған мылтықтың дауысын естіп Қанапия таңырқап қарап қалды да қашуға ыңғайланды.

— Тоқта деп айғай салды Айбар.

— Ат ба деп бейне жыбын шіркейді қуғандай қолын сермеп Қанапия.

— Бері кел деді Айбар, жанындағы тастың үстіне отыра кетті. Басы айланып құсқысы келді.

— Жаздым жаңылдым деді кешірші деді Қанапия.

— Әкел ақшаны. Қанапия қолы дірілдеп ақшаны жанына әкеп қойды.

— Бұл менің бесжұзмың теңгем сенікі қайда?

— Менікі жоқ. Сөзді айтып үлгермеді жүрекке тиген оқтан жүреле отыра кетті де шалқасынан құлады. Тасада тұрған шетелдік машинамен Айбар қайтып келе жатты. Аспанды бұлт торлап жауын жауа бастады. Көк жиегі тарыла түскен. Маңайды тас-түнек қараңғылық тұмшалай бастаған еді.

АУРУ ӘЙЕЛ

Қыстың аязды күні. Күн ашық, тек желсіз тынық болғандықтан, аяздың ызғары онша сезілмейді. Басқан сайын аяқ астында қар сықырлайды. Үйлердің мұржасынан шыққан түгін тік көтеріледі. Күннің тынықтығы сондай, ағаш бұтақтарына қонған мамық қар жерге түспейді, бірақ күн сәулесімен ұштасқан шағылысы көз қаратпайды.

Үй алдына шыққан Садықан әлі із түспеген омбы қарды көпке дейін күрегісі келмей күрегіне сүйеніп маңайына қарағыштап біраз тұрды. Мұндайда көршісінің ауласына еріксіз көзі түсетін. Есік алдындағы қары күрелген, отыны бұталған. Ретсіз жатқан бір шөп байқалмайды. Үй мұржасынан түгін бұйраланып будақтап шығады. Садықан есік алдын тазартпақ болып, жиналған қарды күрей бастады. Ал әйелі осы кезде ғана пеш жағуға кірісті. Түн ішінде бөлме іші аңырап суып кеткен болатын. Садықан үй шаруасын көңілі түскенде ғана қолға алады. Кейде апта бойы қолы тимей кететін кездері бар. Ондай кезде есік алды қоқсып, қобырап кететін. Содан баяғы әйелі сөйлейді, амал жоқ, қолына еріксіз күрегі мен балтасын алады. Обалы не, бір істесе жапырып тастайтын жақсы әдеті бар. Ондайда әйелі басу айтатын:

— Болды, болды, демінді ал. Қалғанын кейін істейсің, — дейді.

Садықан көршісі Асқармен әр кездескен сайын негедүр бойын бір жайсыз сезім баурап алады. Ашылып бір нәрсе айтайын десе, көршісі көп сөйлемейтін бір тоға адам. Қай уақ көрсе де бір шаруасын шұқылап тындырып істеп жүреді. Кейде қол бұлғап шақырып алатыны бар.

— Көрші, кіріп шықпаймысың?

Садықан үйін айналып өтіп көршісі шақырған жерге барады. Сонда Садықан көршісінің қора-жайын, есік алдын тап түйнақтай таза, жинақы ұстайтынын көріп таң қалатын. Өзгеде жоқ өзгеше бір жинақылық.

— Өзің естіген боларсың, әйелім ауру. Содан ба, кейде көңілім жабырқап, бойымды тіктей алмай, бей-жай болып

біразға дейін жүрем. Создің шыны керек, үйден гөрі сыртта көбірек жүргенді жақсы көрем. Тек жұмыста ғана жаным жай тапқандай күй кешем.

— Шет жағасын естігем, көрші. Емдет. Қазір жазылмайтын сырқат сирек.

— Емдетпей жүргенім жоқ, жақсы деген дәрігерлерге апардым. Жылда шипажайларға, демалыс орындарына барады. Ауру жағдайын түсінсем де, тілі құрығыр жаман-ау...

— Ауруы жанына батқан соң артық-кем айтар, көңіліңе алма, көрші.

— Соңда да іштегі шерді біреуге айтып тарқатқың келеді екен. Садықанның былайғы жұрттан көршісі туралы әр түрлі қаңқу сөздерді талай естігені бар. «Ауру әйеліне күн көрсетпейді-мыс» деген секілді. Бір айтарлығы, таныс жұрттың біразы осындай жөнсіз сөзге сенетіні қызық. Көршісін сөзге айналдырып, көңілін көтергісі келді.

— «Ауырып тұрдым, аунап тұрдым» деген бар емес пе, түзеледі, жақсы болып кетеді.

— Айтқаның келсін.

Асқардың әйелінің жылтыраған жүзіне қарап, ауру деуге болмайды. Тек қысы-жазы тұмшашаланып қалып киініп жүреді. Таныс біреулермен кездесе қалғанда жорта ыңқылдап жөтеле қалады. Қандай аурумен ауыратынын өзінен басқа ешкім білмейді. Біреулер өкпесі, бауыры десе, енді біреулер жүрегі ауырады екен дейді. Бірде Садықан оның біреуді жерден алып жерге салып балағаттап жатқан даусын естіді. — Оңбаған доңыз. Мен өлгенде босаған жерге егін егемін деймісің? Асқардың жүрегін ұстап, тәлтіректей басып есік алдында жүргенін көрді. Жаздың күні болатын. Арқадан ыстық аңызақ жел соғып тұрған. Көк жиегін шұбар шарғы бұлттар тұмшалап алған. Көшеге шыққан адам лезде көлеңке жер іздейді.

— Көрші, бәлкім, біздің үйге кіріп шығарсың. Әңгімелесіп дегендей аз-кем отырамыз. Садықан тоңазытқыштан бір «жартылықты» шығарды. Сыртта күн ыстық болғанымен бөлме іші қоңыр салқын.

— Жоқ, жоқ, мен арақ ішпеймін. Салқын айраныңыз болса, бас тартпаймын, — деді Асқар.

Үй ішінде жым-жырт тыныштық орнады. Тек жұмыс істеп тұрған тоңазытқыштың гүрілдеген даусы естіледі.

— Шыдамым шегіне жетті. Өзім шыдасам да, жүрегім шыдамас, — деді Асқар. Садықан үндемеді. Өйткені ол мұндай жағдайда не айтарын білмеді.

— Салқын айранды сіміріп-сіміріп алыңыз, ашуыңыз басылады.

— Інішек, қай нәрсеге де көңілің толмайды екен. Неге десең, болмашы нәрсеге аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады. Басылама десең, күн өткен сайын өршіп барады. Қоятын түрі жоқ. Не істерімді білмей жүрмін. Кейде бәрін тастап, басым ауған жаққа кетіп қалғым да келеді. Бірақ, ауру адамды осындай жағдайда тастап, күнәкер болғым келмейді...

Садықан сол бір кездесуден кейін көрші үйіне қараса болды, көңілін қайдағы бір жайсыз сезім баурап алатындай сезінеді. Көшеде талай көргенде жанына барып жігер беретіндей жылы сөз айтқысы келеді, ұнатпай жүрер деп айта алмады. Асқардың кейде есік алдында көктегі бір нүктеге ұзақ қарап отыратынын да байқаған. Көршісінің осындай мінездерін көре жүргендіктен бе, оның ішкі жан дүниесін өзінен басқа жан білмейтін тәрізді. Ал, көрші-қолаң болса, Асқардың әйелінің жазылмайтын жаман ауруға шалдыққанын, күйеуінің оғаш мінезінен денсаулығы күн сайын нашарлап бара жатқанын айтумен болды.

— Апыр-ай, мына көршіміз әйелінің айтқанына қарағанда, ауру адамға күн көрсетпейтін көрінеді ғой, — деді әйелі бір күні.

— Сен сол кісінің біреуге қатты сөз айтқанын естідің бе? — деді Садықан шыдай алмай.

— Жоқ.

— Ал мен әйелінің аузына келгенін айтып Асқарды тілдегенін өз құлағыммен талай естігем. Ол жаман кісі болса, шаруасына қалай мығым, ісіне шебер болады?

— Ия, қора-жайы, үй маңайы тап-тұйнақтай таза, сөз жоқ, — деді әйелі келісіп.

— Ол жаман кісі болса, әйелін жылына екі рет емделсін деп бар қаражатын төгіп курортқа жіберер ме еді? Әйелі енді үндей алмай қалды.

Соңғы кезде көршісінің көңіл-күйі бұрынғыдай болғанымен баяғыдай қол бұлап шақырып сөйлеспейтін болды, тіпті тұйықталып кеткендей үнсіз, өзін өзгелерден аулақ ұстауға тырысатындай күйде жүрген секілді. Көршісінің осынау тосындау көрінген қылығына ойлана бастаған Садықан кейде Асқардың ауласына алыстан көз салып қояды. Сондайда жұмыстан қолы босаған көршісінің сол бұрынғыдай аула ішін реттеп жүргенін көретін.

Көршісі күздің бұлыңғыр бір жауынды күні аяқ астынан көз жұмды... Көрші болған соң, Садықан өз әлінше барын салып көмектесті. Бірақ, әйелі Асқардың қырық күндік асынан кейін-ақ боянып, сыланып шыға келді.

— Анадай күйеумен іш құса болған байғұс қайтсын енді, дегендер де болды. Мына жүрісіне қарағанда, баяғы ауруынан құлан таза айығып кеткен тәрізді. Сөйтіп жүргенде күйеуінің жылына жетпей-ақ өзінен біршама жас жігітке тұрмысқа шықты. Ал есік алды, аула іші ыбырсып жатты. Өйткені оларды жинайтын жан жоқ. Кейін жұрт Асқардың әйелінің жас күйеуімен қосылып арақ ішетінін де білді...

СЫРЫН ШАШЫП

Күз басы. Әлі жұма бойы толастамайтын жауын жауа қойған жоқ. Күн жазғы қызуын бойына сақтаған. Тек түндер салқын. Шөп бетіне шық түседі. Бұл кез жұртты қыс қамына дайындыға қызу кіріскен. Базардағы жеміс-жидектің арзан кезі. Қала шетіндегі кейбір үйдің қорасында үйілген шөп көрінеді. Одан әрі бозымықтанған төбелермен жан-жаққа тарамдана тараған жалғыз аяқ жолдар, өрмекшінің аяғына ұқсайды. Қапан бүгін төсектен ерте тұрды. Ояна салысымен кешегі күн есіне түсіп ұйқысы шайдай ашылып сала берді. Әншейінде өзіне-өзі риза болған тоқ сезімнің орнына, үрейге ұқсас жайсыз көңіл-күйде болды. Бейне үйі өртенгендей төсегінен асығыс тұрған. Есік алдына шыққанда солған

шөптің иісмен діңкес салқын ауа лебін сезді. Неге екенін білмейді көзіне көктемгі түсін жойған бозғылт төбелерін көрді. Тіпті сол жақтан соққан желден аспанға сарғыш мұнар көтерілгендей болып көрінді. Кешегі күні есіне түсіп өкініштен ыңырсып кетті. Бәрі мақтаншақтың кесірі. Көңіл-күйінің алаң-сапраны шыққан сондай тіпті күнделікті тіршілікке керек шаруасын істеу былай тұрсын ойлануға шамасы келмеді. Үйге келгенде әйеліде төсектен тұрыпты. Тәрізі қапан шұғыл шаруасы болғанан соң бір жаққа кетіп қалды деп ойласа керек.

— Шәй дайын ба? деді Қапан

— Қазір дайын болады деді әйелі. Шәй көңілсіз ішілді. Адам кейде өзінің мінезінен келеңсіз жағдайға тап болуы мүмкін. Есіне неге екенін білмейді сотталып кеткен көрші түсті. Арақ ішпегенде одан момын жайдары адам жоқ. Ақыры ішіп алып жазықсыз біреуді соққыға жығып, сотталып кетті. Басқа оғаш мінездерінен опық жеген адамдар есіне түсіп, көңіл-күйі одан сайын құлазып кетті. Есік алдына шыққанда аспан төріне жинала бастаған алашұбар бұлтты көрді. Күн жексенбі болғандықтан базар жаққа кетіп бара жатқан жұрттың легі көрінді. Өзі де сол жаққа барып бітіретін шаруасы бар еді, бірақ неге екенін білмейді бас тартты. Сол күні кешке жексенбі күнін мағынасыз өткізгеніне өкінді. Өзімен өзі қалғанда кешегі күнді ой елегінен өткізді. Өзінің кейде көңіл-күйі асып-төгілгенде оңды-солды арақ ішіп алатын әдеті бар. Ойда жоқта Тоқтасынның кездесе кеткені бар емес па? Онында көңіл күйі көтеріңкі. Екеуі біраз сілтеген. Бірақ талай жылдар бойы тірі жанға сездірмей сақтап келе жатқан сырын Тоқтамысқа ақтара салғанын түсінбейді. Көңіл түкпірінде болар-болмас үміт ұшқыны қышаң береді. Мүмкін ұмытып кеткен шығар. Қанша айтқанмен менімен кездескенде Тоқтамыс қызу болатын. Тек осы ой ғана көңіліне медеу болды. Арада біраз уақыт өтті. Анау кездегі жылы шырайлы күздің күні бұзылды. Аспанды бұлт торлап жаңбыр жауды. Қала сыртындағы бозғылт төбелерді тұман көлегеледі. Түн суып судың бетіне шыңылтыр мұз қатты. Осындай күні Тоқтамысты кездестірді. Қапан байқамай өтіп бара жатқан.

— Қапан деді көшені басына көтеріп айғайлап. Жалт етіп бұрылып қарағанда Тоқтамысты көріп жүрегі зырқ ете түсті.

— Қалың қалай. Өзің байып кеткенсің бе? Мені байқамай өтіп бара жатырсың ғой.

— Жоқ оның не деді Қапан мұңгірлеп.

— Ой анау күні басып жіберіпсіз.

— Әй қойшы. Егер аздап болса Төкенді алдап түсіргенінді айтпас едің ғой. Бұл сөзден Қапан төбесіне біреу суық су құйып жібергендей сезінді.

— Ой бозарып кеттің ғой. Ешбір жанға айтпаймын. Әй қусың ғой. Айтпақшы мен саған сенем мен сенен қарыз ақша сұрайын деп келдім.

— Ала ғой деді Қапан. Іштей бұл қадамның оғат екенін сезседе.

— Апырай сенің жігітшілік жасайтыныңды біліп едім деді Тоқтамыс қолын уқалап. Қапан Тоқтамыстан оңай құтылмайтынын сезді. Айтқандай қыстың басында үйіне іздеп келді. Бұл жолы түрінде мүләйі кейіп бар.

— Ұлым үйленейін деп жатыр. Ана жолғы қарыздың үстіне қосып төлеймін деді де қомақты ақша сұрады. Қапан ойланып қалды. Іштегі ашу ызасын әрең тоқтатты.

— Апырай деді қиналып.

Білем-білем саған бұл шешімнің оңай тимейтінін сезіп едім. Амал жоқ шарасыз жағдай болғансоң өзіңе келіп отырмын. Және сенің елде жоқ жомартығыңды білемін деп құйрығына көпшік қойып. Қапан бұл жолыда сұрағанын берді.

— Жазып қой ұмытып қаларсың деді Тоқтамыс қулана жымыйып. Қапан Тоқтамыс шығып кеткенен кейін өзін қоярға жер таба алмады. Орнынан бір тұрып отырды. Ақыры тыныштана алмаған соң есік алдына шығып арлы-берлі талтаңдап жүрді. Жаздың жайма-шуақты тамаша күні еді. Қала сыртындағы тақыр көк орайға бөленген Аспанда ақ шарпы бұлтар жүзіп жүр. Құстың қауырсынын ғана ұшыруға шамасы жететін самал жел соғып тұр. Мұндай күнде мейірің қалғанша таза ауаны жұтып қыдыра бергің келеді. Қапан тілінің арқасында жан тыныштығынан айырылып бейшара күйге түскеніне өкінді. Тоқтамыстан

қалай құтыларын білмеді. Тіпті басқа жаққа көшіп кеткісі келді. Бірақ туған жерін жора жолдастарын таныстарын тастап қайда барады. Тіпті барған жақтарында тұрмыстары тарылып кетпесіне кім кепіл? Енді үйінде болғанда ішінен жауып алатын болды. Тоқтамысты алыстан көрсе бұрылып кетеді. Арада бірнеше ай өткенен кейін жұрттан өзінің жұрттан Тоқтамыстың өзін іздеп жүргенін естіді. Бірде үйін іздеп келгенде есікті ішінен жауып алып шықпай қойды. Ертеңінде көршісінен Тоқтамыстың ашу ызадан жарыла жаздап іздеп жүргенін естіп үйіне өзі іздеп барды.

— Тоқа мені іздеп жүр деп естідім

— Иә көршің айтқан болар.

— Иә

— Апырай адамдар мұнша ұсақталып кетеді екен. Қай қазақ үйіне іздеп келгенде есікті іштен жауып алады.

— Бұл қылығың масқара ғой. Атамыз қазақ кеңпейіл қонақжай халық емес пе деді Тоқтамыс өзіне тесіле қарап. Қапан сасқанынан ештеңе айта алмады.

— Әлде қарызымды бермейттеп ойлап жүрмісің. Береміз қырдағы туыста малдар бар сатамыз. Керек болса үйімді сатам. Біреудің қарызын мойныма артып о, дүниеге аттанар жайым жоқ деп Тоқтамыс желпініп.

— Қойыңыз Тоқа үйдеп айтпаңыз деді Қапан жалыншты дауыспен.

— Айтпағанмен сезіп тұрмын

— Тоқ етер қандай шаруамен мені іздеп келіп едің деді Қапан.

— Бағанадан бері солай демейсің бе. Құдаларымды қонаққа шақырып едім соған қой керек еді деді Тоқтамыс беті бүлк етпей. Бұл жолда Қапан айтқан шаруасын тындырды. Бірақ өзін әзер ұстады. Бұлай көпке созыла бермейтінін сезді. Ал Тоқтамыс сырын елге жария ететінін біледі. Бәрінен де елге масқара болғанынан қорқады. Тоқтамыс осы алғанымен тоқтамайтынын іші сезіп тұр. Қапанның ұйқысы қашып, жеген тамағы желім болды. Шаруасының қиуы кетіп селқос қарап тіпті жалқауланып кетті. Оның мінезіндегі өзгерісті әйелі де сезді.

— Науқастанып жүрген жоқсың ба деді бірде

— Жоқ деді немкетті дауыспен.

— Түрің онша емес мінезің де өзгере бастаған. Оңаша қалғанда қазіргі жұрттың тым тым қуланып тақыстанып бара жатқанын ойлады. Адамның бойынан болар-болмас әлсіздік көрсе іс бітті дей бер. Өзімен көрші тұратын марқұм Сапар көңілшек ұрман-бермен бақайшақ есебі жоқ болатын. Кісі көңілін қалдырғысы келмейтін. Немере інісінің арқасында осы маңда жұртта болмаған бақ-дәулет басына қонды. Егер ұқсата білсе бұл маңайда жоқ бай болып кетер едім. Бірақ бәрі керісінше болды. Басына қонған дәулет пәле болып жабысты. Қайдан пайда болғаны белгісіз жора жолдастары туыстар тіпті жүзі таныс кісілер үйінен шықпады. Үйінде болар-болмас жай үшін күнде жиын күнде той. Далбаңдап анаған мынаған көмектесті. Ақыры бітпейтін болған байлығы суалды. Өзі ішіп кеткенін байқамай қалды...

Күздің суық күні болатын. Аспанды бұлт торлағн. Ызғарлы жел еттен өтіп сүйекке жетеді. Түстен кейін жапалақтап қар жауа бастады. Қапан үшін биылғы жаз сәтсіз болды. Шаруасы алдыға баспады. Сауда жасап еді жолы болмады. Үй салам деп жер сатып алып еді. Оныда бастай алмады. Қапанаға соңғы күндері бір келкі сүреңсіз болып өтетіндей болып көрінді. Әсіресе Тоқтамыспен кездесуден қорқады. Тіпті көшеге себепсіз көп шықпайды, шықсада орталық көшеде жүрмеуге тырысады. Алыстан Тоқтамысқа ұқсас біреуді көрсе қалтарыс таса жерге бұрылып кетуге тырысады. Өмірде пайда болған бұл жайсыз жайдың түйінін шешкісі келеді-ақ. Бірақ істер амалы жоқ. Бірде үйінде шаршап шалдығып келіп көңілсіз ойға беріліп жатқан. Кенет есікті біреу қақты. Ашқанда Тоқтамысты көріп жүрегі зырқ ете қалды.

— Күтпеппе едің деді Тоқтамыс

— Жоқ

— Жоғары шық демеймісің

— Төрлетіңіз

— Солай десеңші. Өзің немене үйде көміліп ешқайда шықпайтын болғансың ба? Кездескен таныстарымнан сұрасам көрдік жүрген дейді. Жарайды көп сөйлеп не керек. Менде сенен бұйымтайым бар. Тіпті өзіңе айтуға бата алмай тұрмын.

— Айта бер деді Қапан күңж етіп.

– Сен жақсы жерден үй салатын, жақсы жер алыпсың деп естідім. Барып көрдім. Маған ұнады. Сол жеріңді маған берсең. Әрине тегін емес. Сонан соң сенің барлық қарыздарыңды жиып теріп беріп құтыламын деді беті бүлк етті. Қапан өзін әрең ұстады қаны басына тепкенін сезді. Тіпті базардағы ішкіштер сияқты қолы дірілдеп кетті.

– Не болды деді Тоқтамыс.

– Түкте болған жоқ. Тек аздап тұмау тиіп еді деді миңгірлеп.

– Ештеңе етпейді бұрышқа арақты қосып тартып жіберсең кетіп қалады деді Тоқтамыс бастырмал атып.

– Ей не дейсің жоғал көзіме көрінбей деді Қапан шыдай алмай.

– Саған не болған деді Тоқтамыс түріне таңырқағандай кейіп беріп.

– Жоғал жаныңның барында. Әйтпесе өзімді ұстай алмауым мүмкін.

– Апырай осы сөзді ойланып айтып тұрсың ба?

– Ойланайын ойланбайын онда шаруаң болмасын жоғал сені көргім келмейді.

– Жарайды айтқаның болсын деп Тоқтамыс есікті сарт етіп жауып шығып кетті. Қапан маңдайынан біреу ұрғандай не айтарын білмей тұрып қалды. Тіпті Тоқтамыс қуып жетіп жалынып- жалпайып тоқтатқысы келді. Бірақ онысы оғаш қадам болатынын сезді. Осы өмірдегі сәтсіздіктерін аумалы-төкпелі мінезімен көңілшектігінен көретін. Бірде өзін тастай қатты, бастаған ісін бітірмей қоймайтын қайтпас қажырлы адамдай сезінсе: бірде көңілшектігінің кесірінен мысқылдап жинаған байлығынан леплезде айырылып шыға келетін. Осындай жағдай басында сан рет болды. Бағанағыдай емес күн ашыла бастаған сияқты. Тұман сейілген. Көзді ашып жұмғанша көкжиек кеңейе түсті. Қапан өзін тығыз шаруаға асыққан адамдай, өзі дәл бір құз жартастан суға секіргелі тұрған адамдай сезінді. Жоқ Төкенің алдына барып қатесін мойындамаса болмайды. Ақылды кісі ғой айтқанымды түсінер. Мүмкін кешірер. Бәрінен де Тоқтамыстан құтылады. Бұл ойдан көңіл қошы көтеріліп тіпті ыңылдап өлең айтқысы келді. Кенет Тоқтамыстың өзінен Төкенге барып айтуы мүмкін

ғой. Маңдай тері бұрқ ете түсті Асығыстан есік алдына атып шықты. Күн бұзылыпты. Бетіне ызғырықты суық желмен жаңбыр тамшысын сезді. Асыға басып автобус аядамасына жетті. Біраз күткенен кейін шыдай алмай такси тоқтатып Төкенің үйіне қарай жол тартты. Енді жете бергенде алдынан Тоқтамыс шықты.

— Бар сені Төкең күтіп отыр деді қарқылдай күліп.

КӨК МИ

Таңертең күн сәулесі көк жиегі қызыл арайға бөленгенде, қаланың шетінде тұрған үйдің мұржасынан қою түтін будақтап шыға бастайды. Түтін түсі қара-қошқыл. Кейде күн сәулесімен күлтенеліп шеті қызғыл түске бөленеді. Сол үйден жүгіре шыққан кісінің таңартеңгі жаттығу жасап жүргені көрінеді. Тәріз осы көшенің иттеріне шейін жақсы білетін сияқты, ешқайсысы үрмейді. Бұл осы үйдің иесі Садықан еді. Таңартеңгі жаттығуын жасап, суық сумен шайынғаннан кейін үйіне кіреді. Садықан осы үйде бала кезінен тұратын. Осы жалғызбасты жігіттің қала жұртшылығына мінезі қызық болып көрінетін. Жоқ, арақ ішпейді, темекі тартпайды, жұрттың дабыра тіршілігінен алыста жүрген жан. Поштадан түстен кейін газет алып бара жатқанын көретін. Оның көп оқитынын білетін. Осы қаланың той мерекесінен қалмайтын. Бірақ өзі қатыспайтын, сырттан бақылап тұратын. Бойындау төбелестен аулақ салатын. Осы және басқа қылықтарын жұрт келемеждеп күлетін. Оған назар салып жатқан Садықан жоқ. Жұрт оның Россияның мықты институтында оқып жүргенде шешесі қайтыс болғандықтан қайтып келген. Одан соң мектеп жасында қарындасын бой жеткізіп, оқытып тұрмысқа шығарғанын білетін. Үйінде болдағандар қашанда есеп шығарып отыратынын көретін. Экзаменға дайындалып отырмысың бітіретін оқуды әлде қашан тамаңдаған жоқбысың деп таныстары қалжыңдайтын.

— Өмірде өзімді спорт бабында ұстау үшін керек дейтін. Садықан мектепте істеген. Алғашқы жылдары әпежептәуір табысқа жеткен. Бірақ шындықты бетке айтатын мінезінен опық жеді. Шындықты бетке айтқанды кім жақсы көрсін. Оны жұмыстан кетіру жолын айлакер кәрі завуч ойлап шығарды. Сынып бөлінген кезде ең үлгерімі нашар балаларға сабақ беруді Садықанға жүктеді. Сол кезде ауданнан оқу үлгерімін тексеруге комиссия келеді. Әрине Садықан сабақ берген сыныпты тексереді. Тексеру қорытынды бойынша аудандық мұғалімдер кеңесінде сөз болады.

— Сұмдық! — деді аудандық оқу бөлімінің басшысы.

— Көк ми оқушылар болмайды көк ми мұғалімдер болады, — деді сөзін қортындылап. Содан бері оған «көк ми» деген лақап ат тағылды, намыстанып жұмыстан шығып кетті. Бірақ мұнысы қателік еді. Оны еш жерде жұмысқа алмады. Оның үстіне оны жамандаған өсек сөздер көбейді. Ондай сөз оқуды сырттай бітірген сауатсыз мұғалімдерден шықты.

— Ол институтты оқи алмай шығып кетіпті-мыс.

— Оның шығарған есептері программада жоқ. Тіпті оның басынан шатасқан дегендері болды. Бірақ күндердің күнінде Садықан жұмысқа түсетіне сенімі мол болды. Өзі жұмыс талғамайтын. Қолына түскенін істей бертін, еңбекқор болатын. Еріксіз үлкен қалаларда ел жер көріп, кішкентай қалаға қайтып келіп құрып кеткенін талай көрді. Ақын Тоқтар мектеп бітірмей жатып, елді өзінің өлең-жырымен елең еткізген. Болашағынан зор үміт күттірген басында солай болып көрінді. Оқудан қайтып оралғаннан кейін аудандық газетке жұмысқа орналасты. Бірақ ішкілікке салынды да кейін асылып өлді. Садықан осы ауданға жаңадан келген оқу бөлімінің басшыларына жолықпай кетпейтін. Бәрі бірінің аузына бір түкіріп қойғандай.

— А солайма деді тойылған майлы дауыс.

— Жұмыс сұрап келіп едім, — деді Садықан

— Қандай мамандық деді ауызын апандай ашып есінеп -Математикпін.

— Сен әлгі.

— Иә.

— Онда келмей-ақ қой сенің артыңнан сөз ерген ешкім жұмысқа алғысы келмейді.

— Жарайды рахмет!

— Неменеге рахмет айтасын, жұмысқа алғаным жоқ қой.

— Жөндеп жауап бергеніңізге.

— Сені бұл жерде жұмысқа алады деп ойлаймысың? — дейтін жақсы таныстары.

— Иә көрерсіңдер, мен өзімдікін дәлелдеймін.

— Оданда жұмыс іздеп басқа жерге барсаңшы.

— Үйімді тастап ешқайда кетпеймін. Айтқанын істеді. Ешқайда кеткен жоқ. Қапаланып ішкілікке де салынбады. Істемеген жұмысы қалмады: күзетші, құрылысшы, вагон жөндейтін заводта ағаш ұстасы болды, өрт сөндіруші, т. б. қолына түскен жұмыстарды істеді. Неге екенін білмеді жұрт осы жалғызбасты жігіттің жүріс-тұрысына күдікпен қарады. Бүгін Садықан таң-сәріден ерте тұрды. Оған себепте жоқ емес жаңадан келген аудандық оқу бөлім басшысына жолығу керек.

— Уақатың болса кіріп шық, — деген ана жолы. Киініп шыққанда ашық аспан күн сәулесі жерге мол құйылған. Көптен күттіріп келген көктемнің алғашқы мамыржай күні болатын. Көшедегі қар үйіндісі леп-лезде шөге бастаған. Жол шетінде ерінді сулар сарқырап ағып жатыр. Аудандық оқу бөліміне келгенде жым-жырт тыныштық таң қалдырды.

— Бәрі бірінші мектепте, — деді хатшы қыз.

— Бүгін келмей ме?

— Түстен кейін болмаса. Егер шұғыл шаруаңыз болса барып жолығыңыз. Садықан есік алдына шыққанда үйдің шатырынан су тамшылап тұрғанын көрді. Неге екенін білмейді көңіл-күйі көтеріліп сала берді. Дәл бүгін талайдан бері алдына қойған мақсатына жететіне сенімі мол болды. Аяғын ширағырақ басты. Көктемгі демалыс басталғаннан бері мектепті жым-жырт тыныштық басқан.

— Бәрі математика пәнінің кабинетінде отыр, — деді дәліздегі кезекші мұғалімдер. Садықан математика кабинетінің алдына күте тұрмақ болды. Кенет есік ашылып аудандық оқу бөлімінің бастығы шықты. Бұл жігіт бұрын-

ғы бастықтарға қарағанда қағылездеу қимылы ширақ болатын.

— Масқара! Бүткіл ауданның бетке ұстар ұстаздары облыстан келген тексеруші әкелген есепті шығара алмай отыр. Кенет көзі Садықанға түсті.

— Осы сіз математик емес сіз бе деді.

— Иә.

— Мүмкін сіз шығарарсыз, жұрттың сіз туралы айтқан қанқу сөздеріне қарамай.

— Көрүте болады

— Жүріңіз.

— Мына кісі де математик, — деді комиссия мүшесіне оқу бөлімінің бастығы.

— Отырыңыз. Есеп тақтада.

— Бірден шығаруға болады ма? — деді Садықан.

— Шамаңыз келсе шығарыңыз. Садықан есепті леп-лезде шығарғанда, комиссия мүшесі таңырқай қарады.

— Сізге тағы бір есеп шығаруға беруге бола ма?

— Болады. Садықан ол есепті тез шығарып, тіпті басқа да жолдарын айтып берді.

— Бұл кісі қай мектепте істейді? деді комиссия мүшесі.

— Жұмыссыз жүрмін деді Садықан

— Қалайша жұмыссыз?!

— Солай ешкім жұмысқа алғысы келмейді.

— Иә онысы рас. Артынан сөз еріп бірақ соған қарамай жұмысқа алайын деп отырмын, — деді аудандық оқу бөлімінің басшысы.

— Бүгін бұйрық шығарыңыз егер орын болмаса жетекші маман етіп қабылдаңыз.

— Құп болады! — деді аудан бөлімінің басшысы.

АВТОТҰРАҚ

Төлеген қатты ұйықтап жатып таң сәріде біреу бүйірінен біз сұғып алғандай селк етіп шошып оянды. Есік алдына шыққанда көк жиегінің енді ғана бозалаң тартқанын байқады. Уақыт тым ерте. Бірақ ол ерте тұрғанына өкінген жоқ. Біраз жүргеннен соң көктемгі салқын ауа бойын сергітіп, тіпті ұйқысы шайдай ашылды. Еріксіз есіне осыдан он бес жыл бұрын осындай таңсәріде оянғанда құрылысы әлі басталмаған алаңқайды автотұраққа айналдыру туралы ойлаған ойы түсті. Ол кез жұрттың нарыққа жаңа бет бұрған тұсы еді. Мынадай кішкене қалада автотұрақ саусақпен санарлықтай еді. Төлеген бар қаражатын құрылысы басталмаған алаңқайды тазартып ретке келтіруге жұмсағанда, оны есуас санағандар да болды. Басында біршама қиыншылықтар туындағанымен кейін жұмысы кәдімгідей жүре бастады. Нәтижесінде қалтасына басы артық ақша түсті. Енді сөзі ғана емес, жүрісі де өзгере бастады. Тіпті адамдармен таңдап амандасып, пәлсіне сөйлейтін болды. Деген осы бір кеудесіне нан піскен көңіл-күй мерекесі ұзаққа созылмады.

Әдетте, автотұраққа көліктерін көп қабатты үйлердің тұрғындары қоятын. Кейін бұл үйлердің алдында тұратын бірен-саран көліктердің қарасы көріне бастады. Төлеген олардың іргедегі автотұраққа ақша төлеп қойғысы келмейтіндер екенін іштей сезетін. Келе-келе есік алдына қаңтарылатын көліктер қарасы көбейді. Ал, бұл кезде автотұраққа көліктерін қоятындардың қатары тым азайып кетті. Автотұрақтан түсетін табыс та азайды. Нан піскен кеуде басылды. Баяғы өзгелерге өктем шығатын даусы қарлығы әрең шығады. «Көлік саны азая берсе, автотұрақты жауып тастауға тура келеді» деп ойлады.

Көктемнің көңілсіз күндерінің бірі болатын. Аспан асты тесіліп кеткендей толассыз жауын үш-төрт күнге дейін бір тынбай құйды кеп. Жауын сіркірей жауып, саябырсыған кезде автотұраққа келді. Өзін көңілсіздеу қарсы алған күзетші:

— Кеше бес кісі көліктерімізді үй алдына қоямыз деп алып кетті, — деді.

— Түсінікті, — деді самарқау сөйлеген Төлеген.

— Не істейміз? — деп тықырши сөйлеген күзетшінің сөзіне Төлеген «ойланып көрерміз» деп жүре жауап берді.

Есік алдында ары-бері біршама уақыт жүрген ол кенет есіне бір нәрсе түскендей тоқтай қалды. Осы шақта бұлт көрпесінің жыртығынан көптен күткен күн сәулесі де жарқ етті. Жарқ еткен сәуле барған сайын ұлғайып, төңірекке жылуын мольна жая түсті. «Жұлдызбайға бару керек. Бұрын неге есіне түспеген». Көңіл шіркін көк дөнен шалқып сала берді.

Жұлдызбаймен бір кезде жақын араласқаны бар. Еті тірі, қай нәрсеге де икемі мол. Жоқтан бар жасауға шебер. Ана бір жылдары біреуден қарызын ала алмай әбден қиналып жүргенде, барғаны бар. Сонда көргені — кең қоршалған там үйдің маңы үйілген кірпіш, құрылыс жабдықтары. Сол жолы ол келген шаруасын лезде бітіріп берген еді. Қарыз алған адамын кешірім сұратып, аяғына жығып бергені бар. Тағы бір жұмысы шығып екінші рет барғанында үйін танымай қалды. Бұрынғы мыжырайған тамның орнына екі қабатты ақ шаңқан үй бой көтеріпті. Аула ішінде арсылдай үрген иттің даусы естіледі. Бұл жолы иттің даусы естілмеді. Бірақ Төлеген аулаға кіре берісте бейне камераның тұрғанын байқап қалды. Қақпаны ашқан қызметші жігіт Жұлдызбай отырған бөлмеге бастады. Ескі досы бұл жолы да жақсы қарсы алды. Аман-саулықтан соң Төлеген келген шаруасын айтты.

— Жұрт бұрынғыдай көліктерін автотұраққа емес, көбінесе үйлерінің алдына қоятын болды. Жұмысым жүрмей қалды. Не істерімді білмей, өзіңмен ақылдасуға келдім, — деді.

— Ойланып көрейін. Өзің білесің мен үшін шешілмейтін шаруа жоқ. Бірақ, оның бағасы да қымбат. Жағдайың көтере ме?

— Сұрағаныңды берейін, — деді келісімге амалсыз көнген Төлеген.

— Онда келістік.

Көктемнің шуақты күндері басталды. Анау кездегі толассыз жауған қара жауыннан кейін аспан ашылып, күн жалдырап сала берді. Адам аяғы баспаған жерлердегі көк қаулап өсе бастады.

Жұлдызбаймен сөйлескеннен бері Төлегеннің көңілі күйі көтеріңкі, бойы сергек, ойы алаңсыз. Автотұраққа бұрынғыдай жиі бармайды. Төлегеннің мына тосын мінезіне автотұрақтағы күзетші де таңырқай қарайды. Өйткені автотұрақтағы көліктер саны күн сайын азайып барады. Бір келгенінде күзетші:

— Бүгін тағы үш көлік иесі машиналарын енді осында қоймайтындарын айтып алып кетті, енді қайтеміз, Төке, — деді.

— Бір жөні болар, — деп Төкең де жүре жауап берді.

Арадан бір жұма өткенде кешке жақын автотұраққа жақын жердегі бес қабатты үйдің жанында тұрған бір көлік өртенді. Жұрт мұны алғашында кездейсоқ оқиғаға жорыды. Көп ұзамай екінші машина өртенгенде көлік иелері енді машиналарын автотұраққа қоя бастады. Енді үй алдында тұрған көліктердің дөңгелектері мен қосалқы бөлшектері де ұрлана бастады.

— Бүгін автотұраққа бес машина келді, — деді Төлегенді көңілді қарсы алған күзетші.

— Дұрыс, — деді Төлеген де түк білмегендей.

Ал Жұлдызбай автотұраққа келгенде машиналар қарасы көбейіп қалған еді...

МАЗМҰНЫ

Әңгімелер

ЖЕКПЕ-ЖЕК.....	3
ТОПАС ОРТА.....	10
ТЕЛЕФОНДАҒЫ ДАУЫС.....	12
СЫЛТАУ.....	16
ШІРІГЕН БҰТАҚ.....	18
САҒЫНЫШ.....	36
ӨКПЕШІЛДЕР.....	38
КҮМӨНДАНУ.....	40
ҚАЙДА БАРАДЫ.....	44
ГҮЛ ҚАЛА.....	46
БҰЗАУ, ӨГІЗШЕ, БҰҚА.....	51
СОҒЫМ.....	56
АТАМНЫҢ ӘНІ.....	59
ҚАҢБАҚ.....	60
БАСТАУ.....	63
ХАБАРЛАНДЫРУ.....	65
СЕРІКБАЙДЫҢ ӘЛЕГІ.....	68
АҚША ЖИНАУ.....	72
ПАРА.....	74
АҢЫЗАҚ ЖЕЛ.....	76
АТАУ КЕРЕ.....	77
ТІРЛІК.....	81
БІРДЕ БІР.....	83
АУРУ ӘЙЕЛ.....	87
СЫРЫН ШАШЫП.....	90
КӨК МИ.....	96
АВТОТҰРАҚ.....	100

Жеңісхан КЕНЕСАРИН

Қапшағай

әңгімелері



Редакторы *Саят Қамшыгер*
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*
Суретші *Нұрмұхамбет Наурызбаев*

Қалпы 84x108^{1/32}. Қағазы офсетті.
Қаріп түрі «DS Baltica». Шартты баспа табағы — 6,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 28

Қазақстан Республикасы, 050000,
Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.
Тел.: +7 (727) 261 60 67, факс: +7 (727) 261 62 13.

«Полиграфсервис» ЖШС. Алматы қаласы, Зеленая кошесі, 13 «А»,
тел.: +7 (727) 233 32 53



**Жеңісхан
КЕНЕСАРИН**

Қапшағай
әңгімелері